Проблема исследования заключается в противоречии между необходимостью с целью активизации параллельного освоения программного материала теоретического и практического характера на занятиях внедрения электронного учебного пособия по предмету «Физическая культура» в вузе и неадекватным научным и методическим сопровождением этого процесса.

Цель исследования – теоретически и экспериментально обосновать эффективность внедрения электронного учебного пособия на занятиях по предмету «Физическая культура» в школе.

Задачи исследования: 1. Определить современные аспекты применения информационных технологий в сфере физической культуры.

2. Разработать электронное учебное пособие «Физическое воспитание в вузе»

3. Провести педагогический эксперимент по реализации электронного учебного пособия «Физическое воспитание в вузе» на занятиях по физической культуре.

4. Обосновать эффективность внедрения электронного учебного пособия на занятиях по физической культуре в вузе.

Методы и организация исследования. Исследование проводилось в три этапа в течение 2018-2019 учебного год. На первом этапе (сентябрь – декабрь 2018 года) проводился анализ научно-методической литературы. Посредством него был сформирован научный аппарат исследования. На втором этапе (январь – май 2019 года) был проведен педагогический эксперимент по внедрению электронного учебного пособия «Физическое воспитание в вузе» на занятиях по физической культуре. На третьем этапе (июнь – август 2019 года) разрабатывался математический аппарат, позволивший обосновать достоверность эффективности внедрения электронного учебного пособия на занятиях по физической культуре в вузе.

Для разработки электронного учебного пособия использована среда программирования Borland Delphi 6, и программа Microsoft Office FrontPage 2003.

Для проведения педагогического эксперимента были использованы рекомендации Ю.Д. Железняк, П.К. Петрова [14, с. 73]. В качестве критериев эффективности внедрения электронного учебного пособия явились следующие показатели: 1) уровень теоретической подготовленности (теоретические знания по разделу «баскетбол», оценивается в баллах по правилам кредитной технологии обучения); 2) уровень технической подготовленности (техника выполнения броска одной рукой сверху, оценивается в баллах); 3) уровень физической подготовленности (результат прыжка в длину с места, оценивается в сантиметрах).

Уровень теоретической подготовленности определялся на основе тестов, имеющихся в электронном учебном пособии.

Для обоснования улучшения уровня теоретических знаний в экспериментальной группе по

сравнению с контрольной мы применили критерий Уайта [14, с. 150]. Подробные вычисления представлены в подразделе «результаты исследования». Для обоснования улучшения уровня технической подготовленности в экспериментальной группе по сравнению с контрольной мы применили критерий Пирсона [14, с. 153].

Для определения обоснования улучшения уровня физической подготовленности в экспериментальной группе по сравнению с контрольной мы применили t-критерий Стьюдента [14, с. 162-163].

Исследование проводилось на базе Актюбинского регионального государственного университета им. К. Жубанова. В исследовании приняли участие 28 юношей (15 человек – экспериментальная группа, 14 человек – контрольная группа).

Результаты исследования и их обсуждение. В работах отечественных ученых можно выделить следующие аспекты изучаемой проблемы.

Использование информационных и коммуникационных технологий в педагогической и тренерской деятельности. Здесь специалисты выявили следующие результаты: а) пути применения компьютерных методик для будущих учителей физической культуры и тренеров при накоплении и хранении необходимых материалов; интерпретации и дальнейшей их реализации по мере необходимости решения образовательных, научных задач [1].

Моделирование содержания различных программ образования. Специалисты предлагают следующие рекомендации: а) для разработки модели основных элементов образования, связанного с олимпизмом, было реализовано комплексное применение таких информационных технологий, как видео; интернет; телевидение; сбор, обработка и дача рекомендаций; изучение и оценка полученных достижений [4].

Контроль и оценка двигательной деятельности студентов. Специалисты акцентируют внимание на части программы, представляющей элементы теории; содержании тестовых заданий для оценки уровня физических кондиций студентов; в соответствии с выявленными недостатками в двигательной деятельности студентов группе упражнений для их коррекции с методическим их сопровождением; саморефлексивной части [5].

Информационные технологии в подготовке будущих специалистов. Специалисты предлагают рекомендации, основными результативными

признаками реализации которых являются познания и умственные навыки; наличие интереса; повышение физических кондиций; активизация внутренних ценностей; интенсивность участия в разных областях физической активности [2].

Анализ зарубежной литературы показал, что специалисты акцентируют на следующих аспектах рассматриваемой нами проблемы.

Использование компьютерных методик для реализации различных упражнений и игр. Здесь авторы рекомендуют следующие полученные ими результаты: «а) Для лиц, заболевших болезнью сердечно-сосудистой системы, посредством миникомпьютера реализована программа для плечевых мышц, которая позволяет определить продолжительность в минутах количества выполненных движений и их направленность» [10].

Применение компьютерных технологий в разработке виртуального представления видов двигательной активности. Авторы разработали: а) компьютерные программы виртуального характера, позволяющие моделировать различные виды локомоций. Это реализуется посредством различных видов взаимодействия (путем подачи команды, действий тела, координации сигналов руками) [11].

Влияние использования информационно-коммуникационных технологий на здоровье молодежи. Ученые выявили следующие результаты: самыми распространенными видами заболеваний явились такие, как нагрузка на мышцы шейного отдела; негативные изменения в работе элементов грудных мышц; поясничного отдела. Для коррекции этих негативных влияний была предложена физическая активность, направленная на повышение амплитуды выполняемых движений в частях тела [12].

Использование информационных технологий в учебном процессе. В этом направлении предложена методика, основанная на применении компьютерных технологий, получившая название «повернутая сверху вниз аудитория по физической культуре». Суть её в том, что в аудитории обучающиеся усваивают алгоритм выполнения самостоятельных упражнений, которые они будут выполнять вне учреждения посредством применения интернета и других инструментов компьютерного характера [13].

Нами разработано электронное учебное пособие «Физическое воспитание в вузе» [15].

Последовательность работы с электронным учебным пособием «Физическое воспитание в вузе» следующая. Мы скачиваем с компьютерно-

го диска само пособие на рабочий стол, где выходит ярлык «Электронный учебник «Физическая культура в ВУЗе». После того, как включена программа, на экране возникает изображение, сменяющееся после нажатия клавиши основным окошком программы. При нажатии клавиши «старт» на дисплее выходит таблица регистрации студента, состоящая из следующих пунктов: фамилия, имя, курс, факультет, специальность. В случае фиксирования всех этих параметров появляется возможность перейти в следующее окошко после нажатия «ок». Далее появляется окошко, где имеются такие части, как «лекции», «практические занятия», «самостоятельная работа студента», «тестирование», «видеолекции», «дополнительные материалы».

В части «лекции» представлен теоретический материал по 7 модулям: 1) спринт; 2) бег на средние и длинные дистанции; 3) методика обучения технике прыжков в длину; 4) методика обучения технике метания малого мяча, гранаты; 5) баскетбол; 6) волейбол; 7) гимнастика.

В пункте «практические занятия» дан практический материал по этим модулям. В разделе «самостоятельная работа студента» имеются темы для СРС студентов. Пункт «Тестирование» содержит в себе варианты тестов («Легкая атлетика», «Баскетбол», «Волейбол», «Гимнастика») и варианты практических заданий («Легкая атлетика», «Баскетбол», «Волейбол»).

Необходимо выбрать тест либо задание, которое Вам нужно пройти. Выбрав тест «Легкая атлетика», открывается окошко с вопросом теста по данной теме и вариантами ответа. Также имеются кнопки со стрелками «Предыдущий вопрос» и «Следующий вопрос». Вопросы теста меняются, в тесте их будет 15, а в общем – 30. Ответив на 15 вопросов, выходит сообщение «Тест завершен» и таблица результатов тестирования. Кнопка «Сохранить результат» сохраняет результат в текстовый файл.

Часть «Видеолекции» позволяет выбрать один из пяти представленных видеофайлов (баскетбол, волейбол, гимнастика, легкая атлетика). В пункте «Дополнительные материалы» учащемуся представлены презентации по различным разделам программного материала.

При нажатии кнопки в правом верхнем углу со значком «?» появляется информация об этой программе: автор, год создания, среда разработки, а также инструкция к использованию данного электронного учебника.

На протяжении января-мая 2019 года на базе Актюбинского регионального государственного университета им. К. Жубанова был проведен педагогический эксперимент по внедрению электронного учебного пособия на занятиях по физическому воспитанию.

Реализация педагогического эксперимента проводилась следующим образом. Вначале осуществления педагогического эксперимента с преподавателями физической культуры и учащимися в компьютерном классе был проведен семинар по работе с электронным учебником.

Технология внедрения электронного учебника по предмету «Физическая культура» в учебный процесс заключается в следующем. В соответствии с запланированным программным материалом выбирается модуль для ознакомления. На одном из четырех часов занятий в неделю студенты по 25 минут работают в электронном классе с данным учебником. Здесь у них должны формироваться теоретические знания по программному материалу, зрительные ощущения по выполнению двигательных действий (при ознакомлении с методикой выполнения упражнений). В спортивном зале при непосредственном выполнении упражнений сложившиеся у студентов зрительные ощущения постепенно превращаются в двигательные навыки по их реализации в практике физического воспитания.

Для обоснования эффективности внедрения электронного учебного пособия в учебный процесс по предмету «Физическая культура» мы разработали три рабочие гипотезы:

1 гипотеза H_1 : Внедрение электронного учебного пособия в экспериментальной группе более позитивно влияет на уровень теоретической подготовленности, чем в контрольной группе, и у студентов этой группы положительных ответов будет больше, чем у студентов контрольной группы.

Для применения критерия Уайта мы расположили все данные по возрастанию (таблица 1).

Таблица 1 – Баллы по возрастанию, полученные каждым из испытуемых контрольной и экспериментальной групп по теоретическому тестированию

№ п/п	Экспериментальная группа	Ранги, R_y	№ п/п	Контрольная группа	Ранги, R_e
1	82	15	1	65	1
2	85	16,5	2	66	2
3	85	16,5	3	68	3,5
4	86	18	4	68	3,5
5	87	19	5	70	5,5
6	88	20,5	6	70	5,5
7	88	20,5	7	71	7
8	89	22,5	8	73	8
9	89	22,5	9	74	9
10	90	24	10	75	10,5
11	91	25	11	75	10,5
12	92	26,5	12	78	12
13	92	26,5	13	79	13
14	93	28	14	80	14
15	94	29			
	Сумма рангов, $\sum R_y$	330		Сумма рангов, $\sum R_e$	105

Таким образом, $\sum R_y + \sum R_r = 330 + 105 = 435$.

Общая сумма рангов вычислялась по формуле (здесь n – общее количество испытуемых):

$$\sum R_{\text{общ}} = \frac{n(n+1)}{2} = \frac{29 \cdot 30}{2} = 435.$$

Совпадение сумм рангов говорит о правильном ранжировании данных.

Меньшую из сумм рангов 105 сравнили с табличным значением, где $T_{\text{табл}} = 164$ при $p=0,95$. $164 > 105$, $T_{\text{табл}} > T_{\text{факт}}$. Поэтому гипотеза H_1 принимается. Действительно, внедрение электронного учебного пособия в экспериментальной группе более позитивно влияет на уровень теоретической подготовленности, чем в контрольной группе, и у студентов этой группы положительных ответов больше, чем у студентов контрольной группы.

2 гипотеза H_1 : Внедрение электронного учебного пособия в экспериментальной группе более позитивно влияет на уровень технической подготовленности (техника одной рукой сверху), чем в

контрольной группе, и у студентов этой группы будет больше случаев правильного выполнения броска, чем у студентов контрольной группы.

Мы применили критерий Пирсона. Для этого составили четырехпольную таблицу результатов (таблица 2).

Таблица 2 – Четырехпольная таблица результатов выполнения техники броска одной рукой сверху

Экспериментальная группа	$\mathcal{E}_1 = 15$	$\mathcal{E}_2 = 6$	$n_{\mathcal{E}} = \mathcal{E}_1 + \mathcal{E}_2 = 21$
Контрольная группа	$K_1 = 5$	$K_2 = 11$	$n_K = K_1 + K_2 = 16$
	$\mathcal{E}_1 + K_1 = 20$	$\mathcal{E}_2 + K_2 = 17$	

Так как одно из значений в четырехпольной таблице равно 5, то для вычисления эмпирического значения критерия Пирсона нами была применена следующая формула:

$$\chi^2_{\text{эмп}} = \frac{N \left([\mathcal{E}_1 K_2 - \mathcal{E}_2 K_1] - \frac{N}{2} \right)^2}{n_{\mathcal{E}} n_K (\mathcal{E}_1 + K_1)(\mathcal{E}_2 + K_2)}$$

Полученное значение $\chi^2_{эмт}$ мы сравнили с критическим значением $\chi^2_{кр}$ при числе степеней свободы $\nu=C-1$ и уровне значимости $p=0,05$, где C – число категорий.

В нашем случае $C=2$, так как две категории, поэтому $\nu=1$. $\chi^2_{кр} = 38$ при $p=0,05$.

$$\chi^2_{эмт} = \frac{(21+16) \left([15 \cdot 11 - 6 \cdot 5] - \frac{21+16}{2} \right)^2}{21 \cdot 16 \cdot 20 \cdot 17} = 4,4.$$

$4,4 > 3,8$, поэтому статистически принимается гипотеза H_1 , т.е. внедрение электронного учебного пособия в экспериментальной группе более позитивно влияет на уровень технической подготовленности (техника одной рукой сверху), чем в контрольной группе, и у студентов этой группы больше случаев правильного выполнения броска, чем у студентов контрольной группы.

3 гипотеза. H_1 : Внедрение электронного учебного пособия в экспериментальной группе

более позитивно влияет на уровень физической подготовленности (прыжок в длину с места), чем в контрольной группе, и у студентов этой группы будут лучшие показатели, чем у студентов контрольной группы.

Для этого мы использовали t -критерий Стьюдента.

Последовательность расчета достоверности различий по t -критерию Стьюдента:

Вычислили средние арифметические величины x для каждой группы в отдельности по следующей формуле:

$$\bar{x} = \frac{\sum_{i=1}^n x_i}{n},$$

где x_i – значение отдельного измерения; n – общее число измерений в группе.

Проставив в формулу фактические данные значения из таблицы мы получили:

$$\begin{aligned} \bar{x}_э &= \frac{240 + 235 + 230 + 231 + 232 + 238 + 236 + 234 + 239 + 238 + 236 + 231 + 232 + 236 + 230}{15} = \\ &= 234,53; \end{aligned}$$

$$\begin{aligned} \bar{x}_к &= \frac{210 + 215 + 211 + 205 + 208 + 200 + 204 + 201 + 206 + 209 + 212 + 213 + 211 + 217}{15} = \\ &= 208,71. \end{aligned}$$

Сопоставление среднеарифметических величин показывает, что в экспериментальной группе данная величина выше, чем в контрольной. Однако для окончательного утверждения того, что занимающиеся в экспериментальной группе лучше выполняют прыжок в длину с места, следует убедиться в статистической достоверности различий между рассчитанными средними арифметическими величинами. Для этого мы перешли к следующему шагу.

В обеих группах вычислили стандартное отклонение σ по следующей формуле

$$\sigma = \frac{x_{i \max} - x_{i \min}}{K},$$

где $x_{i \max}$ – наибольший показатель, $x_{i \min}$ – наименьший показатель для каждой из групп, K – табличный коэффициент.

Подставив значения в формулу, мы получили:

$$\begin{aligned} \sigma_э &= \frac{240 - 230}{3,47} = 2,88 \text{ для экспериментальной группы,} \\ \sigma_к &= \frac{217 - 200}{3,41} = 4,99 \text{ для контрольной группы.} \end{aligned}$$

Потом перешли к третьему шагу.

Вычислили стандартную ошибку среднего арифметического значения (m) по формуле

$m = \frac{\sigma}{\sqrt{n-1}}$, так как количество испытуемых в каждой группе меньше 30.

$$m_э = \frac{2,88}{\sqrt{15-1}} = 0,77; m_к = \frac{4,99}{\sqrt{14-1}} = 1,39.$$

Вычислили среднюю ошибку разности по формуле

$$t = \frac{\bar{x}_э - \bar{x}_к}{\sqrt{m_э^2 + m_к^2}} = \frac{234,53 - 208,71}{\sqrt{0,77^2 + 1,39^2}} = 16,25.$$

5. По специальной таблице определили достоверность различий. Для этого полученное значение сравнили с граничным при 5%-ном уровне значимости ($t_{0,05}$) при числе степеней свободы $f = n_3 + n_k - 2$, где n_3 и n_k – общее число индивидуальных результатов в контрольной и экспериментальной группах соответственно. В нашем случае число степеней свободы $f = 15 + 14 - 2 = 27$, для него $t_{0,05} = 2,05$, $t_{0,01} = 2,77$. Вычисленное значение $t = 16,25$ больше табличных значений t , поэтому различия между средними арифметическими двух групп считаются достоверными. Гипотеза H_1 принимается, т.е. внедрение электронного учебного пособия в экспериментальной группе более позитивно влияет на уровень физической подготовленности (прыжок в длину с места), чем в контрольной группе, и у студентов этой группы были лучшие показатели, чем у студентов контрольной группы.

Выводы:

1. Среди современных аспектов применения информационных технологий в сфере физической культуры и спорта ключевыми являются следующие:

– осмысление основных понятий информационных технологий («информационная технология», «информатизация общества», «информационно-образовательное пространство», «информационно-образовательная среда», «информационная компетентность учителя», «информационная компетентность студента»). Основным звеном в их понимании специалистами физической культуры и студентами является, с одной стороны, внутреннее побуждение к их

освоению, а с другой, готовность самосовершенствоваться в их реализации;

– использование информационных технологий в сфере физической культуры в педагогической и тренерской деятельности; моделирование программ образования; контроль и оценка двигательной деятельности студентов; использование технологии в подготовке будущих специалистов. Знание отмеченных сведений для специалистов важно с позиций уточнения, к какому направлению относится применяемая в его деятельности информационная технология, а также готовность применять их на основе представленных современных образцов.

2. Разработанное электронное учебное пособие «Физическое воспитание в вузе» состоит из таких частей, как «лекции», «практические занятия», «самостоятельная работа студента», «тестирование», «видеолекции», «дополнительные материалы». Лекции и практические занятия содержат материал для 7-ми модулей: 1) спринт; 2) бег на средние и длинные дистанции; 3) методика обучения технике прыжков в длину; 4) методика обучения технике метания малого мяча, гранаты; 5) баскетбол; 6) волейбол; 7) гимнастика.

3. Посредством применения критериев Уайта, Пирсона, t-критерия Стьюдента подтверждены рабочие гипотезы о позитивном влиянии использования электронного учебного пособия «Физическое воспитание в вузе» на занятиях по физической культуре на уровень теоретической, технической и физической подготовленности студентов.

Литература

- 1 Абрамян А.М. Подготовка бакалавров по физической культуре в области использования информационных и коммуникационных технологий в педагогической и тренерской деятельности: автореф. дис... к.п.н. – 13.00.02. – М., 2012. – 23 с.
- 2 Тарасов П.В. Подготовка студентов в области физической культуры на основе компьютерного обеспечения: автореф. дис... к.п.н. – 13.00.08. – Ставрополь, 2006. – 24 с.
- 3 Яворская Е.Е. Интенсификация и индивидуализация учебно-тренировочного процесса студенток-баскетболисток на основе использования средств тактической подготовки и автоматизированной системы управления: автореф. дис... к.п.н. – 13.00.04. – Хабаровск, 2002. – 23 с.
- 4 Абрамов Р.В. Моделирование содержания и организации олимпийского образования младших школьников с применением информационно-коммуникационных технологий: автореф. дис... к.п.н. – 13.00.04. – Сургут, 2015. – 22 с.
- 5 Веселкина Т.Е. Самостоятельный контроль и коррекция двигательной активности студентов с использованием информационной технологии: автореф. дис... к.п.н. – 13.00.04. – Санкт-Петербург, 2014. – 23 с.
- 6 Дмитриев О.Б. Методика подготовки судей, тренеров и спортсменов по правилам и судейству с помощью мультимедиа системы «соревнования по каратэ»: автореф. дис... к.п.н. – 13.00.04. – Ижевск, 2003. – 22 с.
- 7 Петров П.К. Система подготовки будущих специалистов физической культуры в условиях информатизации образования: автореф. дис... докт. пед. наук. – 13.00.01. – Ижевск, 2003. – 45 с.
- 8 Лищук И.В. Педагогическое проектирование профессиональной подготовки специалистов по физической культуре с использованием информационных технологий: автореф. канд. пед. наук: 13.00.08. – Калининград, 2008. – 24 с.
- 9 Храмов В.В., Ширшова Е.О. Интеграция компьютерных технологий в дидактическую систему учебного предмета «Физическая культура» // Фундаментальные исследования. – 2014. – № 11-12. – С. 2745-2749; URL: <http://www.fundamental-research.ru/ru/article/view?id=36057> (дата обращения: 27.01.2020).

- 10 Levy T., Killington M., Lannin N., Crotty M. Viability of using a computer tablet to monitor an upper limb home exercise program in stroke// *Physiotherapy theory and practice*. - DOI: 10.1080/09593985.2019.1625092. – Early access: JUN 2019
- 11 Ali S.F., Noor S., Azmat SA., Noor AU., Siddiqui H. Virtual Reality as a Physical Training Assistant //2017 International conference on information and communication technologies (icict). – Series of books: International Conference on Information and Communication Technologies ICICT. – P.: 191-196. – Published: 2017.
- 12 Ciccarelli M., Fraser K., Vaz S. Allied health management of technology-related musculoskeletal complaints among children and adolescents// *Australian occupational therapy journal*. Tom: 63. – Issue: 6. – P.: 399-407. - Special issue: SI. - DOI: 10.1111/1440-1630.12320. -: DEC 2016.
- 13 Isidori E., Chiva-Bartoll O., Fazio A., Sandor I. Flipped Classroom in Physical Education: Pedagogical Models and Possible Implementation through Web 2.0// *Proceedings of the 14th international scientific conference elearning and software for education: elearning challenges and new horizons*, vol 3. – Series of books: eLearning and Software for Education. – P.: 274-279. – DOI: 10.12753/2066-026X-18-182. – Published: 2018
- 14 Железняк Ю.Д., Петров П.К. Основы научно-методической деятельности в физической культуре и спорте: учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2002. – 264 с.
- 15 Электронное учебное пособие «Физическое воспитание в вузе» / Актюбинский госпединститут. – 2011. Свидетельство о государственной регистрации на объект авторского права № 756 от 11 июня 2012 г.

1Бөжиг Ж., 1Дүйсебаев Б.Т., 2Абугалиев Б.Н., 2Бөжиг Е.Ж.¹Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ., Қазақстан²Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан**«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ АЯСЫНДА БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МАМАНДАРЫН ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ДЕНЕ САПАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ**Бөжиг Жанболат, Дүйсебаев Болат Турсинович, Абугалиев Бекзат Нуртаевич,
Бөжиг Ерасыл Жанболатұлы**«Мәңгілік Ел» идеясы аясында болашақ дене шынықтыру мамандарын ұлттық ойын элементтері негізінде дене сапаларын жетілдіру жолдары**

Аңдатпа. Еліміздегі қазіргі кездегі өзгерістер, экономиканы дамытудағы стратегиялық жаңа бағдар мен елеуметтік даму қарқыны білім беру жүйесіне, кәсіби мамандарды қалыптастыруға зор талап қояды. Жұмысымыздың мақсаты болашақ дене шынықтыру мамандарын даярлауда Ұлттық ойындарды бір жүйеге келтіріп, топтап, жеке тұлға ерекшеліктеріне қарай жіктеп, жоғары әдістемелік тұрғыдан ұйымдастырсақ, курсанттарға дене шынықтыру сабағында қимылдық ойындарды кеңінен пайдалану тәрбиелік міндеттің нәтижелілігін арттыра түсері сөзсіз. Студенттердің дене сапаларын дамытуда ұлттық ойын элементтерін пайдалану мақсатында қолданылатын ұлттық ойын түрлерін іріктеп алу міндет етіп алынды. Ұлттық ойындарды дене тәрбиесіне жан-жақты жарасымды жеке тұлға тәрбиесі құралы ретінде пайдалану, курсанттардың денсаулығын нығайту, ақыл-ой, адамгершілік және көркемдік талғамды, еңбек іс-әрекетімен өзара байланыста болатынын аңғарамыз. Ұлттық ойын құралдарымен студенттердің дене мәдениетін тәрбиелеуге арналған зерттеулер белгілі дәрежеде кәсіптік сабақтарының маңызды жағына сүйенеді, сонымен бірге, ұлттық ойындар студенттерді дене тәрбиесінің сан алуан нысандарына тартуға мүмкіндік береді. Оқыту барысында дене тәрбиесі сабақтарының бәрінде де, кең көлемде қазақтың ұлттық ойындары мен жаттығуларын сабақта қолдану сабақтың жүйелілігі мен тиімділігін, жинақтылығын арттыруға әсерін тигізді.

Түйін сөздер: студенттер, ұлттық ойындар, ұлттық спорт түрлері, ұлттық дене тәрбиесі, жаттығулар сабақтары.

Bozhig Zhanbolat, Duisebaev Bolat Tursinovich, Abugaliev Bekzat Nurtayevich, Bozhig Yerasyly Zhanbolatuly

Ways of improving physical quality by elements of national games in the preparation of future specialists of physical culture on the basis of the idea «Мәңгілік ел»

Abstract. The purpose of our work was to bring national games into uniform system, to group them depending on specific features of cadets, up to standard to organize and carry out methodical work. Use of national outdoor games at physical education classes will increase sports effectiveness and also will have educational character when training future experts in physical culture. National outdoor games at physical education classes will contribute to the all-round harmonious physical development, strengthening of health of cadets, instilling of intellectual, moral and art taste, work and also in interrelation of their use as educational tools of the personality. The conducted researches and also features of the national games offered in our work to some extent will promote professional growth; will allow attracting students to national physical culture and self-improvement that, undoubtedly, will increase professional education of students. During training and teaching physical culture, broad application of the Kazakh national games will increase efficiency and will exert positive impact on physical and cerebration of future experts in the field of physical culture and sport.

Key words: students, national games, national sports, physical culture, training lessons.

Кіріспе. Елбасы: «Мен мәңгілік ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары, Қазақстан 2050 стратегиясының түпқазығы етіп алдым. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру аса қиын екенін барлығымыз білеміз. Бұл әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан кешкен тарихи шындығы. Өзара алауыздықпен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жібергенін де білеміз. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама? Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуіміз керек. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – «Мәңгілік ел» біздің өзіміздің қолымызда. Ол үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған мәңгілік тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек. «Қазақстан 2050» мәңгілік елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол [1].

Мәңгілік ел идеясы және патриотизм мәселесі Ұлттық тарихымызға назар аударсақ, қазақ халқының қаншама буын ұрпақ өкілдері елі мен жерін қорғау жолында күресті, сол жолда жанын беріп, қанын төкті. Сол ата-бабаларымыздың арманы азаттық, бостандық болатын. Бірақ олар тәуелсіздіктің сағымын да көре алмай кетті. Дегенмен, кейінгі ұрпақтың сол азаттыққа жететініне сеніп кетті. Олардың бар арманы елдің тұтастығы мен бірлігі, тәуелсіздігі болатын. Қазақ елі тәуелсіздік алған уақыттан бері, өзіндік мемлекеттік немесе ұлттық идеясын іздестірумен болды. Түрлі пікірлер, сан алуан ұсыныстар болды. Бірақ, ұзақ уақыт бір ортақ тоқтам жасалған жоқ. Енді, міне халықты ортақ мақсатқа топтастырушы идея өз шешімін тапты. Ол әр қазақстандықтың мақтанышы мен Отанға деген патриоттық сана-сезімін қалыптастыратындығы сөзсіз. Елбасы ұлттық идея жайында: «Мәңгілік ел – ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет ата-

ну еді. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргесі қаланды. Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел».

Еліміздегі қазіргі кездегі өзгерістер, экономиканы дамытудағы стратегиялық жаңа бағдар мен әлеуметтік даму қарқыны білім беру жүйесіне, кәсіби мамандарды қалыптастыруға зор талап қояды.

Қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық, рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың күшеюіне байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби біліктілігі жоғары мамандарды қажет етеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында педагогикалық қоғамдастықтың алдында ауқымды міндет тұрғандығы, яғни білім берудің жаңа моделін құрып, оны сынақтан өткізу, тәжірибеге енгізудің негізгі принциптері көрсетілген. Тұжырымдамада мамандар даярлау жүйесінде білім берудің сапасын қамтамасыз етуде жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандарды кәсіби даярлау сапасын арттыру қажеттілігі айтылған [2].

Бүгінгі таңдағы еліміздің алға қойып отырған мақсаттарының бірегейі дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру болса, оған жетудің жолында халқымыздың ауыз бірлігі мен ерік жігерінің бір идея аясына топтастыру екені айқын.

Кейінгі кезде болашақ жоғары білімді мамандарын ұлттық ойын элементтерін пайдалана отырып кәсіби қалыптастыруда Ж.К. Оңалбек [3], Б.К. Мұхамеджанов [4], Ш.Б. Оразовтар [5] зерттеулеріне өзек болып, ғылыми қолданысына енді.

Біз зерттеу жұмысымыздың тақырыбын ««Мәңгілік Ел» идеясы аясында болашақ дене шынықтыру мамандарын ұлттық ойын элементтері негізінде дене сапаларын жетілдіру жолдары» деп алуға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: болашақ дене шынықтыру мамандарын ұлттық ойын элементтері негізінде дене сапаларын жетілдіру жолдарын педагогикалық ерекшеліктерін саралау.

Зерттеу міндеттері:

1. Болашақ дене шынықтыру мамандарын ұлттық ойын элементтері негізінде дене сапаларын жетілдіру жолдарының педагогикалық ерекшеліктерін анықтау.

2. Болашақ дене шынықтыру мамандарын ұлттық ойын элементтері негізінде дене сапаларын жетілдірудің тиімділігін президенттік сынама талаптарымен салыстыра отырып, эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелдеу.

Зерттеу әдістері:

Зерттеу жұмыстарын жүргізгенде мынадай әдістер қолданылды:

Әдеби көрсеткіштерге шолу.

Ұлттық ойындарын іріктеу және оқу әдісі.

Педагогикалық бақылау.

Педагогикалық тәжірибе.

«Президенттік сынама» түрлері бойынша сынақ.

Материалдарды статистикалық өңдеу әдісі.

Зерттеу нәтижелері. Әдеби көрсеткіштерге шолу.

Арнайы әдебиеттерді зерттеу Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-да оқытудың педагогикалық үрдісімен танысуды, оқу-әдістемелік құралдарды қорытындылауды, дене шынықтыру маманда-

рын даярлайтын жоғары оқу орындарындағы студенттердің дене дайындығын жетілдіруге арналған материалдарды қарастыруды көздеді. Сонымен қатар, ойындардың теориясын қарастыратын әдебиеттерге талдаулар жасалып, оқу орында дене шынықтыру жүйесін ұйымдастыруға жағдайлар туғызылды, ұлттық ойындарын арнайы ғылыми нәтижелері болашақ дене шынықтыру мамандарын дене сапаларын жетілдіруге септігін тигізетініне көз жеткізді.

Болашақ дене шынықтыру мамандарын даярлайтын жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесі пәнінде қолданатын оқу бағдарламаларын жүйелейтін арнайы құжаттары мен арнайы әдебиеттері, әдіс-құралдары сұрыпталды.

Ұлттық ойындарын іріктеу және оқу әдісі [6-10].

Студенттердің дене сапаларын дамытуда ұлттық ойын элементтерін пайдалану мақсатында қолданылатын ұлттық ойын түрлерін іріктеп алу міндет етіп алынды. Соған байланысты келесі ойын түрлерін дене сапаларды жетілдіруге тиімді деп таныған ойындары іріктеп алынды (1-кесте).

Педагогикалық бақылау

Педагогикалық бақылау дене шынықтыру сабағындағы тәжірибе кезінде жүргізілді. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті дене мәдениеті және спорт факультеті базасында жүргізілді.

Педагогикалық бақылау нәтижелерін жүйелеп жазу үшін арнайы педагогикалық бақылаудың хаттамасы жазылды, бұнда сабақтың өткізілу шарттары, оқу материалының мазмұны мен оқыту әдістемесінің ерекшеліктері қамтылған.

1-кесте – Студенттердің дене сапаларын дамытуда қолданылатын ұлттық ойын түрлері

Ұлттық ойын түрлері	Дене сапалары және жеке қасиеттеріне тигізер әсері
«Қазақ күресі», «аударыспақ», «жаяу көкпар», «арқан тартыс» т.б.	Батылдыққа, қайсарлыққа, төзімділікке, ептілікке, әділдікке, шыншылдыққа т.б.
«Қамшы тастау», «бұқа тартыс», «кермеден секіру» т.б.	Жылдамдыққа, күштілікке, ептілікке, денесін билей алуға т.б.

Педагогикалық тәжірибе

Педагогикалық тәжірибе Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті дене мәдениеті және спорт факультетінде дене шынықтыру және спорт мамандығының 1-2 курстарында дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындары элементтерін кеңінен пайдалану мен “Президенттік сынама” деңгейінің мазмұнына сай келуінің тұрақтылығын бақылау.

«Президенттік сынама» түрлері бойынша сынақ

Сынау «Президенттік сынама» түрлерінен біз бақылауға алған 18-23 жас аралықтарда (топтарда) жүргізіліп, мынадай бақылаулардан өтті:

1. 100 және 2000/3000 метр жүгіру.

2. Орыннан ұзындыққа секіру.

Бұл түрлерге байланысты бақылаулар ҚарМУ-дың №12 оқу корпусында жеңіл атле-

тика манежінде жарыс ережелеріне және «Президенттік сынама» талаптарына сай өткізілді.

Зерттеп отырған мәселенің жан-жақтылығы бейімделу факторлары құрылымының күрделілігін көрсетеді. Олардың барлығы бейімделу сәттілігі, әсерінің ұзақтығы және даму деңгейіне байланысты әсерін тигізеді, өзара байланысты бұл факторлар жағдайларының өзара сертті жүйесі ретінде біртұтас жағдайда әсер етеді.

Г.А. Кончанин, А.Н. Свиридов өздерінің зерттеулерінде бейімделу үрдісін үш кезеңге бөліп көрсеткен [11]:

- 1-кезең – «ену» – эмоционалды сипатталатын модельмен көрсетіледі.

- 2-кезең – «арылу» бейімделудің ең ауыр кезеңі, жеке тұлғаның талпыныстары мен нақты мүмкіндіктері, қалыптасқан әдістері мен жаңа талаптары, ішкі қарама-қайшылықтардың шиеленісуімен сипатталады.

- 3-кезең – сезім маңыздылығын «бекітілуі» барысында өзіне деген эмоционалды бағалау көрсеткіші тұрақтанып, өзін-өзі қадағалау үрдісінің қалыптасуына әсер етеді.

Тәрбиеде түпкілікті нәтижеге жету – оның барлық жақтарының өзара байланысын қамтамасыз етуді қажет етеді. Сондықтан да дене тәрбиесінің міндеттерін анықтағанда оның ерекшелігі ғана емес, сонымен бірге тәрбие мен білім берудің жалпы жүйесіндегі орны да, атқаратын ролі де есепке алынады. Осыған байланысты дене тәрбиесінің ерекше және арнайы емес екі категориясын ажырата білу қажет. Бірінші санатқа сауықтыру міндеттері қозғалыс біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыруға әкелетін біліктілік міндеттерінің бір бөлігі жатады. Екінші санатқа тәрбиелік өзге түрлерімен байланысын көрсететін тәрбиелік міндеттер де, білім де, дағдыларға байланысты бейімділіктер де жатады. Осы айтылғандар дене тәрбиесінің міндеттерін төмендегідей саралауға мүмкіндік береді.

Сауықтыру міндеттері:

- денсаулықты жан-жақты нығайтуға және үйлесімді дене дамуына көмектесу, дене мүсінің дұрыс қалыптастыру, дене бұлшық еттерінің әртүрлі топтарын дамыту, ағзаның барлық жүйесін және олардың қызметін дұрыс және уақытында дамыту, жүйке жүйесін нығайту, зат алмасу процестерінің белсенділігін арттыру;

- жас мөлшеріне қарай дененің мүмкіндіктері мен жұмысқа қабілеттілігінің деңгейін қамту;

- ағзаның өзінің шынығуы үшін қолайсыз, жағымсыз жағдайларға қарсыласу деңгейін арттыру.

Білімділік міндеттері:

- тұрмыс жағдайында, еңбек қызметінде (жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, өрмелеу, ауыр заттарды көтеру, алып жүру, т.б.) және әскери-қолданбалы сипаттағы қимылдарды (кедергілерден өту, шаңғымен жүру, күрес элементтері, т.б.) табиғи қозғалыстарда өмірлік маңызға ие қозғалыс дағдыларын қалыптастыру;

- қозғалыстың берілген өлшемдеріне сәйкес күшті саналы түрде реттей білуді қажет ететін жаттығу техникаларын меңгеру есебінен қозғалыс тәжірибесін молайту;

- күрделендірілген жағдайда дененің қозғалыс-қимылдарын басқару қабілеттілігін, оның ішінде қозғалыстың жаңа түрлерін меңгеруді дамыту;

- дене қызметінің барлық түрлерін меңгерудің саналық негіздерін қамтамасыз ететін білім жүйесін қалыптастыру.

Тәрбиелік міндеттері – денені үйлесімді қалыптастырумен бірге адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық және еңбек тәрбиесіне, т.б. баулу.

Нақты оқу-тәрбие жұмысында дене тәрбиесінің жалпы міндеттерінің айқындалуы және олардың шешілуі – үйрету мен тәрбиелеу кезеңдеріне, оқу материалы мазмұнының ерекшеліктеріне, жаттығулардың мақсатқа сәйкес келуіне негізделеді.

Ұлттық ойындарды бір жүйеге келтіріп, топтап, жеке тұлға ерекшеліктеріне қарай жіктеп, жоғары әдістемелік тұрғыдан ұйымдастырсақ, студенттерге дене шынықтыру сабағында қимылдық ойындарды кеңінен пайдалану тәрбиелік міндеттің нәтижелілігін арттыра түсері сөзсіз.

Ұлттық ойындарды дене тәрбиесіне жан-жақты жарасымды жеке тұлға тәрбиесі құралы ретінде пайдалану, студенттердің денсаулығын нығайту, ақыл-ой, адамгершілік және көркемдік талғамды, еңбек іс-әрекетімен өзара байланыста болатынын аңғарамыз.

Жаттығуларды орындау барысында рухани дамуды дене мәдениетінің жетілуімен тұтас бір уақытта жүретін процесс ретінде қарастыру керек. Жаттығуды үйрету кезінде аз күш жұмсап, үлкен жұмыс орындауға және кездескен қиындықтарды жеңуге мүмкіндік беретін саналы көзқарас тәрбиелеуді негізгі міндет деп қарастырамыз.

Дене тәрбиесі – ол адамның жан-жақты жарасымды қалыптасуына, дененің дұрыс дамуына, денсаулығына, өмірге керекті қозғалыс аппараттарының белсенділігін арттыруға және дене күші мен рухани күшінің бірлесуіне

бағытталған саналы тәрбие жұмысы. Бұл жан-жақты тәрбие жүйесі аса маңызды болғандықтан, оны бөлуге болмайтындығынан туындап отыр. Адам ағзасы бір және бүтін болғандықтан, оның дене мүшесінің қасиеттерінің бәрін бірдей дамыту керек. Өйткені, адамның әрбір жеке қасиетінің төмендеуі оның өзге тәрбие тек денені, не жанды емес, адамды тәрбиелеу бағытында жүру керек.

Е. Уаңбаев дене тәрбиесі сабағында ойын әдісін қолданудың мынадай ерекшеліктері мен белгілеріне тоқталған [12]:

1. Белгілі бір мақсатқа (жеңіске) жету үшін ойынның жоспары және тәртібі арқылы ойыншыларды ұйымдастыру.

2. Ойын әрекеттерінде белсенділік, жеңіске деген талас пен эмоциялық сезім.

3. Ойын барысында өз бетімен қимыл-әрекетке шешім қабылдау (ойынға қатысушы жүгірудің, секірудің, лақтырудың жолын өзі таңдайды).

4. Қимыл-әрекеттердің алуан түрлілігі, олардың ойын барысында, әр түрлі жаттығуларда кенеттен пайда болуы.

5. Ойын барысындағы ойынға қатысушылардың әр түрлі қарым-қатынастары. Ойын әдісінің көмегімен дене қуаты қасиеттерін (күш, төзімділік, шапшандық, ептілік) кешенді дамытуды, бұрын үйренген қимылдарды жетілдіру және өзіндік қасиеттерін тәрбиелеуді (батылдық, тапқырлық, ұйымдастырушылық, өз бетімен шешім қабылдаушылық) және бұдан басқа да көптеген мақсаттарды жүзеге асыруға болады.

Ұлттық ойын құралдарымен студенттердің дене мәдениетіне тәрбиелеуге арналған зерттеулер белгілі дәрежеде кәсіптік сабақтарының маңызды жағына сүйенеді, сонымен бірге, ұлттық ойындар студенттерді дене тәрбиесінің сан алуан нысандарына тартуға мүмкіндік береді.

Қандай да болсын ұлттық қимыл ойындары мен жаттығулардың кез келген тобын үйрету өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады:

1. Студенттердің қозғалыс қимылдарын және дене жаттығуларын үйренуі өзінде бар психологиялық және дене күшін жұмсауды талап ететін оқу-еңбек қызметі. Қимылды үйретуге қолданылатын қолайлы жағдайлар педагогтың үйрету әдісін жетілдіргенде көрінеді.

2. Студенттердің ұлттық ойындар қозғалыс дағдылары жүйесін қалыптастыру. Тек қана қимыл жүйесі олардың дене дайындығының сипатын анықтайды. Бірақ, ұлттық ойындардың дене жүктемесі, ойынды өткізудің жеке немесе командалық нысандары және басқалары сияқты ерекше көріністері түрлерінің көп болуы

нәтижесінде, олар дене тәрбиесінің бағытына және оның нақты міндеттеріне байланысты іріктеліп алынуы керек.

3. Ұлттық ойындардағы қозғалыс қимылдарына үйрету дене мүмкіндіктерін қалыптастырумен өзара байланысты. Бұл процестердің өзара шарттылығы үш бағытта көрінеді.

Қорыта келгенде, дене тәрбиесі сабақтарында ұлттық ойындарын қолдану дене шынықтыру сабағы барысында әсері мол екенін көрсетті [13].

Алғашқы оқу жылында 1-курс студенттері арасында дене шынықтыру сабағына деген құштарлық арта түскенін қорытынды бақылаудағы көрсеткіштерден, яғни 2-курста алынған қорытынды бақылау нәтижесін статистикалық есеп бойынша көрсеткіштен жоғарылағанын байқауға болады (2 – 4-кесте).

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті дене мәдениеті және спорт факультетінде дене шынықтыру және спорт мамандығының 1-2 курстарында 2016-2017 оқу жылы 1-курсқа қабылданған студенттерге жүргізілген дене дайындығын тексеру бойынша анықтаушы эксперимент көрсеткіштері мен 2-курста алынған қорытынды бақылау нәтижесін алынған мәліметтерді математикалық саралаудан кейінгі көрсеткіштен жоғарылағанын байқауға болады.

Оқыту барысында дене тәрбиесі сабақтарының бәрінде де, кең көлемде қазақтың ұлттық ойындары мен жаттығуларын сабақта қолдану сабақтың жүйелілігі мен тиімділігін, жинақтылығын арттыруға әсерін тигізді.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысы үш кезеңнен (анықтау, қалыптастырушы және қорытындылау) өткізілді.

Нәтижелерді талдау. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті дене мәдениеті және спорт факультетінде дене шынықтыру және спорт мамандығының студенттердің жалпы және арнайы дене дайындығын жетілдіруге байланысты ресми құжаттарға талдау жасай отырып, болашақ дене шынықтыру мамандарының дене сапасын дамытудағы ұлттық ойындардың мүмкіндіктері қарастырылды.

Бірінші анықтау кезеңінде Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті дене мәдениеті және спорт факультетінде дене шынықтыру және спорт мамандығының оқу-тәрбие үдерісінің барысында болашақ дене шынықтыру мамандарының дене сапаларын дамуын анықтаудағы президенттік, ұлттық

ойындарға қойылатын талаптарға сәйкестігі анықталды.

Дене тәрбиесі сабағының оқыту барысындағы жас ерекшеліктеріне қарай дене сапаларының дамуына қойылған талаптарды дене шынықтыру және спорт мамандығының, яғни студенттердің орындаудағы жеке мүмкіндіктері зерттелінді.

Арнайы жүргізілген анықтаушы эксперимент нәтижелерін мынадай критерийлер бойынша сараланды.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті дене мәдениеті және спорт факультетінде дене шынықтыру және спорт мамандығына оқуға қабылданған студенттердің дене тәрбиесі сабағында президенттік, ұлттық 18-23 жастар арасындағы жастарға, яғни 1-курс студенттерінің дене дайындығына қойылатын талаптарға сәйкестігі, онда берілген көрсеткіштерді орындай алулары сараланды.

Екінші қалыптастыру кезеңінде тәжірибелік-эксперимент жұмысы ұйымдастырылып, белгіленген іс-шаралар жүйесі жүзеге асты:

- эксперимент жұмысының мазмұны іріктеледі;
- педагогикалық бірізділік анықталды;
- мазмұнның тиімділігі айқындалды;
- эксперименттің анықтау кезеңінде кездескен қиыншылықтар мен кемшіліктерді анықтау және оларды жоюдың жолдары іздестірілді.

Сол себепті студенттердің дене сапаларына қойылатын президенттік сынықнама, ұлттық деңгей талаптардың деңгейіне жету үшін дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындардың элементтерін тиімді пайдалана білсек жемісін береді деп есептейміз.

Өйткені, ұлттық ойындағы ұлттық құндылықтар, ұлттық тәрбие, адалдық пен қайсарлық, төзімділік пен батырлық, ерік-жігер студенттерге өте қызықты болады деп санауымызға біздің ұлттық ойындардың халық педагогикасындағы бала тәрбиесіндегі рөлі, оның адам баласының жас ерекшеліктеріне қарай атқарған қызметтері туралы жазылған дастандар мен тарихи деректер.

Эксперименттің екінші қалыптастыру кезеңіндегі жұмыстар нәтижелері Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті дене мәдениеті және спорт факультетінде дене шынықтыру және спорт мамандығының дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындардың студенттер бойына ұлттық құндылықтарды, төзімділік, батылдық, қайсарлық, сыйластық, спорттық мінез-құлық, спорттық этикалық білімді меңгеруге белсенділігі, спорт түрлерімен шұғылдануда іс-әрекетке ынталануы, жаңашылдық үдерістер мен дербес өзіндік жұмыстарға қызығушылығы, дене тәрбиесі сабағы бойынша білімді меңгеруге деген құндылық бағдары мен көзқарастары оның іс-әрекетінде айқын көрініс тапқанын көрсетті.

2-кесте – 18-23 жастағы жастардың дене дайындығының деңгейінің математикалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Жынысы	Анықтаушы				Қалыптастырушы				Қорытынды			
		М	δ	m	V	М	δ	m	V	М	δ	m	V
100 м жүгіріп өту (сек)	Ерлер	15,1	0,8	0,17	5,2	14,10	0,69	0,15	4,9	13,7	0,54	0,1	3,9
	Қыздар	18,7	1,4	0,9	8	18,35	1,12	0,65	6,1	17,8	0,87	0,51	4,88
3000 м жүгіріп өту	Ерлер	13,63	0,47	0,1	3,44	13,01	0,52	0,11	3,99	12,58	0,51	0,1	4,05
2000 м жүгіріп өту	Қыздар	10,38,0	0,48	0,28	4,62	9,72,7	0,64	0,37	6,58	8,93,23	0,73	0,42	8,17
Орыннан ұзындыққа секіру (см)	Ерлер	208,47	9,06	1,93	4,34	228,69	9,06	1,93	3,96	236,5	6,47	1,37	2,73
	Қыздар	173,75	4,85	2,8	2,79	187,5	8,67	5,01	4,62	195	9,7	5,6	4,97

3-кесте – 18-23 жастағы жастардың дене сапаларының дамуының көрсеткіштері айырмашылығы

Көрсеткіштер	Жынысы	Анықтаушы	Бағалау (рангтік)	Қалыптастырушы	Баға (рангтік)	АК	ПК
		$M_1 \pm m_1$		$M_2 \pm m_2$			
100 м жүгіріп өту (сек)	Ерлер	15,1±0,17	Қанағат-лық	14,10±0,15	Жақсы	1	6,62%
	Қыздар	18,7±0,9	Қанағат-сыз	18,35±0,65	Қанағат-лық	0,35	1,87%
3000 м жүгіріп өту	Ерлер	13,63,0±0,1	Қанағат-лық	13,01,0±0,11	Жақсы	0,62	4,54%
2000 м жүгіріп өту	Қыздар	10,38,0±0,28	Қанағат-сыз	9,72,7±0,37	Қанағат-лық	0,66	6,35%
Орыннан ұзындыққа секіру (см)	Ерлер	208,47±1,93	Жақсы	228,69±1,93	Жақсы	20,22	9,7%
	Қыздар	173,75±2,8	Қанағат-лық	187,5±5,01	Жақсы	13,75	7,91%

4-кесте – 18-23 жастағы жастардың дене сапаларының дамуының көрсеткіштері айырмашылығы

Көрсеткіштер	Жынысы	Анықтаушы	Баға (рангтік)	Қорытынды	Баға (рангтік)	АК	ПК
		$M_1 \pm m_1$		$M_3 \pm m_3$			
100 м жылдамдыққа жүгіріп өту (сек)	Ерлер	15,1±0,17	Қанағат-лық	13,7±0,1	Жақсы	1,4	9,27%
	Қыздар	18,7±0,9	Қанағат-сыз	17,8±0,51	Қанағат-лық	0,9	4,81%
3000 м жылдамдыққа жүгіріп өту	Ерлер	13,63,0±0,1	Қанағат-лық	12,58,0±0,1	Үздік	1,05	7,7%
2000 м жылдамдыққа жүгіріп өту	Қыздар	10,38,0±0,28	Қанағат-сыз	8,93,23±0,73	Жақсы	1,45	13,96%
Орыннан ұзындыққа секіру (см)	Ерлер	208,47±1,93	Жақсы	236,5±1,37	Үздік	28,03	13,44%
	Қыздар	173,75±2,8	Қанағат-лық	195±5,6	Үздік	21,25	12,23%

Эксперименттің қорытынды кезеңі педагогикалық экспериментке талдау жүргізіліп, психологиялық-педагогикалық тұрғыда пайымдалған теориялық ұсыныстардың практикалық сипатта іске асуына қорытынды жасалды, педагогикалық тәжірибе жұмыстарының барысы мен нәтижелері сараланды.

Педагогикалық тұжырымдар мен ғылыми-әдістемелік ұсыныстар мен нұсқаулар енгізілді.

Демек, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті дене мәдениеті және спорт факультетінде дене шынықтыру және спорт мамандығының сабағы барысында ұлттық ойындардың элементтерін тиімді пайдалана отырып, өткізу студенттердің сабаққа қызықтыратындай, жүйелі білімнің қажеттілігі мен өмірлік бағдарға сәйкес үйлесімді жүргізілуі, оның дербес ерекшелігін ескеру, салауатты өмір салтын ұстануға баулу, танымдық түйсігін жетілдіруде оның мотивтік амал-тәсілдерін аша түсу негізгі фактор болып табылады.

Қорытынды. Дене тәрбиесі сабақтарында ұлттық ойындарын қолдану дене шынықтыру сабағы барысында әсері мол екенін көрсетті.

Алғашқы оқу жылында 1-курс студенттері арасында дене шынықтыру сабағына деген құштарлық арта түскенін қорытынды бақылаудағы көрсеткіштерден, яғни 2-курста алынған қорытынды бақылау нәтижесін статистикалық есеп бойынша көрсеткіштен жоғарылағанын байқауға болады. Зерттеу жұмысымызда біздерденешынықтыру мамандарын кәсіби қалыптастырудың педагогикалық ерекшеліктерін зерделеуде келесідей қорытындылар жасадық:

1. Болашақ дене шынықтыру мамандарының дене мәдениетін кәсіби қалыптастырудағы мәні анықталды.

2. Студенттердің кәсіби мамандығының педагогикалық ерекшеліктері анықталды.

3. Болашақ дене шынықтыру мамандарының кәсіби қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың ерекшеліктері айқындалды.

4. Болашақ дене шынықтыру мамандарын кәсіби іс-әрекетке дайындаудың әдістемелік жүйесі берілді.

5. Дене шынықтыру мамандарын даярлайтын жоғары оқу орны студенттерінің оқу процесі ұйымдастырылды.

6. Болашақ дене шынықтыру мамандарын кәсіби қалыптастырудың әдістемесі берілді.

Бұл жоғары мектеп процесінде болашақ дене шынықтыру мамандарының кәсіби теориялық негізін айқындап, оның практикалық маңыздылығын тиімді пайдалану болды.

Болашақ дене шынықтыру мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудағы ұлттық спорттың алатын орны теориясы мен әдістемесін қорытындылай келе келесі ұсыныстарды жасадық:

Дене шынықтыру мамандарының 1, 2-курс-тарға арналған бағдарламадағы дене тәрбиесі пәнінің ұлттық спорт ойындары әр сабақтың бүкіл көлемінің 25%-тен кем көлем алмауы қажет.

Негізгі дене дамуын, қозғалу шапшаңдығы мен ептілігін жетілдіру, сонымен қатар, студенттердің қызығушылығын сақтап қалу үшін оқу жылы бойында 30-дан артық ұлттық ойындары қолданылуы қажет.

Әрбір сабақта (бөлікке бөліп) 2-3 ойын мен жаттығу өткізілуі қажет. Өтілген материалдар бойынша шапшаңдығын, дене қасиеттерін дамыту, функционалдық және техникалық мүмкіндіктерін арттыру мақсатында осы ойындар мен жаттығулар сабақта игерілуі қажет.

Возраст в годах	Количество абсолютно №	Абсолютная поверхность тела, м ²	Относительная поверхность тела, %	Абсолютное количество жировых компонентов, в кг	Относительное количество жировых компонентов, в %	Абсолютное количество мышечной ткани, в кг	Относительное количество мышечной ткани, в %	Абсолютное количество Кости, в кг	Относительное количество кости, в %
8	21	0,90	3,69	3,52	13,79	8,49	34,47	4,99	20,27
9	25	0,98	3,61	4,00	14,59	9,50	34,69	5,48	20,07
10	25	1,02	3,64	4,15	14,81	10,32	36,93	5,94	21,27
11	31	1,17	3,56	5,58	16,77	12,06	36,74	7,24	22,02
12	30	1,27	3,37	5,97	15,23	14,20	36,88	7,98	20,96
13	30	1,33	3,32	6,03	14,33	15,29	37,50	8,74	21,61
14	25	1,47	3,20	6,81	14,62	18,54	39,72	10,13	21,86
15	25	1,54	3,14	7,27	14,63	20,97	41,64	13,32	20,90
16	25	1,71	2,94	7,20	13,94	23,57	40,20	11,99	20,50
17	24	1,78	2,33	7,70	12,25	24,64	39,92	12,02	19,45

То же самое можно сказать об абсолютных значениях мышечного компонента массы тела, тогда как в относительном процентом отношении максимальный пик скорости роста этого показателя достигается в 15 лет (41,64%), а затем медленно снижается. Что касается костного компонента веса тела мальчиков-европейцев, то наи-

большее абсолютное значение этого показателя наблюдается в 17 лет, а относительная величина, как и для мышечного компонента, увеличивается в более ранней возрастной группе (14 лет).

Из такого расклада данных следует, что различные тканевые компоненты веса тела формируются и достигают наибольшего развития в

различные возрастные периоды детей. Так, жировой компонент имеет максимальную скорость роста в раннем возрасте (11 лет), а формирование мышечного и костного состава веса тела происходит в 14 – 15 лет.

Увеличение мышечного компонента в исследуемом возрастном диапазоне у европейцев так же, как и у азиатов, происходит с опережающим темпом (16,16 кг), затем костный (7,53 кг) и жировой (4,08 кг) компоненты.

Сравнительный анализ годовых приростов компонентов веса тела у двух этнических групп (азиатов и европейцев) показывает определенные различия в динамике изменений скорости роста этих показателей.

Общая поверхность тела мальчиков-европейцев опережает по своим количественным значениям во всех возрастных группах по сравнению с азиатами, причем разница у 17-летних больше, чем у 8-летних ребят (8-летние – 0,08 м²; 17-летние – 0,10 м²). Относительная величина жирового компонента веса тела у мальчиков европейской национальности увеличивается до 11 лет, затем в возрастном интервале 12-17 лет происходит постепенное снижение. Максимальный годичный прирост жирового компонента наблюдается в 11 лет, составляя 16,77 %. У мальчиков казахской национальности максимальный пик скорости роста этого показателя приходится на 14 лет (16,74 %), хотя довольно высокие значения наблюдаются и в 11, 12 и 13 лет (15,02 %; 14,89 %; 15,05 % соответственно).

Общая тенденция годовых приростов характерна для мышечного компонента у мальчиков обеих этнических групп. Изменения относительной величины показателя в сторону увеличения носят плавный равномерный характер до 14 лет, максимум нарастания мышечной массы наступает в 15-17 лет, достигая 41,64% и

41,96 %. Костная масса у мальчиков европейской национальности так же, как и жировая масса, имеет наибольший годичный прирост в 11-летнем возрасте; в 12-17-летнем интервале скорости роста постепенно замедляются. У мальчиков казахской национальности годовые приросты костной массы отражают общие закономерности роста и развития детей [9].

Итак, исследование тканевых компонентов в возрастной динамике показало следующее:

1. Наблюдается тенденция возрастания трех компонентов веса тела в возрастной динамике у обследованных мальчиков европейской, азиатской национальностей.

2. Соотношения компонентов веса тела изменяются в динамике и зависят от возраста и этнической принадлежности школьников.

Расширение программы исследования за счет включения в нее функциональных показателей отдельных систем, обеспечивающих двигательную активность человека, позволяет с новых позиций подойти к оценке конституционных особенностей человека, вложив в понятие конституции не только качественные, но и количественные признаки, связав тем самым морфологический субстрат с функциональными возможностями организма детей [10].

Выводы. Скорость роста компонентов массы тела также имеет специфический темп. Данные показатели прироста поверхностей тела не расходятся с материалами Л.Е. Кириной (1984) и максимальный прирост у детей приходится на 12-14 лет, в среднем 13 лет. Максимальная скорость роста жирового компонента у спортсменов, скорость роста мышечного компонента у спортсменов наблюдается в возрасте 13, 14 лет. Максимальная скорость роста костного компонента у спортсменов наблюдается в возрасте 10-11 лет.

Литература

- 1 Козлов В.И., Гладышев А.А. Основы спортивной морфологии. – М.: «Физкультура и спорт», 1977. – С. 12-16.12-16.
- 2 Козлов В.И. Методические указания к лабораторным занятиям по спортивной морфологии – М., 1976. – 76 с.
- 3 Ставицкая А.В., Арон Д.И. Методика исследования физического развития детей и подростков. – М.: МЕДГИЗ, 1959. – 68 с.
- 4 Чтецов В.П. Состав тела человека // Антропология 1969: Итоги науки ВИНТИ АН СССР. – М., 1970. – 65 с.
- 5 Чтецов В.П. Вариации подкожного жира // Вопросы антропологии. – 1968. Вып. 30. – С. 11-14.
- 6 Лесгафт П.Ф. Руководство по физическому образованию детей школьного возраста. – 2-е изд., 4.1. – СПб., 1994. – 392 с.
- 7 Бальсевич В.К. Физическая культура для всех и для каждого. – М.: Физическая культура и спорт, 1988. – 288 с.
- 8 Выдрин В.М. Современные проблемы теории физической культуры как вида культуры: Учебное пособие. – СПб., 2001. – 76 с.
- 9 Смирнов В.М. Физиология физического воспитания и спорта / В.М. Смирнов, В.И. Дубровенский. – М.: ВЛАДОС-ПРЕСС, 2002. – 608 с.
- 10 Аршавский И.А. Основы возрастной периодизации / И.А. Аршавский // Возрастная физиология. – 1975. – Т. 12, №3. – С. 10-12.

FTAMP 77.05.05

Ерданова Г.С., Улукбекова А.О., Есжан Б.Ф.,
Султамуратова Ю.Ж., Даулет Г.Д.

Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы, Қазақстан

ТІЗЕ БУЫНЫНЫҢ ГОНИОМЕТРИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ КЕШЕНДІ РЕАБИЛИТАЦИЯ ӘДІСТЕРІНІҢ ӘСЕРІ

Ерданова Гулшырын Серікбайқызы, Улукбекова Айгуль Орынғалиқызы, Есжан Бану Газизқызы, Султамуратова Юлдузхан Жумабайқызы, Даулет Гүлдана Даулетқызы

Тізе буынының гониометриялық көрсеткіштеріне кешенді реабилитация әдістерінің әсері

Аңдатпа. Спорттық жаттығулар барысында тірек-қимыл аппаратының жарақаттарының ішінде жиілігі жағынан 50% құрайтын зақымдалулар тізе-буын бөлігінде кездеседі екен. Тізе буынының анатомиялық және биомеханикалық құрылымының күрделілігі мен түсетін жүктеменің ретсіздігі зақымдалулардың жиілігіне де байланысты. Футболшылардың тірек-қимыл аппаратындағы жарақаттардың реабилитациялық жағдайының негізгі әдістерінің бірі денелік жаттығулар болып табылады. Футболшылардың тізе буынының құрылымының зақымдалуы радикалды ота жасауды және арнайы реабилитацияны қажет ететін патологияның бірі болып табылады. Сонымен қатар, реабилитация мен оның спортшы ағзасына әсері әсіресе буын байламдар зақымдалған жағдайда әсері толыққанды зерттелмеген. Сондықтан да спортшылардағы буын жарақаттарындағы емдік дене тәрбиесінің кешені мен массаж түрлерін және олардың денелік және психоэмоциональды саулыққа әсерін бағалай отырып ғылыми негіздеме жасау өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Түйін сөздер: оңалту, емдік дене шынықтыру, гониометр, емдік гимнастика, жарақаттану, Хаджистамов көрсеткіші.

Yerdanova Gulshirin Serikbaykizi, Ulukbekova Aygul Oryngalievna, Yeszhan Banu Gazyzovna, Sultamuratova Yulduzhan Zhumabaykizi, Daulet Guldana Dauletovna

The impact of integrated methods of rehabilitation using goniometric indicators of the knee joint

Abstract. During sports exercises, among the injuries of the musculoskeletal system in the knee-joint part, the frequency of which is 50%. The complexity of the anatomical and biomechanical structure of the knee joint and the load disorder depend on the frequency of injuries. One of the main methods of rehabilitation of injuries in the musculoskeletal system of players are physical exercises. The defeat of the structure of the knee joint by football players is one of the pathologies that requires radical surgery and special rehabilitation. In addition, the reaction and its effect on the athlete's body is not fully understood, especially in the case of damage to the articular ligaments. Therefore, one of the urgent problems is the development of a complex of therapeutic physical culture and massage in the wounds of the joints of athletes and scientific justification with an assessment of their impact on physical and psycho-emotional health.

Key words: rehabilitation, physical therapy, goniometer, physiotherapy, injury, indicator Hajstamov.

Ерданова Гулширин Серикбаевна, Улукбекова Айгуль Орынғалиевна, Есжан Бану Газизовна, Султамуратова Юлдузхан Жумабайқызы, Даулет Гүлдана Даулетовна

Влияние методов комплексной реабилитации на гониометрические показатели коленного сустава

Аннотация. В ходе спортивных упражнений частота травмы опорно-двигательного аппарата в колено-суставной части составляет 50%. Сложность анатомической и биомеханической структуры коленного сустава и беспорядок нагрузки зависят от частоты повреждений. Одним из основных методов реабилитационного состояния травм в опорно-двигательном аппарате футболистов являются физические упражнения. Поражение структуры коленного сустава футболистами является одной из патологий, требующей радикальной операции и специальной реабилитации. Кроме того, реакция и ее влияние на организм спортсмена не изучены в полной мере, особенно в случае повреждения суставных связок. Поэтому одной из актуальных проблем является разработка комплекса лечебной физической культуры и массажа в ранах суставов у спортсменов и научного обоснования с оценкой их влияния на физическое и психоэмоциональное здоровье.

Ключевые слова: реабилитация, лечебная физическая культура, гониометр, лечебная гимнастика, травма, показатель хаджистамова.

Кіріспе. Жылдан жылға халықаралық спорт алаңында жүлделі орынға деген бәсекелестік ұлғаюда. Алдыңғы қатардан көріну үшін оқу-жаттығу жұмыстары, жарыстар көптеп өткізілуде. Спортшылардың жаттығу жүктемелері мен жарыстарының ауқымды болуына байланысты дамып келе жатқан спорттағы өзекті мәселелердің бірі – спорттық жарақаттану болып отыр. Спорт түріне сәйкес спортшының ағзасына қойылатын талаптар да артып, нәтижесінде жарақаттану қаупі өсті. Шығыс жекпе-жек спорт түріне тән болып келетін тізе буындарының жарақаттары, сіңірлердің созылуы мен үзілуінде әдетте консервативтік ем тағайындалып, олар хирургиялық еммен жиі аяқталып жатады [1, 2].

Реабилитация буындар қимылы мен бүкіл аяқ бұлшық еттерін жетілдіруге арналған кешенді бағдарламадан тұрады. Ол өз кезегінде ұзақ уақытты талап етеді. Нәтижесінде спортшы спорттан ұзақ уақытқа қол үзіп кетуі мүмкін. Сондықтан, негізгі назарды спорттық жарақаттың алдын алуға және жарақат бола қалған жағдайда тиімді емдеуге аудару керек. Себебі: жарақаттан кейін спортшының қайта қалпына келуі және спорттық қызметін жалғастыру кезеңі көп уақытқа созылып кетеді. Бұл спортшының дене қабілеттерінің төмендеуіне (дайындық, жаттығу, жарыс) әкеп соғады.

Қандай спорт түрінде болмасын жарақаттар алу жиілігі кездеседі, дегенменде, футболмен айналысатын спортшыларда басқа да спорт түрлерімен салыстырғанда жарақат алу жиілігі, соның ішінде тізе буын бөлігіндегі сырылулар, жырылулар және де буынның анатомиялық құрылымының бұзылуы мен буын қалтасындағы синовиальды сұйықтықтың қысымының өзгеруі, буын созылғыштығының серпімділігінің бұзылысы секілді күрделі патологиялық ауырсынулар туындап жатады [3].

Буын жарақаттарының туындауы себептері, түрлері және алдын алу.

Зақым, жарақат (грек: травма – жара, жарақат) түрліше сыртқы әсерлердің салдарынан болады. Бұл жағдайда тін бүтіндігінің сақталуы да, бұзылуы да мүмкін.

Зақымданудың себептерін, сақтандыру және емдеу тәсілдерін зерттейтін медицина ғылымының саласын *жарақаттану* деп атайды [4, 5].

Жарақаттардың қандай жағдайда, не себептерден пайда болуына байланысты олар бірнеше түрге бөлінеді: өндірістік, тұрмыстық, көшелік, көліктік, спорттық және соғыс жағдайындағы зақымдар. Бұлардың ішінде ең сирек кездесетіндері – спорттық зақымдар

(2 %). Бірақ ең жеңіл спорттық зақымның өзі спорттық жұмыс қабілетін төмендетіп, спорттық нәтижелерге әсер ететін болғандықтан оның алдын алып, болдырмауға тырысу керек. Ол үшін әр дене тәрбиесінің мұғалімі, әр жаттықтырушы спорттық жарақаттардың пайда болу себептері мен жағдайларын білуге және жедел медициналық көмек көрсетуге дайын болуға тиіс. Тек сонда ғана жарақаттанудан, олардың асқынуынан сақтандыру мүмкіншілігі туады [6, 7].

Әр спорт түрінде жарақаттану қаупі де әр түрлі болады. Оған себеп зақымданудың *мешеулік* (экстенсивтік) және *үдемелі* (интенсивтік) көрсеткіштері.

Мешеулік көрсеткіші – әр спорт түріндегі зақымданудың %-дық көрсеткіші. Мысалы, жарақаттанған 100 спортшының 12-сі жеңіл атлетикамен шұғылданушылар болса, спорттың бұл түріндегі мешеулік көрсеткіштің 12 болғаны [8].

Үдемелі көрсеткіші – әрбір 1000 спортшыға шаққандағы зақымдардың саны, демек, ол спорт түріндегі жарақаттану қаупін дәлірек сипаттайды.

Жалпы спорттық зақымдардың ішінде жиі кездесетіндері – соғып алу, бұлшық еттер мен сіңірлердің созылуы, жыртылуы, үзілуі. Бұлар жабық жарақаттарға жатады. Жабық дейтін себебі теріде жара болмайды. Ашық жарақатта теріде жара болады. Ашық спорттық жарақаттардың ішінде жиі кездесетіндері – терінің сыдырылуы, сызаты.

Әрине, жаттығу барысында, жарыс кезінде ауыр жарақаттар да кездеседі (буынның шығып кетуі, сүйектің сынуы, мидың шайқалуы, буындардың, омыртқа жотасының зақымдары, т.б) [9, 10].

Жаттығу мен жарыс кезінде ең жиі зақымдалатын дене бөлімдері бар. Олар әр спорт түрінде әр түрлі. Дегенмен, ең көп жарақаттанатындары: аяқ-қол тіндері (бүкіл зақымдардың 80%-нен астамы), оның ішінде буындар, ал буындар ішінде – тізе мен сирақ-аяқбасы буындары. Спорттық гимнастика мен шаңғыда сондайлықты жиілікпен аяқ сүйектері, буындары, бұлшық ет пен сіңірлері зақымданады. Боксшыларға бас пен беттің жарақаттары (65%) тән болса, баскетболшылар мен волейболшыларға қолының бастарының зақымдары дағдылы (80%). Теннис ойнаған кезде шынтақ буындарының жарақаттары 70%-ға дейінгі жиілікпен кездессе, футболшыларда тізе буындарының зақымдары 48% шамасында болады [11, 12].

Сонымен, спорттық зақымдарға ортақ ерекшеліктер: спорттық жарақаттардың 90 %-ы жеңіл

жарақаттар (орташа және ауыр жарақаттар орта есеппен 9% және 1%); көбінесе жабық зақымдар кездеседі; әр спорт түріне тән жарақаттар бар және олар белгілі бір дене бөлімдеріне топтасады (буын, сіңір, бұлшық еттерде).

Тірекқозғалыс жүйесінің зақымдары. Тірекқозғалыс жүйесінің зақымдарының ішінде жиі кездесетіндері соғып алу, буын тіндерінің жарақаттары, бұлшық ет пен сіңірдің созылуы, үзілуі, сүйектердің сынуы, буындардың жартылай немесе толық шығып кетуі.

Соғып алу (жұмсақ тіндерді). Соғып алған жерде көзге көрінетін жара болмайды. Терінің бүтіндігі сақталады. Ішкі ағзалардың, сүйектің зақымдалуы сирек кездеседі. Бұл – жабық жеңіл жара. Бірақ соғылған кезде қан тамырлары рефлекторлы жолмен тарылады да, артынша кеңиді. Соның салдарынан гиперемия (қан кернеуі) пайда болады да, тін жасушалары жаншылып, оларда қызметтік, кейде құрылымдық өзгерістер дамуы мүмкін. Соғып алған кезде қан тамырларының зақымдануының және гиперемия мен ұйыма сұйықтардың (серозная жидкость) тіндерге сіңуінің салдарынан қан ісігі (гематома) қалыптасып, жүйке талшықтарын қысып ауыртады. Өте қатты соғып алған жердің мыжылуы немесе шіруі (некроз) де ықтимал [13, 14].

Белгілері: Соғып алысымен қан ісігі пайда болады. Бұлшық ет, сүйек қабығы (надкостница) соғылса, қан ісігі 2-3 тәуліктен кейін біліне бастайды. Буындарды соғып алғанда буын қуысына қан, т.б. биологиялық сұйықтардың жиналуы мүмкін. Мұны гемартроз дейді. Соғып алған жер ауырып, мазалайды.

Соғып алу белгілері 1-2 күннен 6-12 күнге дейін сақталады. Біртіндеп қызарған жер көгеріп, одан жасыл, сарғыш тартып барып басылады.

Буындардың зақымдары – спорттық жарақаттардың ішіндегі өте жиі кездесетіні. Көбінесе тізе мен аяқбасы буындары жарақаттанады.

Тізе буыны – орган жіліктің төменгі буын беті асықты жіліктің жоғарғы буын бетімен және тізе тобығымен беттесіп, тізе буынын түзеді. Бұл буын ішкі жағынан қатпарлар жасап кең буын қапшығымен қоршалған. Буын қапшығының алдыңғы беті мен тізе тобығын қоршап, төртбасты еттің сіңірі асық жілікке жетіп тіркеледі де буынды бекітеді. Тізе буынының тағы бір ерекшелігі – буын ішінде жатқан буынаралық шеміршектері (мениски) мен сіңір байламдары (бірінебірі қайшылана қиғаш келген алдыңғы және артқы буын сіңірі (крестообразные связки) және буынның екі жағымен өтетін бүйір сіңірлері (боковые связки). Сіңірлер

буын сүйектерін бірбірімен қалыптастырады. Тізе тобығы, төртбасты еттің сіңірі және тізе тобығының байламы тізе буынын жазу аппараты деп топтастырылады [15].

Тізе буыны шығыр (блок) буындар қатарына жатады, сондықтан бұл буын арқылы екі түрлі біліктен айнала жүретін қимылдар өтеді. Көлденең біліктен айнала сирақты бұғу жазу, ал тік біліктен айнала ішке және сыртқа айналдыру қимылдарын жасауға болады. Ішкі және сыртқы менискалардың барша спорт түрлерінде зақымдалуы мүмкін, бірақ олар спорттық ойындар кезінде жиірек зақымдалады. Бүйір сіңірлерінің зақымдары күрескерлерге, футболшыларға, шаңғымен таудан жылдам түсушілерге тән. РАКСтың жарақаттары жылдамдық пен күшке негізделген (31.86%), циклді түрлерде және спорттық ойындарда (20.78%) басымырақ кездеседі. Мысалы, жеңіл атлетикада бұл зақымдардың үлесі – 73%.

Тізе буынының зақымдану жолдары: физиологиялық шектен тыс айналдыру қимылдары; тізе буынын тым жылдам бүгіп жазу, тік аяқпен жер тірей құлауы немесе жерге қону; соғып алу, қысылып қалу, т.б.

Тізе буынының зақымдануына себепкер болатын жайттар: бұлшық еттер мен сіңірлердің қалжыраудан қатаюы, зорығуы, жиі жеңіл жарақаттардың салдарынан өзгеруі.

Белгілері: Жарақаттанған буын ауырып, кейде тіпті қатты ауырғандықтан адамның талпып қалуы да мүмкін. Буынды айналдыру немесе жазу әрекеттерін жасағанда ауырғаны күшейеді. Жазу қимылы мүлде жоғалып, блокада (қимылсыздық) болуы да ықтимал. Бұл – менискалардың зақымдарына тән құбылыс. Буын қуысы қанға, т.б. биологиялық сұйықтарға толып кетеді (гемартроз). Гемартроздың үш сатылы дәрежесін белгілеуге болады. Біріншісінде буын қуысындағы сұйық пен қан көлемі 10-15 мл шамасында. Буынның сыртқы түрі оншалықты өзгере қоймайды. Аздап ауырып, қимылдары сәл қиындайды. Гемартроздың басты белгісі – Хаджистамов көрсеткіші – тізені бүккенде тобықтың екі жағында бұлтиған төмпешіктердің пайда болуы.

Екінші дәрежелі гемартрозда буын қуысына жиналған қан көлемі 60 млдей. Буын жуандап, пішіні бұзылады. Жоғарыда көрсетілген белгілер күшейіп, оларға тізе тобығының қозғалғыштығы (баллотирование) қосылады.

Үшінші дәрежелі гемартроздың басты белгісі – буын блокадасы, яғни бұғу жазу, әсіресе жазу қимылы мүлде жоғалады. Буын күп болып

ісіп кетеді. Бұл кезде буын қуысына 100 мл аса қан, басқа да сұйықтар жиналуы мүмкін [16, 17, 18].

Қиғаш сіңірлер үзілсе – ”тартпа қобди“ белгісі пайда болады. Ал *бүйір сіңірлер үзілгенде* айналдыру қимылдарын шектен тыс жасауға болады (ішкі сіңір үзілсе, ішке қарай, сыртқы сіңір үзілсе, керісінше сыртқа қарай).

Тізе буынының жеңіл жарақаттарында (микротравма), әсіресе олар жиі кездесуден созылмалы бағыт алса (хроническая микротравматизация) буын оқтыноқтың ауырып, буын қуысына су жиналып, қимыл жасау мүмкіншілігі бұзылады. Буын сықырлап, бүгіп жазу қимылдарын ұзақ отырыстан кейін бірден жасай алмай қалады [19].

Бұл жағдайларда буынның әр түрлі созылмалы ауруларының қалыптасуы мүмкін. Олар: синовит – буын қапшығының ішкі кілегей қабығының қабынуы; хондропатия және хондромаляция – буын шеміршектері құрылымының өзгеруінен буынның қимылқозғалысының қиындауы; артроз – буын тіндері құрылымының, пішінінің және қызметтік қабілетінің өзгеруі, т.б.

Сирақаяқбасы буыны – сирақ сүйектері мен толарсақ сүйек арасында орналасқан. Бұл шығыршық буындар қатарына жатады. Буын қапшығы буын бетінің шетіне тіркелген. Буын қапшығының сыртымен ішкі және сыртқы байламдары өтеді. Буын осы сіңір байламдары арқылы бекиді. Бұл буында көлденең біліктен айнала бұғу және жазу қимылы өтеді. Сонымен қатар толарсақ сүйектерінің қатысуымен аяқбасын ішке және сыртқа айналдыру, әкелу және әкету қимылдары да жүреді [20].

Сирақ-аяқбасы буынының жаттығу барысында соғылуы, шығып кетуі, оның сіңірлерінің созылуы, жыртылуы, үзілуі мүмкін. Бұл зақымдарда қан ісігі пайда болып, қимыл-қозғалыс қиындайды.

Сирақ-аяқбасы буыны жарақаттанғанда *өкше* (ахилл) сіңірінің жарақаттануы мүмкін. Өкше сіңірі сирақтың үшбасты етінен түзіліп, өкше сүйегінің бұдырына бекиді. Бұл тұтасымен жиырылғанда тізені, аяқбасын бүгеді, өкшені көтереді. Жалпы аяқтың тік тұруын қамтамасыз етеді.

Белгілері: Ахилл сіңірі үзілген кезде сырт еткен дыбыс естілуі мүмкін. Зақымдалған аяқтың ұшына тұра алмайды. Етбетінен жатқанда аяқбасы салбырап қалады, сирақтың үшбасты етін басқанда аяқбасы қозғалмайды [21].

Бұлшық еттер мен сіңірлердің зақымдары мен аурулары. Бұлшық еттердің, сіңірлердің

созылуы, жартылай немесе толық үзіліп кетуі мүмкін. Бұл жарақаттар бұлшық ет пен сіңірдің астасқан жерінде немесе сіңірдің сүйек қабықшасына бекітілген жерінде пайда болады.

Себептері: тура соққы тиюі; кенеттен бұлшық етті оқыс қатайту (мысалы, стартта секіргенде); үйлесімсіз қимылдар жасау (мысалы, құлап бара жатқанда қарсыласу); бұлшық еттің созылғыштық мүмкіншілігіне сәйкес келмейтін қимылдар.

Себепкер болатын жайттар: бұлшық еттердің ұдайы зорығуы, шаршаған кезде бұрынғы қалпына келтіру әрекеттерін қолданбау; бой жазуды сыртқы ортаның ерекшеліктеріне сай жүргізбеу; бұлшық етті жаттығу қарсаңында дұрыс дайындамау; дұрыс тамақтанбау; арақ-шараппен, шылыммен улану; созылмалы қабыну ошақтарының болуы, т.б.

Жаттығу барысында, көбінесе (62% – аяқ, 22% – қол) бұлшық еттер зақымдалады. Қай бұлшық еттің зақымдалуы спорт түріне байланысты.

Белгілері: Бұлшық ет созылғанда оның ауырғаны тез басылады. Жаттығулар орындаған кезде ауырғаны күшейіп, ол аяқталған соң басылады. Созылған бұлшық ет тұсында ісік пайда болып, қимыл-қозғалыс қиындайды.

Бұлшық ет, не сіңір үзіліп кетсе, сол жер оқыстан қатты ауырып, қимыл жасау мүмкіншілігі жоғалады. Зақымдалған бұлшық етті қимылдатқан кезде ауру күшейеді. Біраз уақыттан кейін қан ісігі қалыптасады. Егер бұлшық ет торлық үзілмей, тек оның кейбір талшықтары ғана зақымдалса, сол жерде қимылдауға бөгет болып тұрған бөгде бір зат тұрғандай сезім пайда болады. Бұлшық еттің күші азайып, ауырады. Бір-екі күннен кейін зақымдалған жерден төменірек қан ісігі айқындалады [22].

Бұл аурулардан сақтандырудың негізгі жолы – жаттығу жүйесін дұрыс құру, жаттығулардың биомеханикалық құрылысын білу. Жаттығудан кейін тірек-қозғалыс жүйесін қалыптастыратын әдістерді тиімді қолданып, зорығудан сақтана білу керек. Жеңіл зақымдарға үстіртін қарамай, толық емделудің де маңызы зор. Жаттығу тәртібін ғана сақтап қоймай, тамақтану, дем алу, т.б. тәртіп ережелерін орындаудың да пайдасы аз емес. Созылмалы қабыну ошақтарын емдеп, жұқпалы аурулардан, суықтан сақтана білу керек.

Тірек-қозғалыс жүйесінің зақымдалу қаупі анаболиктік стероидтар, т.б. допингтер қолданғанда айтарлықтай өсетінін ескеру қажет.

Буынның шығып кетуі – буын сүйектерінің дағдылы қалыптан таюы. Буын шығып кеткен-

де буынның қапшығы, сіңірлері және айналасындағы жұмсақ тіндер де зақымдалады. Буынның толық немесе жартылай шығуы мүмкін.

Себептері: тура соққы, шектен тыс қимыл.

Ең жиі шығатын буындар: күрескерлерде – топша (акромион – бұғана) және иық буындары, гимнасттарда – шынтақ буыны [23].

Белгілері: Буын тұсы оқыстан қатты ауырып, адам шыққан қол-аяғын ыңғайсыз қалыпта ұстайды. Бұл қалыпты өзгерту әрекеттері ауруды күшейтеді. Буынның сырт пішіні де өзгереді, орнынан тайған сүйек шодырайып шығып кетеді, ал оның дағдылы орнында ойыс пайда болады.

Сынық деп сыртқы әсердің салдарынан сүйек бүтіндігінің бұзылуын айтады. Сүйек сынған кезде, оның төңірегіндегі бұлшық еттер, бұлшық ет қабықтары (фасция), қан тамырлары мен жүйке талшықтары да зақымдалады. Сынық ауыр жарақаттар тобына жатады.

Сынықтың түрлері: толық және жартылай (жарылу) сынық, ашық (терінің зақымдалуы), сынған сүйек бөліктерінің қозғалып кетуі немесе қозғалмауы. Егер сынған бөліктер бір-біріне кіріп кетсе, оны шегеленген сынық дейді. Сынықтардың көлденең, қиғаш, спираль немесе винт тәрізді, жарқыншақты, жаншылған болуы мүмкін. Оның түрлері сыртқы соққының ерекшеліктеріне байланысты.

Сыну себептері: соққы, құлау, соғылу, жаншылу, бұралу (мысалы, слаломда, граната лақтыруда), бүгілу, сүйектің бұлшық еттен жұлынып алынуы (гимнастикада кездесетін мықын сүйегі қырының жұлынуы).

Белгілері: Көбінесе зақымдалған адам сүйегінің сынғанын өзі сезеді: сүйек сырт етіп, қатты ауырып кетеді. Қимыл жасау әрекеттері ауыруын одан сайын күшейтеді. Сырттай қарағанда сынған аяқ-қолдың пішіні, ұзындығы өзгеріп (бір-бірінен қысқа болып), ісініп кетеді. Сүйек қозғалмайтын жерден қозғалып, қозғалған кезде сықырлайды (крепитация). Жабық сынықты тек рентген арқылы анықтауға болады, ал ашық сынықта сүйек бөліктері жарадан көрініп жатады [24].

Спорттық жарақаттар ішіндегі буынның зақымдалуына байланысты туындауы өте жиі кездесетін жарақаттар қатарына жатады. Оларды жүйелей қарастыратын болсақ төрт түрге бөлеміз.

Орта деңгейдегі соғылған буын жарақаттары. Көп жағдайда спортшылар соғып алу, көгеру секілді терінің механикалық жарақаттарына аса мән бере бермейді. Бірақта осы аталған

механикалық соққылар нәтижесінде ұсақ қантамырлар жарылуы, терінің қабаттарының зақымдалуы, буын байламдарының үзілуіне алып келіп, үлкен спорттан қол үзуге тура келетін жайттар да кездесіп жатады. Мысалы алатын болсақ, егер спортшыда тізе буынының жарақаты болатын болса, ауырсынулар мерзімі ұзаққа созылғанымен қоймай, буын қапшығындағы сұйықтық қысымының өзгеруі нәтижесінде сықыр секілді дыбыс естіледі. Бұл жарақаттар өз кезегінде спортшының жүруінің қиындауымен қатар отырған кезде тізе буынының бүгілуі де қиынға соғады.

Буынның шығуы немесе буын қалтасының жарақаттары. Буынның орнынан қозғалуы жарақаттары көп жағдайда буын қуысының, буын қапшығындағы сұйықтықтар қысымының өзгеруімен қатар, буын байламдарының жырталуына алып келетін қайтымсыз процестерге дейін жеткізеді. Мұндай жарақаттардан соң буын жанындағы бұлшықеттердің гемартрозына алып кеп соғады [25].

Буын байламдарының созылуы. Мұндай жарақаттар ұлпалар құрылымының зақымдалуынан туындайды. Нәтижесінде буын байламдарының жырталуы болып, ауырсыну сезімдерімен қатар қан кетулер мен көгеру қатар жүреді.

Тірек-қимыл аппаратының жарақаттарының кездесуінің себептерінің бірі жаттығу үдерістерінің ұзақ үзілістеріне де байланысты. Жаттығу мен шынығу апталықтарының алшақтап кетуі ағзаның жұмысқа қабілеттілігін төмендеті отырып, спортшының дағдылы жаттығуларды жасауының мүмкіндіктерінің төмендеуіне де алып келеді [26,27].

Спортшылар ағзасындағы тірек-қимыл аппаратының жарақаттарын клиникалық тұрғыдан бағалау барысында негізгі екі факторды ескеру керек болып табылады.

Олардың бірі ауырсынулар сипаты болса, екіншісі жамбас белдеуі мен аяқтың еркін қозғалатын бөлігі мен зақымдалған буынның функционалды мүмкіндігі болып табылады.

Аталған мәселелерді шешу барысында спортшылардағы тізе-буын жарақаттарының клиникалық-функционалдық статусын объективті түрде бағалау үшін клиникалық, биомеханикалық және электромиографиялық әдістер қолданылады.

Жұмыстың мақсаты. Футболшы спортшылардың тізе буындары жарақаттарында емдік дене жаттығулары, массаж және гидрокинезиотерапия әсерлерінің негізінде жүргізілетін реабилитацияның тиімділігін арттыру.

Жұмыстың міндеттері.

Тізе буынының жарақаттары кезіндегі қолданылатын емдік дене жаттығулары, массаж тәсілдерінің тиімділігіне қатысты ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге талдама жасау;

Футболшы-спортшылардағы ота жасалынған тізе буын патологиясынан кейін кешенді реабилитациялық үдерістің динамикалық көрсеткіштерін зерттеу.

Зерттеу әдістері. Аталған мәселелерді шешу барысында зерттеу жұмыстарында төмендегідей әдістер қолданылды.

– педагогикалық (әдебиет көздерін талдама жасау, педагогикалық тәжірибе, педагогикалық бақылау);

– медико-педагогикалық (гониометрия; санның симметриялық өлшемдеріне антропометрлік өлшемдер алу, санның бұлшықеттерін динамометрлік зерттеулер және жұмысқа қабілеттілікті бағалау тест жұмыстары);

– математика статистикалық әдістер арқылы нәтижені өңдеу.

Зерттеу нәтижелері. Жұмысты орындау барысында жүргізілген зерттеу әдістерінде спортшылардағы буын жарақаттары, оның ішінде футболшылардағы тізе буынының зақымдалуына қатысты әдебиеттер мен ғылыми материалдарға шолу жасалынды. Бұл жұмыстар зерттеулер барысында мақсат пен міндеттер қоюға көмектесті. Ал педагогикалық тәжірибелер барысында мәселені жан-жақты қарастыруға, денелік көрсеткіштер динамикасы мен спортшының психосоматикалық және әлеуметтік денсаулығы туралы, сонымен қатар спортшының дене жаттығуларын қайтадан бастауына қай уақыт немесе ағзаның дайындығының кезеңдерін анықтауға мүмкіндік береді.

Буынның қозғалғыштығын арнайы бұрыштық градуустық жағдайда өлшеу арнайы құрал-гониометр көмегімен жүргізілді (1-сурет).



1-сурет – Тізе буынының гониометриясы

Педагогикалық бақылаудың бұл тәсілі реабилитациялық үдеріс барысында негізгі рөл атқарады. Зерттеудің стандартты тәсілдерін қолдана отырып зерттеу жұмыстарымызды жүргізу барысында тізе буынының созылғыштығын немесе қозғалғыштығын анықтау барысында стандартты гониометр мен антропометрлік өлшемдер алынып отырды. Зерттеу жұмыстарының қателігі 2-3° арасында алынды.

Жұмыстың нәтижелілігіне жету мақсатында зерттеу әдістері бірнеше рет қайта орындалып, нәтиже нақтылығы назарда болды. Гониометрия тәсілі – буынның бүгілу жазылуын (біздің жағдайда тізе буыны) анықтауға мүмкіндік беретін өлшем болып табылады.

Санның бұлшықеттерінің гипертрофиясы, ісіктің деңгейлері, жұмсақ ұлпалардың инфильтрациясы барлығы бақылауда болды. Тізе буынының зақымдалуынан бұлшықеттер гипертрофиясын бақылау мақсатында сантиметрлік лента көмегімен орындалды. Өлшемдер қателік кетпес үшін, екі-үш қайтара орындалып, екі санның көлемімен салыстыру арқылы гипертрофия мөлшері анықталып отырды.

Жалпы буын жарақаттарының қай-қайсысының болмасын негізгі көрсеткіштерінің бірі болып буынның қозғалғыштық деңгейі болып табылады. Оперативті емделгеннен кейінгі жағдайда 3 аптаға дейін спортшылар брейспен жүретіндіктен және осы уақыттар аралығында

тізе буынының байламдарының қалыптасуы жүретіндіктен белгілі бір кезеңге дейін буынды бүгуге рұқсат етілмейді.

Буынның қозғалғыштығы қалпына келтіру 3 айдан кейін ғана 90°-қа бүгуден басталады.

Зерттеу жұмыстарымызда бақылағанымыздай тәжірибелік топтағы спортшыларда 2,5-3 аптадан соң тізені бүгу жаттығулары 90°-қа бүгуге дейін жетістіктерге жетті.

Төмендегі 1-кесте мен 1-суретте көрсетілген нәтижелер тәжірибелік және бақылау тобындағы спортшылардың реабилитациялық жаттығулардан кейінгі нәтижелері көрсетеді.

Ал буынның қозғалғыштығын қалпына келтіру жаттығуларын 3 аптадан кейін бастайды. Буынның қозғалғыштығын қалпына келтіру жаттығуларын бастау кезінде жарақаттың

орнында ісіктің белгілерінің болмауы, ауырсыну дәрежесінің қалыптылығы ескерілуі керек. Өйткені, жаттығудың тиімділігін буындардың қозғалғыштығының тезірек қалпына келуімен де салыстырмалы түрде айтуға болады. Сондықтан да спортшыға жарақаттың ауырлығы мен реабилитациялық жаттығулардың біртіндеп және ұзақ жүргізілетіндігін буынның күрделі немесе жай буын екенін анатомиялық құрылымына қарай сипаттама бере отырып түсіндіру де сырқаттың қалпына келуіне моральдық тұрғыдан әсер ететіні рас.

Сонымен бірге сырқаттың дәрежесі, жүргізілетін ем-шаралардың кезеңдері және жаттығулардың әсерінің клиникалық көрсеткіштермен сәйкес келуі келесі жаттығу немесе емдік шараларға өтуге өз тиімділігін береді.

1-кесте – Тәжірибелік әдістер әсерімен спортшылардағы ота жасалынған тізе буынының гониометриялық көрсеткіштерінің өзгерісі

Тізе буынын бүгуге рұқсат етілген кезеңі (отадан соң 3 апта өткенде)	Ота жасалынған тізе буынының бүгілігінің көрсеткіштері (градуспен)		t	p
	Эксперименталды топ (n=6)	Бақылау топ (n=6)		
	$\bar{X} \pm m$	$\bar{X} \pm m$		
2-3-ші күн	22,9 ± 2,4	17,9 ± 2,6	5,05	< 0,05
6-7-ші күн	38,1 ± 2,6	24,7 ± 2,1	7,31	< 0,01
10-12-ші күн	59,4 ± 1,8	43,4 ± 1,4	10,21	< 0,01
14-ші күн	84,1 ± 4,6	61,6 ± 1,8	10,61	< 0,01
20-21-ші күн	90,6 ± 1,4	72,8 ± 1,6	6,33	< 0,01
28-30-шы күн	90° бүгілген кезеңнен бастап негізгі міндеттердің біріне санның бұлшықеттеріне әсер ететін жаттығулар ұсыну	81,9 ± 0,6	9,11	< 0,01

Тәжірибелік топтағы футболшы спортшылардың тізе буынының бүгілуінің корреляциялық талдамасының динамикалық көрсеткіштері нәтижелері реабилитациялық бағдарламалардың тиімділігін көрсетеді. Буынның бүгілу және жазылу деңгейлерінің нәтижелеріне орай жылдам қалпына келу деңгейлері санның төртбасты бұлшықеттері мен балтыр бұлшықеттеріне арналған жаттығуларды жасауға оң нәтиже бере бастайды.


Жарақат алу сипатына орай жекелей сипаттамалар беретін болсақ, көп жағдайда тізе

жарақаттары, балтыр сүйектерінің ашық және жабық сынықтары, сирек те болса сан сүйектері, яғни ортан жілік сүйегінің сынығы көптеп кездеседі.

Жарақат алуға өте қауіпті кезең спортшы футболшылар үшін 18-19 жас деп алынған. Жылына 1000 футболшының 492-сі алған жарақаттар сипаты жағынан тізе тобығы, үлкен және кіші жіліншік сүйектерінің жарақаты мен буын байламдарының жарақаттары зақымдалуымен сипатталады екен. Айта кететін бір жайт, бұл жас кезеңдеріндегі спортшылар да

дене жүктемелеріне бейімділігінің төмендігімен қатар, эмоционалдылық басым, қарапайым ойын

тәртібі мен ережелерін елемей т.б. жайттарға байланысты болады.



2-сурет – Кешенді реабилитациялық әдістер негізінде спортшылардағы тізе буынының гониометриялық көрсеткіштердің динамикасы

Зерттеу жұмыстарымыздың бір бөлігінің қорытынды нәтижелеріне сүйенсек:

Тізе буынының гониометриялық көрсеткіштеріне кешенді реабилитация әдістерінің әсерін зерттеу барысында жүргізілген зерттеулерде отандық және шет елдік әдебиеттерге шолу жасай отырып, футболшы спортшылардағы тізе буынының жарақаттарының алдын алу

мен зақымдалулар кезіндегі қолданылатын емдік дене жаттығуларымен заманауи әдістерге шолу жасалынды. Зерттеулер барысында негізгі реабилитациялық негіз кинезиотерапияда жатыр.

Гониометриялық зерттеулер барысындағы көрсеткіштер негізінде ($t = 6,33$, $P < 0,01$) буындар қозғалғыштығының артқанын көруге болады.

Әдебиеттер

- 1 Энциклопедический словарь медицинских терминов / Под ред. В.И. Покровского. – М.: Медицина, 2001. – 1659 с.
- 2 Энциклопедический словарь медицинских терминов / Под ред. Б.В. Петровского, в 3-х томах. – М.: Советская энциклопедия, 1984. – 1937 с.
- 3 Валеев Н.М. Основные причины и механизмы травматических повреждений у футболистов // Теория и практика футбола. – 2000. – № 3. – С. 16-20.
- 4 Спортивные травмы. Клиническая практика предупреждения и лечения / Под ред. П.А. Ренстрема. – Киев: Олимпийская литература, 2003. – 470 с.
- 5 Миронов С.П., Бурмакова Г.М. Повреждения коленного сустава при занятиях спортом. – М.: Лесар-Арт, 2000. – 192 с.
- 6 Уилмор Дж.Х., Костил Д.Л. Физиология спорта. – Киев: Олимпийская литература, 2001. – 503 с.
- 7 Медведев М.А. Принципы восстановительного лечения спортсменов после травм ОДА. – М.: Физкультура и Спорт, 2006. – 26 с.
- 8 Лечебная физическая культура: учебное пособие / Под ред. В.А. Епифанова. – М.: «ГЭОТАР Медиа», 2006. – 405 с.
- 9 Частная патология / Под ред. С.Н. Попова. – М.: Академия, 2004. – С. 90-124.
- 10 Анатомия человека: учебное пособие для ВУЗов. – 7-е издание / Под ред. Б.А. Никитюка, А.А. Гладышевой. – М.: Олимпия, 2008. – 624 с.
- 11 Лечебная физическая культура: Справочник / Под ред. В.А. Епифанова. – М.: Медицина, 2004. – 592 с.
- 12 Асташенко О.И. Энциклопедия лечебных движений при различных заболеваниях. – СПб.: Вектор, 2009. – 306 с.
- 13 Шатанави М.М. Физическая реабилитация спортсменов после травм коленного сустава: автореф. дис. ... канд. мед.наук. – М., 1996. – 25 с.
- 14 Козьякин В.И., Сак Н.Н. Основы реабилитации двигательных нарушений. – Трускавец: Українські технології, 2007. – 191 с.
- 15 Андасова Ж.М. Спортивная медицина: учебное пособие. – Алматы, 2009. – 81 с.
- 16 Марков Л.Н. Физическая реабилитация при травмах ОДА у спортсменов: учебное пособие. – 2 изд. – М.: Фис, 1997. – 118 с.
- 17 Петерсон Л. Травмы в спорте / Л. Петерсон, М.П. Ренстрем. – М.: Фис, 1991. – С. 27-30.
- 18 Теория и методика физического воспитания и спорта: учебное пособие для студ. ВУЗов / Под ред. В.С. Кузнецова. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: «Академия», 2003. – 154 с.

- 19 Кривошапко Г.М. Ранняя послеоперационная реабилитация больных с внутрисуставными повреждениями коленного сустава: автореф. дис.... канд. мед. наук. – Курган, 2005. – 25 с.
- 20 Руководство по клинической физиологии движений / Под ред. Л.Л. Шика. – Л.: Медицина, 2000. – 375 с.
- 21 Макарова Г.А. Спортивная медицина: учебник. – М.: Советский спорт, 2003. – 480 с.
- 22 Бадбуркина Е.П. Теоретические предпосылки к артроскопическим вмешательствам на менисках // 4-й конгресс российского артроскопического общества (РАО). – М., 2001. – С. 3-8.
- 23 Тиرونенко Р.А. Возникновение и лечение травм у спортсменов. – М.: Физкультура и спорт, 2001. – 229 с.
- 24 Пивоваров Б.В. Причины травм и их профилактика у футболистов // Теория и практика физической культуры. – 2009. – № 9. – С. 33-34.
- 25 Авакумов Д.Н. Методика физической реабилитации спортсменов после оперативного лечения травматических повреждений связок и менисков коленного сустава: метод. рекомендации. – М.: Академия, 2005. – 78 с.
- 26 Валеев Н.М. Проблема реабилитации спортивной работоспособности футболистов после травматических повреждений // Теория и практика футбола. – 2002. – №1 (13). – С. 23-28.
- 27 Неверкович А.С., Лисицын М.П., Явлинский О.Н. Предупреждение травмирования стопы и голени в традиционных зимних видах спорта// Журнал Медицина и спорт. – М., 2005. – С. 27-29.

FTAMP 77.05.05

Сарсенбаева У.Б., Улукбекова А.О., Сатыбалдина А.Е., Ешпанова Г.Т.

Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан

ОМЫРТҚАНЫҢ БЕЛ ОСТЕОХОНДРОЗЫ КЕЗІНДЕГІ КЕШЕНДІ ФИЗИКАЛЫҚ ОҢАЛТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Сарсенбаева Улан Базарбаевна, Улукбекова Айгуль Орынғалиевна, Сатыбалдина Аида Ермековна, Ешпанова Гаухар Темірханқызы

Омыртқаның бел остеохондрозы кезіндегі кешенді физикалық оңалту әдістемесі

Аңдатпа. Мақалада массаждың және ЕДШ, тренажерларда жаттығулар әсерінен бел остеохондрозында омыртқаның қызметтік жағдайын зерттеу кезіндегі нәтижелері талқыланды. Омыртқаның остеохондрозы кезінде бел бөлігінің морфофункционалды өзгерістерін патогенетикалық түзетуде емдік дене шынықтыру және массаж әдістемесін үйлесімді пайдалану тиімділігі айқын көрсетілген. Бел қимыл қозғалысына тереңдете орындалған емдік дене шынықтыру және массаж әсерінен ауырсыну сезімі төмендеген. Қолданылған мөлшерлі жаттығу (гимнастикалық жаттығуларда және тренажермен қолданылған жаттығулар) терапиялық массаж әдістерін дұрыс таңдау арқылы жасалынған массаж түрлері өз нәтижелерін көрсетті, сонымен бірге қолданылған мөлшерлі жаттығулар адам ағзасындағы жүрек-қан тамырлар жүйесі, тыныс алу жүйелерінің қызметі әлдеқайда жақсартты. Бел омыртқасы остеохондрозымен ауыратын науқастарда осы әдістерді қолдану әсерінен омыртқа бағанасы динамикалық морфофункциясы және физикалық қимыл-қозғалысты арттырды.

Түйін сөздер: бел остеохондрозы, емдік дене шынықтыру, массаж, артериялық қан қысымы, жүрек соғу жиілігі.

Sarsenbayeva Ulan Bazarbaevna, Ulukbekova Aigul Oryngalievna, Satybaldina Aida Ermekovna, Yeshpanova Gauhar Temirhankizi

Complex method of rehabilitation for lumbar osteochondrosis

Abstract. The article discusses the results of massage and physical therapy sessions, simulators when studying the state of the spine in osteochondrosis of the spine. In osteochondrosis of the spine, the effectiveness of the method of therapeutic physical education and massage for pathogenetic correction of morphofunction changes in the lumbar region is clearly shown. Lumbar movement is reduced, thanks to physical therapy and deep massage. The quantitative exercises used (gymnastic exercises and exercises used on the simulator) showed their results on the correct choice of therapeutic massage methods, as well as the applied quantitative exercises significantly improved the function of the cardiovascular system and the respiratory system in the human body. In patients with osteochondrosis of the lumbar spine, the dynamic morphofunction of the spine and physical mobility were increased under the influence of these methods.

Key words: waist osteochondrosis, physical therapy, massage, blood pressure, heart rate.

Сарсенбаева Улан Базарбаевна, Улукбекова Айгуль Орынғалиевна, Сатыбалдина Аида Ермековна, Ешпанова Гаухар Темірханқызы

Комплексная методика физической реабилитации при остеохондрозе поясничного отдела

Аннотация. В статье обсуждаются результаты исследования функционального состояния позвоночника при остеохондрозе поясничного отдела под влиянием физических нагрузок, различных видов лечебного массажа. Выявлены особенности изменения интенсивности болевого синдрома под влиянием разработанной методики, заключающейся в его исчезновении или в ряде случаев – в значительном снижении. Установлено, что дозированная нагрузка (гимнастические упражнения и упражнения на тренажерах), правильный подбор приемов лечебного массажа наиболее эффективных биологически активных точек, а также адекватных упражнений на тренажерах значительно улучшают функции сердечно-сосудистой системы, показатели внешнего дыхания. Положительная динамика морфофункциональных показателей позвоночника и физической работоспособности позволила выделить данную методику комплексной реабилитации как наиболее оптимальную для коррекции функциональных нарушений позвоночника у пациентов с поясничным остеохондрозом.

Ключевые слова: поясничный остеохондроз, лечебная физическая культура, массаж, артериальное давление, частота сердечных сокращений.

Кіріспе. Соңғы кездері остеохондроз ауруы кеңінен таралып келеді. Жалпы статистика бойынша омыртқа ауруымен жер шарындағы адамдардың жартысынан көбі ауыратындығы анықталып отыр. Остеохондроз тек орта жастағыларда емес барлық жас арасында кездесетін ауру [1, 2, 3]. Біздің жүргізген талдауларымыз бойынша ауруды «жаңарту» тенденциясы науқастардың: 16-25 жас аралығында – 24%, 26-55 жас аралығында – 36%, 55 жастан жоғарылар – 40% құрады. Остеохондроз – омыртқа жотасы мен оны қаптап тұратын барлық тіндердің дегенеративті-дистрофиялық ауруы. Дистрофиялық үрдіс – коректенудің бұзылуы, ал дегенерация – тіндердің құрамы мен қасиеттерінің өзгеріске ұшырауы.

Остеохондрозды емдеу және алдын алу үшін ұсынылған әдістемелердің көп болуына қарамастан, олардың тиімділігі жеткіліксіз. Кейбір әдістемелер нақтылауды және жетілдіруді қажет етеді, басқа әдістемелердің тиімділігі аз [4, 5].

Зерттеудің мақсаты: омыртқаның бел бөлігінің остеохондрозы бар емделушілерде аурудың клиникалық көріністерін жоюға бағытталған ЕДШ кешенді әдістемесін жетілдіру.

Зерттеудің әдістері: антропометриялық өлшеу әдісі, математикалық статистика әдістері мен педагогикалық бақылау.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Біз зерттеу үшін 35-45 жастағы бел омыртқасы остеохондрозымен ауыратын 60 науқасты іріктеп алдық. Барлық науқастар 20 адамнан 3 топқа бөлінді, оның ішінде 10 ер және 10 әйел. Тәжірибелік топта 40 адам (1 және 2), бірі (ТТ-1), біз әзірлеген тренажерларда физикалық жаттығулар мен жаттығулардың кешенін пайдаланса, екінші топ (ТТ-2) – осы ЕДШ кешенін, классикалық емдік және нүктелі массажбен ұштастыра отырып пайдаланды. 20 адам бақылау тобын (БТ тобы) құрады, онда емделушілер дәстүрлі физиотерапиялық емшараларды алды, алайда бұл топта ЕДШ мен

массаж сеанстары өткізілген жоқ. Остеохондрозбен ауыратын науқастарды физикалық оңалтудың белсенді әдісін әзірлеу үшін, массажбен бірге аурудың пайда болуы мен дамуының патогенетикалық себептері, сондай-ақ көптеген бақылау және зерттеудің объективті әдістері негіз болды. Емдік дене шынықтыру сабақтарының бағдарламасын құрастырған кезде біздің бірінші және негізгі міндетіміз оңтайлы жүктемені анықтау болды, ол жеткілікті жаттығу әсерін қамтамасыз етеді, сонымен қатар пациенттің өзін-өзі сезінуіне және оның ағзасына жалпы қолайлы әсерін қамтамасыз етеді.

Зерттеу барысында біз зерттелетін контингенттің жүрек соғу жиілігін (ЖСЖ) функционалдық жағдайын және емдік дене шынықтырумен айналысу барысындағы жүктемеге реакциясын зерттедік. Тәжірибеге қатысқан барлық сыналушылардың жүрек соғу жиілігін бірнеше рет анықтау (тәжірибе барысында күн сайын жүргізілетін) біз алған деректердің шынайылығының кепілі болып табылады. Пульс сабаққа дейін және ол аяқталғаннан кейін өлшенді.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде біз тәжірибелік топтарда бірінші сабақ өткізгеннен кейін пульстің ауытқуы бірдей екенін анықтадық:

– 80% (ЭГ-1) және (ЭГ-2) минутына 40-45 соккының жиілеуі байқалды;

– екі топта сыналушылардың 20%-ы минутына 50-55 соккы болды.

Зерттеу нәтижелері (1-кесте) он екінші сабақты өткізгеннен кейін емдік дене шынықтыру сабақтарының (ТТ-1) және массаж сеанстарының (ТТ-2) әсерімен бақылау топтарында нақты айырмашылықтың ($P < 0,05$) төмендеуі (тиісінше 132,6 с/мин 120,7 с/мин дейін және 133,1 с/мин 119,4 с/мин дейін) анықталғанын атап өтуге мүмкіндік береді, бұл шұғылданушылар организмінің жаттығуының алғашқы көріністері мен жүктеменің барабарлығын көрсетеді.

1-кесте – Остеохондрозбен ауыратын науқастарға емдік дене шынықтыру және массаж сабақтарының әсері

Топ	Орташа ($\bar{X} \pm m$) ЖСЖ көрсеткіші (с/мин)		
	Бірінші сабақ	Жиырмамыншы сабақ	Соңғы сабақ
ТТ-1 (n=20)	132,6±9,03	120,7±8,07	116,2±8,01
P		<0,05	<0,01
ТТ-2 (n=20)	133,1±9,07	119,4±8,03	115,3±7,06
P		<0,05	<0,01
БТ (n=20)	132,8±9,04	133,5±9,08	132,7±9,03
P		>0,05	>0,05

Біздің ойымызша, бірінші және екінші тәжірибелік топтарда ЖСЖ-нің ең үлкен өзгерістері соңғы сабақты өткізу кезінде байқалды. Бұл жерде алынған нәтижелер екінші топта да жағымды және сенімді динамиканы дәлелдейді, онда емделушілер ЕДШ жаттығуларынан басқа массаж сеанстарын алды. Мысалы, жүрек соғу жиілігі ТТ-1-де 132,6 с/мин 116,2 с/мин дейін, ТТ – 2-де 132,1 с/мин 115,3 с/мин дейін ($P < 0,01$) нақты төмендеді. Шамасы, физикалық жүктемеге және ағзаның тиісті қайта құрылуына сыналушылардың бейімделуіне қарай омыртқа остеохондрозы бар емделушілердің абсолюттік көпшілігі алынатын жүктемені жеңіл орындады. Сонымен қатар, мұндай жағымды динамика біз әзірлеген әдістемемен айналысатын науқастарда жүрек-тамыр жүйесінің функционалдық мүмкіндіктерінің артуының айғағы болып табылады. Бұл ретте, бақылау тобында ЕДШ айналыспаған және массаж сеанстарын алмаған пациенттер

жоқ, ЖСЖ динамикасында анық айырмашылық жоқ ($P > 0,05$).

Жүргізілген тәжірибелік зерттеу барысында ЕДШ және массаж сабақтарының әсерінен артериялық қысым сияқты көрсеткіште де дұрыс емес өзгерістер болғаны анықталды.

Зерттеу барысындағы артериялық қысымның көрсеткіштері 2-кестеде көрсетілген. Бірінші сабақты өткізгеннен кейін бірінші тәжірибелік топ науқастарының 75%-да артериялық қысымның шамалы өсуі байқалды, 20%-да ол өзгеріссіз қалды және 5%-да қысымның біршама төмендеуі болды. Екінші тәжірибелік топта ұқсас өзгерістер болды: тиісінше 70%, 20% және 10%. Мұндай үрдіс ($P > 0,05$ дұрыс емес өзгерістер) бүкіл зерттеу барысында сақталды. Сабақтарда АҚ өлшеу жүктемені бағалау үшін жүргізілгенін атап өту қажет, өйткені жүктемеден кейін АҚ едәуір ұлғаюы мүмкін.

2-кесте – Остеохондроз ауыруымен ауыратын науқастарда ЕДШ және массаждың АҚ-ға әсері

Топ	Орташа ($\bar{X} \pm m$) САК/ДАК көрсеткіштері (мм с.б.)		
	Бірінші сабақ	Жиырмамыншы сабақ	Соңғы сабақ
ТТ-1 (n=20)	117,2±6,72/73,5±3,55	116,9±6,11/72,9±5,49	116,4±6,12/72,3±5,42
P		>0,05	>0,05
ТТ-2 (n=20)	118,1±7,30/74,0±3,79	117,8±7,15/73,9±3,85	117,4±7,03/ 73,3±3,71
P		>0,05	>0,05
БТ (n=20)	117,9±6,80/74,0±3,79	117,7±7,05/ 73,9±3,85	117,4±7,03/ 73,3±3,71
P		>0,05	>0,05

Зерттеу барысында біз, сондай-ақ тәжірибелік әдістеменің әсерінен ауырсыну синдромының динамикасын зерттедік. Барлық топтарда он балдық шкала бойынша ауырсыну синдро-

мын субъективті бағалау жүргізілді. Зерттелетін контингенттің субъективті жағдайы негізінде ауырсыну синдромын бағалау деректері 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте – Остеохондрозбен ауыратын науқастардағы ЕДШ және массаж әсерінен ауырсыну синдромының динамикасы

Топ	Тәжірибеге дейін						Тәжірибеден кейін						
	Әлсіз ауырсыну (ұпайлар)			Орташа ауырсыну (ұпайлар)			Ауырсыну жоқ	Әлсіз ауырсыну (ұпайлар)			Орташа ауырсыну (ұпайлар)		
	2	3	4	5	6	7		2	3	4	5	6	7
ТТ-1 (n=20)				10	7	3	17	1	1	1			
ТТ-2 (n=20)				10	6	4	19	1					
БТ (n=20)				9	7	4			4	3	7	4	2

Зерттеудің басында сауалнама нәтижелері зерттелетін контингенттің 100% орташа қарқындылықтағы ауырсынуын анықтауға мүмкіндік берді және де барлық үш топта бірдей қарқындылықты анықтауға мүмкіндік берді.

Емдік дене шынықтыру және массаж курсы аясында науқастар көңіл-күйінің айқын жақсарғанын атап өтті. Осылайша, әзірленген әдістеменің әсерімен бірінші ТТ-да ауырсыну синдромы 17 сыналудың жоғалды, бұл аталған топтағы науқастардың жалпы санының 85%-ын және тек үш науқаста, яғни 15% жағдайда әлсіз ауырсыну сезімі қалды.

Осындай мәліметтер, екінші тәжірибелік топта да алынды, онда классикалық және нүктелі массаж сеанстары қосымша пайдаланылды. Бұл жерде 19 сыналудың ауыруы толығымен жоғалды (бұл ТТ-2 науқастарының жалпы санының 95%-ын құрайды), ал әлсіз ауырсыну тек бір науқаста қалды (яғни 5% жағдайда), бұл массаждың сыналудың ауырсыну синдромының пайда болуына оң әсерін көрсетеді.

Сонымен қатар, біз тек физиотерапиялық процедуралар қолданылған бақылау тобында осындай үрдіс байқалмады. Оның үстіне, ауырсыну синдромының жоғалуы бірде-бір науқаста байқалған жоқ және тек 7 науқаста ғана (35%) ауырсыну қарқындылығы орташадан әлсізге дейін азайды. Қалған 13 тексерілген науқастарда (65%) ол бұрынғы деңгейде қалды.

Тәжірибе жүргізгенге дейін және оны аяқтағаннан кейін ауырсыну көріністері арасында-

ғы корреляциялық тәуелділікті талдау эксперименталдық топтарда тиісінше 0,916 және 0,927 ($P < 0,05$) корреляцияның жоғары коэффициентін көрсетті. Ауырсыну синдромының жоғалуын және оның азаюының бірқатар жағдайларында эксперимент топтары емделушілерінде, біздің ойымызша, төмендегілерді түсіндіруге болады.

Изотониялық және изометриялық жаттығулар бұлшықет кернеуін талап етеді және жаңа миофибриллді синтездеуді ынталандырады, демек, бұлшықет көлемі орташа ұлғайған кезде әрбір талшықтың күшін барынша арттырады. Дене жаттығулары бұлшықеттердің нығаюына және қан мен лимфа айналымының жақсаруына ғана емес, сонымен қатар омыртқа – қозғалыс сегментіндегі физиологиялық тепе-теңдікті қалпына келтіруге бағытталған компенсаторлық бейімдеу механизмдерін әзірлеуге де ықпал етеді. Сонымен қатар, массаж процедураларын қолдану қабынуы бар жерлерде қан мен лимфа айналымын одан да қарқынды күшейтеді. Осы ауру ошақтарынан қанның жалпы тогына қалыпты қанға жат ақуыз заттарды жуады.

Зерттеудің келесі кезеңі омыртқаның функционалдық жағдайын зерттеу болды. Кешенді оңалту іс-шараларынан кейін ЕДШ және массаж құралдарымен омыртқаның функционалдық жағдайын бағалау үшін «күй» жағдайынан алға қарай көлбеу шамасы бойынша икемділік көрсеткішін өлшеу жүргізілді. Функционалдық сынаманың деректері 4-кестеде келтірілген.

4-кесте – Кешенді оңалту аясында омыртқаның қозғалу көрсеткіштері

Топ	Өзгеріссіз		Жақсаруы (сантиметр)						Нақты айырмашылық
	0		1-4		5-8		9-10		
	N	%	n	%	n	%	n	%	
ТТ-1 (n=20)	2	10	11	55	6	30	1	5	<0,05
ТТ-2 (n=20)	1	5	10	50	7	35	2	10	<0,05
БТ (n=20)	17	85	3	15	-	-	-	-	

Кестеден көрініп тұрғандай, біз әзірлеген және енгізген әдістеменің әсер ету нәтижесінде екі тәжірибелік топ емделушілерінде оң

өзгерістер байқалады. Осылайша, ТТ-1-де алға еңіс шамасына мынадай өзгерістер болды: 10% жағдайда ол өзгеріссіз қалды, яғни екі

емделушіде; алға еніс тереңдігінің 1-4 сантиметрге артуы 11 сыналудың байқалды (ТТ-1 жалпы санының 55%), еніс тереңдігінің 5-8 сантиметрге артуы 6 сыналудың тексерілгенде байқалды, бұл ТТ-1 жалпы санының 30%-ын құрады, 5%-да (бір сыналуды) еніс 9-10 сантиметрге ұлғайғаны байқалады. Бұл көрсеткіштің одан да қолайлы динамикасы ТТ-2-де анықталған, онда классикалық емдік және нүктелік массаж қосымша қолданылған. Мұнда өзгеріссіз қалған көлбеу шамасы 5%-да байқалды, яғни тек бір сыналудың ғана, көлбеу тереңдігінің 4 сантиметрге артуы 10 адамда (50% жағдайда) байқалды, сыналудың 35%-да көлбеу тереңдігінің 5-8 сантиметрін және екі сыналудың бұл көрсеткіш 10 сантиметрге (5%) жетті.

Қорытынды. 1. Емдік дене шынықтыру, классикалық және нүктелі массаж әдістері

омыртқаның бел бөлігі остеохондрозы бар науқастардың маңызды морфофункционалдық көрсеткішін қамтитын деңгейін арттырумен байланысты. Дайындалған әдістеменің әсерінен тыныштық күйдегі жүрек соғу жиілігі айтарлықтай сиреуі және жүктеме кезінде артериялық қан қысымының едәуір ұлғайғандығы, тыныштық күйде азайғандығы байқалды.

2. ТТ-1, ТТ-2 және БТ науқастардың омыртқасының функционалдық қабілетінің өсуін салыстырмалы талдауда ТТ-2 айналысатындардың зерттелген көрсеткіштерінің көбі маңызды өзгерістер көрсетті. Осылайша, латерофлексия ұлғаюы 3 см-ден 10 см-ге дейін 95%-да анықталды, ал тәжірибелік топтарда өзара қатынастық талдау нәтижесі (ТТ-1 және ТТ-2) тәжірибе жүргізгенге дейін және оны бітіргеннен кейінгі еңкею көлемі арасы 0,910 ($p < 0,05$) және 0,900 ($p < 0,05$) құрады.

Әдебиеттер

- 1 Эпифанов В.А., Ролик И.С. Остеохондрозы позвоночника: руководство для врачей. – М.: Академический печатный дом, 2010. – 344 с.
- 2 Улукбекова А.О., Ерданова Г.С. ЛФК при заболеваниях внутренних органов: учебник для студентов высших учебных заведений. – Алматы: ИП «ОНОН», 2017. – 234 с.
- 3 Авсиевич В.Н., Федоров А.И., Плахута Г.А. Физические упражнения как основа профилактики остеопороза // Современные вопросы биомедицины. – 2019. – Т3(4). – С. 14-36.
- 4 Попадюха Ю.А. Укрепление поясничного отдела позвоночника с помощью нестабильных сфер-тренажеров. / Ю. Попадюха, Сохиб Бахджат Махмуд Аль Маваждех, Л. Катюкова, А. Алёшина // Молодіжний науковий вісник. Серія: Фізичне виховання і спорт / М-во освіти і науки, молоді та спорту України, Волин. нац. ун-т ім. Лесі Українки ; [редкол.: І. Я. Коцан та ін.]. – Луцьк, 2012. – Вип. 8. – С. 101-110.
- 5 Савко Э.И., Камарчук Ю.П. Оздоровительная физическая культура при остеохондрозе поясничного отдела позвоночника // Наука-2020: Совершенствование системы физического воспитания и спортивной подготовки: материалы международной научно-практической конференции. – Россия г. Орел, 2018. – № 7 (23). – С.27-47.

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ
ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ



МРНТИ 77.03.09

¹Ярошенко Д.В., ²Сухов М.В.

¹Екатеринбургский институт физической культуры (филиал) Урал ГУФК, г. Екатеринбург, Россия

²Южно-Уральский государственный университет, г. Челябинск, Россия

АНАЛИЗ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВЛЕННОСТИ СПОРТСМЕНОВ-КАРАТИСТОВ С ПОМОЩЬЮ ЭЛЕКТРОННЫХ ТАБЛИЦ В ПРЕДСОРЕВНОВАТЕЛЬНОМ ПЕРИОДЕ

Ярошенко Данил Викторович, Сухов Михаил Васильевич

Анализ психологической подготовленности спортсменов-каратистов с помощью электронных таблиц в предсоревновательном периоде

Аннотация. Статья посвящена вопросам подготовки квалифицированных спортсменов на этапе предстартовых состояний. Получаемые с помощью оперативного тестирования на основе экспертных оценок данные позволяют анализировать психологическое и психоэмоциональное состояние спортсменов-каратистов. Эффективность управления тренировочным процессом во многом определяется наличием достаточной информации о состоянии объекта управления и характере факторов, оказывающих на него прямое и косвенное воздействие. Как правило, данные превращаются в информацию только тогда, когда они обработаны как на математическом, так и аналитическом уровнях. В свою очередь, именно правильно обработанная информация необходима для принятия эффективных управленческих решений. В качестве программной реализации разработан программный пакет, позволяющий систематизировать, обрабатывать и анализировать информацию о тренировочном процессе. Определено, что повышение эффективности процесса подготовки в спорте высоких достижений возможно за счет использования компьютерных технологий.

Ключевые слова: психологическое состояние, спортсмены-каратисты, анализ.

Yaroshenko Danil Viktorovich, Sukhov Mikhail Vasilievich

Analysis of the psychological preparedness of karateka athletes using spreadsheets in the pre-competition period

Abstract. The article is devoted to the of training qualified athletes at the stage of pre-launch conditions. The data obtained with the help of operational testing based on expert evaluations allow us to analyze the psychological and psycho-emotional state of karateka athletes. The effectiveness of the management of the training process is largely determined by the availability of sufficient information about the state of the control object and the nature of the factors that directly and indirectly affect it. As a rule, data is converted into information only when it is processed at both the mathematical and analytical levels. In turn, it is correctly processed information that is necessary for making effective management decisions. As a software implementation, a software package has been developed that allows you to systematize, process and analyze information about the training process. It is determined that increasing the efficiency of the training process in sports of high achievements is possible through the use of computer technology.

Key words: psychological state, karate athletes, analysis.

Ярошенко Данил Викторович, Сухов Михаил Васильевич

Жарыстарға дейінгі кезеңде электронды кестелерді қолдана отырып, каратэ спортшыларының психологиялық дайындығын талдау

Аңдатпа. Мақала білікті спортшыларды сәре алдындағы дайындық кезеңін жоспарлауға арналған. Сараптамалық бағалауларға негізделген жедел тестілеу көмегімен алынған мәліметтер каратешылардың психологиялық және психоэмоционалды жағдайын талдауға мүмкіндік береді. Оқу процесін басқарудың тиімділігі көбінесе басқару объектісінің жағдайы және оған тікелей және жанама әсер ететін факторлардың сипаты туралы жеткілікті ақпараттың болуымен анықталады. Әдетте, деректер математикалық және аналитикалық деңгейде өңделген кезде ғана ақпаратқа айналады. Өз кезегінде, тиімді басқару шешімдерін қабылдау үшін қажет ақпараттар дұрыс өңделеді. Бағдарламалық жасақтаманы іске асыру ретінде оқу процесі туралы ақпаратты жүйелеуге, өңдеуге және талдауға мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтама әзірленді. Жоғары жетістіктерге жететін спорт түрлеріндегі оқу процесінің тиімділігін компьютерлік технологияны қолдану арқылы арттыруға болатындығы анықталды.

Түйін сөздер: психологиялық ахуал, каратэ спортшылары, талдау.

Введение. Вопросы применения экспериментальных методов в педагогике, психологии и физической культуры имеют четкую научную основу и не раз поднимались видными учеными, такими как А.К. Кульназаров, К.Х. Закирьянов, В.Н. Платонов и др.

Для успешной тренерской деятельности в предстартовом состоянии спортсменов-каратистов разработан программный пакет, который прост и удобен для пользования. Для эффективности желаемого результата победы на соревновании необходимо иметь данные о готовности, в том числе психоэмоционального состояния, и при необходимости вносить коррективы. Психологическая подготовка – система мероприятий по формированию у спортсменов и команд необходимых психических качеств и достижение такой устойчивости, которая позволяет одержать победу в спортивном противостоянии [1].

Наиболее важной характеристикой предстартового состояния является уровень возбуждения, который может повышать или снижать результативность показателей спортсмена-каратиста. Психологическая подготовка помогает создавать такое психическое состояние, которое способствует, с одной стороны, наибольшему использованию физической и технической подготовленности, а с другой – позволяет противостоять предстартовым и соревновательным сбивающим факторам (неуверенность в своих силах, страх перед возможным поражением, скованность, перевозбуждение и т.д.). Психологический контроль за состоянием атлетов, в том числе каратистов, и позволяет обнаружить дезадаптацию задолго до стойкого снижения спортивных результатов [2].

Цель и задачи исследования. Совершенствование системы управления процессом подготовки квалифицированных спортсменов предполагает: наличие механизмов, позволяющих объективизировать разноплановую информацию, характеризующую особенности соревновательной деятельности; реакции организма на тренировочные и соревновательные нагрузки; адаптационные перестройки функций организма на различных этапах тренировочного процесса; воздействие внутренировочных факторов и др. [3]. Рассмотрение указанных аспектов в контексте получения данных о состоянии спортсмена в процессе предсоревновательных воздействий и их оперативной аналитической обработки показывает, что эти задачи могут быть успешно решены при использовании современных компьютерных технологий. Такой может стать

разработка программного пакета для автоматического расчета психологической готовности к поединку кумитэ на основе экспертных оценок в предсоревновательном цикле.

Результаты исследования и их обсуждение. В качестве программной реализации разработан шаблон табличного документа формата MS Excel, который имеет имя «Calculation of indicators.xls». В исходном состоянии шаблон не заполнен данными и состоит из нескольких рабочих листов. Для каждого спортсмена тренер может подготовить свою рабочую книгу, например, переименовав ее название, присвоив фамилию и имя спортсмена, временной период, в который проходил сбор и анализ показателей. Шаблон программного продукта разработан начиная с программной версии Microsoft Office Excel 97-2003, для того чтобы обеспечить возможность его использования, начиная с текущей версии и более поздними версиями [4].

Рабочий лист «Психологическая подготовленность» содержит информацию о показателях психологической подготовленности каратистов (рисунок 1). Уровень психологической подготовленности определялся по следующим компонентам: оценка психологического состояния, оценка эмоциональной устойчивости, в экстремальных ситуациях боя и оценка уровня проявления волевых качеств – настойчивости и смелости.

Для идентификации каждого спортсмена тренер заполняет поля «Идентификатор», «Временной период», секция «Начало исследования» отображает показатели на начало тестового временного периода, секция «Конец исследования» отображает показатели на завершение тестового временного периода.

Показатели психологической подготовленности содержат следующие наименования с процентными величинами измерения: Тест «Градусник» (сантиметры) [5], Тест «10 секунд» (разница в с), Коэффициент эмоциональной устойчивости, Коэффициент настойчивости, Коэффициент смелости и общую оценку психологической подготовленности.

Значение «Показатель» вносится тренером на начало и на завершение тестового периода. Для секции «Начало исследования» значение «%» – начальный уровень показателей подготовленности в каждой группе взят за 100%, для секции «Конец исследования» значение «%» рассчитывается автоматически, по формуле нахождения неизвестного члена пропорции, трём известным членам пропорции всегда можно

найти её неизвестный (четвёртый) член. Значение «Оценка» для каждого показателя рассчитывается индивидуально, в соответствии со шкалами, которые рассчитывались на основании выборки квалифицированных спортсменов [6], оценка выставляется автоматически для каждого показателя, в соответствии со значением «Показатель». Автоматически происходит под-

счет значения «ОБЩАЯ ОЦЕНКА» для каждой секции, при помощи стандартной функции MS Excel «=СРЗНАЧ», диапазон составляют ячейки «Оценка» для каждой секции. Поля, которые необходимы для произведения расчетов, выделены цветом, это сделано для удобства пользователя, нужно заполнять только те поля, которые помечены зеленым цветом.

Идентификатор		Баженов_Никита				
Временной период		01.12.2019 - 29.02.2020				
Показатели психологической готовности	Начало исследования			Конец исследования		
	Показатель	%	Оценка	Показатель	%	Оценка
Тест «Градусник» (сантиметры)	50,3	100	3	70,1	139,36	4
Тест «10 секунд» (разница в с)	1,9	100	5	1,2	63,16	5
Коэффициент эмоциональной устойчивости (%)	30,3	100	2	41,2	135,97	3
Коэффициент настойчивости (%)	39,1	100	2	49,1	125,58	3
Коэффициент смелости (%)	40,1	100	3	48,1	119,95	3
ОБЩАЯ ОЦЕНКА ПсихП			3			4

Рисунок 1 – Лист расчета показателей психологической готовности

Расчет каждого из выше приведенных показателей психологической готовности производится по определенным методикам, для пользователя разработан отдельный рабочий

лист «Расчет показателей псих подг». Данный лист содержит поля, которые помогут рассчитать показатели психологической готовности (рисунок 2).

ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ГОТОВЛЕННОСТЬ							
Тест «Градусник»							
Тест самооценки физического состояния – «градусник»							
Тест «10 секунд»							
Тест «точность оценки десятисекундного отрезка времени»							
	Куэс1	Куэс2	Куэс3	Куэс4	Куэс5	Куэс6	
УЭС							
Коэффициент устойчивости к экстремальной ситуации	0%	0%	0%	0%	0%	0%	
	Куэс1	Куэс2	Куэс3	Куэс4	Куэс5	Куэс6	Значение
Коэффициент эмоциональной устойчивости	0%	0%	0%	0%	0%	0%	0%
	и	Н	Значение				
Коэффициент настойчивости			#ДЕЛ/0!				
	с	С	Значение				
Коэффициент смелости			#ДЕЛ/0!				
	Куэб	Ки	Кс	Значение			
Общий показатель психологической готовности	0%	#ДЕЛ/0!	#ДЕЛ/0!	#ДЕЛ/0!			

Рисунок 2 – Расчет показателей психологической готовности

По умолчанию некоторые ячейки могут содержать ошибки вида «#ДЕЛ/0!», это информирует пользователя о том, что показатели будут рассчитаны после того, как пользователь введет

все необходимые данные для расчета. Ошибка типа «#ЗНАЧ!» может появиться, когда пользователь ввел некорректные данные для расчета, например вместо цифр буквы, или вместо разде-

лителя числа на целую и дробную часть, вместо запятой точку или другой знак.

Эмоциональная устойчивость оценивается в количественных характеристиках, на основе экспертных оценок эмоциональной устойчивости в экстремальных условиях боя. Данные для

расчета показателей берутся из протокола оценки эмоциональной устойчивости спортсменов каратэ-до в экстремальных условиях поединка и протокола оценки волевых качеств спортсменов в поединке, шаблоны которых представлены на рисунке 3.

Протокол оценки эмоциональной устойчивости спортсменов каратэ-до в экстремальных условиях поединка									
Способность адекватно реагировать в экстремальных условиях поединка	1-я минута		2-я минута		3-я минута		Весь бой		
	КС	ОР	КС	ОР	КС	ОР	КС	ОР	
	1. Получение сильного удара – способен/не способен								
2. Получение предупреждения – способен/не способен									
3. Получение травмы – способен/не способен									
4. При психической атаке – способен/не способен									
5. Необъективное судейство – способен/не способен									
6. Активная реакция зрителей – способен/не способен									
Протокол оценки волевых качеств спортсменов в поединке									
Волевые качества	1-я мин		2-я мин		3-я мин		Весь бой		
	КС	ОП	КС	ОП	КС	ОП	КС	ОП	
Настойчивость – проявил / не проявил									
Смелость – проявил / не проявил									

Рисунок 3 – Расчет показателей психологической подготовленности, шаблоны протоколов

Эмоциональная устойчивость оценивается в количественных характеристиках, на основе экспертных оценок эмоциональной устойчивости в экстремальных условиях боя. Если спортсмен способен адекватно реагировать на экстремальные условия боя, то в протокол оценки ставится один балл, если нет – «0» баллов, в случае, когда в бою не было экстремальных ситуаций, ставится знак «—». Баллы в протоколе проставляются в каждой минуте боя. Затем путем суммирования всех баллов выводится общая оценка за весь поединок по каждому виду экстремальных ситуаций боя и высчитывается коэффициент устойчивости к экстремальной ситуации.

Оценка волевых качеств осуществляется следующим образом. Если спортсмен проявлял в бою то или иное волевое качество, то оно оценивается в один балл, если нет – то в «0» баллов, в случае, когда в бою не было ситуаций, связанных с проявлением конкретного волевого качества, в протокол ставится знак «—». Баллы в протоколе проставляются в каждой минуте боя. Затем путем суммирования всех баллов выводится общая оценка за весь поединок по каждому волевому качеству.

Параметры, необходимые для расчета, снабжены подсказками, с помощью компонента «Примечание», ячейки, содержащие такой элемент, имеют характерное красное затемнение в правом верхнем углу. Подсказки содержат кра-

тное описание либо метрики показателя, либо методики проведения метрики.

Выводы. Научные изыскания, дополняющие разделы по подготовленности спорта высших достижений, в том числе и в каратэ, обязаны способствовать повышению эффективности на всех этапах подготовки. В настоящий момент понимание эффективности проведения предсоревновательного и тренировочного процессов на каждом этапе подготовки спортсмена может быть осуществлено только в результате объединения всей информации о спортивных достижениях, полученных тренерами, консультантами, исследователями. Применение информационных технологий во многом может помочь решить вопросы интеграции информационных ресурсов в систему знаний о тренировочной и соревновательной деятельности спортсмена, возможность принимать управленческие решения на основе анализа данных (динамика показателей, отклонения от нормы, снижение тренировочной активности и прочие). Использование инновационных компьютерных технологий позволит на новом уровне систематизировать, обрабатывать и анализировать большие массивы информации. Создание программных продуктов, позволяющих производить комплексный анализ показателей, характеризующих все важнейшие составляющие подготовки спортсменов, можно считать перспективным.

Литература

- 1 Психология спорта - спорту высших достижений: пособие / Е.Д. Белова, Г.В. Ложкин; Белорус. гос. ун-т физ. культуры. – Минск: БГУФК, 2009. – 130 с.
- 2 Занковец В.Э. Энциклопедия тестирований. – М.: Спорт, 2016. – 456 с.
- 3 Платонов, В. Н. Система подготовки спортсменов в олимпийском спорте. Общая теория и ее практические приложения : учебник [для тренеров] : в 2 кн. / В. Н. Платонов. – Киев : Олимпийская литература, 2015. – Кн. 2. – 752 с.
- 4 Ярошенко Д.В., Сухов М.В. Измерение показателей технико-тактической подготовленности каратистов средствами электронных таблиц // Ученые записки университета имени П.Ф. Лесгафта. – 2020. – № 1 (179). – С. 371-376
- 5 Киселев Ю.Я. Психодиагностика спортсменов с целью отбора для подготовки и участия в ответственных соревнованиях: сб. науч. статей; ГДОИФК. – Л., 1975. – 178 с.
- 6 Ярошенко Д.В. Совершенствование спортивной подготовленности в каратэ-до: учеб. пособие для студентов, спортсменов, тренеров и инструкторов. – 2-е изд., переработанное и дополненное. – Челябинск: Изд-во ЗАО «Библиотека А. Миллера», 2019. – 85 с.

ФИЗИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ
НАСЕЛЕНИЯ



FTAMP 77.29.30

**Алимханов Е., Бакаев Б.К., Байзакова Н.О.,
Сабырбекова Л.А.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ КҮРЕСІНДЕГІ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР, ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРДЫҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДАҒЫ ОРНЫ

Алимханов Елемес, Бакаев Биржан Кабылханович, Байзакова Нуржамал Оспановна,
Сабырбекова Лаура Аскарбековна

Қазақ күресіндегі салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптардың рухани жаңғырудағы орны

Аңдатпа. Мақалада ұлттық қазақ күресінде кездесетін салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптарды анықтай келе, олардың этнопедагогикалық және педагогикалық орны қарастырылады. Қазақтың балуандық өнерінің тарихи қалыптасуы, дамуы барысында күрестің мазмұнына енген салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптарды балуандардың орындаудағы мақсаттары айқындалып, оны орындаудың жолы мен тәртібі көрсетіледі. Қазіргі Тәуелсіз Қазақстанда білім беру және мәдени салаларында этнопедагогикалық ғылым жүйеленіп оның рухани жаңғыруда үлкен сұранысқа ие екендігі көрсетіледі. Қазақтың балуандық өнерінде ерте уақыттан бастап кеңінен кездесетін салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптардың күрес ережесінің қалыптасуына, күресу барысында далалық демократиялық тәртіптерінің сақталуына себепші болғандығы дәлелденеді. Осы құндылықтарды ұстану жастарды адамгершілікке тәрбиелеу, үлкенді сыйлау, шыншыл болу, отанды сүйу, денсаулықты сақтау сияқты пайдалы жақтарын тәрбиелік рухани педагогикалық жұмыстарында қолданудың пайдасы жоғары екендігі көрсетіледі. Қазақ халқының жүріп өткен тарихи-қоғамдық уақыттарда қалыптасқан салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптардың қазіргі уақытта қолдану аясы тарылуы себептері айқындалады. Мақала қазақтың ұлттық күресінің теориялық және тәжірибелік тұрғыдан жетілуіне бағытталған.

Түйін сөздер: қазақ ұлттық күресі, балуандық өнер, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар, этнопедагогика, рухани жетілу.

Alimkhanov Yelemes, Bakayev Birzhan Kabykhanovich, Bayzakova Nurzhama Ospanovna,
Sabyrbekova Laura Askarbekovna

The role of customs, traditions of Kazakh wrestling in spiritual revival

Abstract. The article considers the traditions, customs and omens found in the national Kazakh wrestling, and also notes their ethno-pedagogical and educational significance. The order of the formation of Kazakh wrestling is determined, the traditions, customs and signs introduced in the content of the wrestling are examined. The article is aimed at studying and revealing the spiritual and educational roles of Kazakh national wrestling and its development in theoretical and practical directions. At present, in independent Kazakhstan, ethno-pedagogical science is becoming more systematized and demanded in the education and cultural development of the country. It is proved that the steppe democratic discipline was observed in the formation of the rules of the wrestling, which were based on the customs, traditions and superstitions of the people, which were subsequently intertwined with the art of the Kazakh wrestling. The importance of ethical values, such as respect for elders, honesty, love for the motherland, attitude to one's own health in spiritual development and pedagogical work, is noted. It reveals the customs and traditions that existed in the historical epochs of the land, as well as their significance in the Kazakh wrestling at present. Examples and evidence of the existence of some traditions and customs from a very long time, and their connection and presence in other countries are given. The article is aimed at the theoretical and practical development of the Kazakh national wrestling.

Key words: national Kazakh wrestling, tradition, customs, signs, ethnopedagogy, spiritual objections.

Алимханов Елемес, Бакаев Биржан Кабылханович, Байзакова Нуржамал Оспановна,
Сабырбекова Лаура Аскарбековна

Роль обычаев, традиций қазақша күрес в духовном возрождении

Аннотация. Статья рассматривает традиции, обычаи и приметы, встречающиеся в национальной казахской борьбе, а также отмечает их этнопедагогическую и воспитательную значимость. Определяется порядок становления искусства казахской борьбы, рассматриваются традиции, обычаи и приметы, внедренные в содержание борьбы. Статья направлена на изучение и раскрытие духовно-воспитательной роли казахской национальной борьбы и ее развитие в теоретических и практических направлениях. В настоящее время в независимом Казахстане этнопедагогическая наука становится более систематизированной и востребованной в области образования и развития культуры в стране.

Доказано, что степная демократическая дисциплина была соблюдена при формировании правил казахской борьбы, в основу которой легли обычаи, традиции и суеверия народа, которые впоследствии были переплетены с искусством казахской борьбы. Отмечается важность этических ценностей обычаев, традиций, таких как уважение к старшим, честность, любовь к родине, отношение к собственному здоровью в духовном развитии и педагогической работе. Раскрываются роль обычаев и традиций в исторические эпохи народа, а также их значимость в казахской борьбе в настоящее время. Статья направлена на теоретическое и практическое развитие казахской национальной борьбы.

Ключевые слова: национальная казахская борьба, традиции, обычаи, приметы, этнопедагогика, духовные возрождения.

Кіріспе. Қазіргі кезеңде кеңінен қолға алынып отырған еліміздегі рухани жаңғыру халқымызда тарихи қалыптасқан этнопедагогикалық тәрбие жолдарын ұтымды пайдалануды жолға қоюды қажет етіп отыр.

Қазақ халқы салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптарға, ырымдарға өте бай халық және оны өзінің күнделікті тұрмыс-тіршілігінде, шаруашылығында кеңінен пайдаланады. Салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ырымдар өз кезегінде маңызды этнопедагогикалық тәрбиеге ие болып, халықтың рухани байлығын сақтауда тәрбиелік жолдармен оқыту, айту, көрсету, үйретумен жалғасып келеді.

Қазіргі таңда халқымыздың барлық мәдени салаларында этнопедагогикалық ғылым жүйеленіп, анықталып рухани жаңғыруда үлкен сұранысқа ие болып отыр, соның ішінде қазақтың балуандық өнерінде кеңінен кездесетін салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ырымдарды айқындау олардың өз кезегінде адамгершілікке тәрбиелеу, үлкенді сыйлау, шыншыл болу, отанды сүю, денсаулықты сақтау сияқты қажетті пайдалы жақтарымен көрінуде.

Сонымен қатар қандай да болмасын тәрбиелік жұмыстардың нәтижелі болуы, оның өткендегі этнопедагогикалық тамырымен тығыз байланысының болуымен ғана құнды болатындығы дәлелденіп отыр, мысалы қазақтың дәстүрлі мәдениеті туралы зерттеуші Аюбай Құралұлы «...ұлттық дүниетанымды қалыптастыруда қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің алатын орны ерекше. Алайда халқымыздың осы асыл мұрасын оқу-тәрбие жұмыстарында пайдалануы талапқа сай емес» деп көрсетеді [1]. Зерттеушінің осы қортындысының қазіргі уақытта да өзекті екендігін айта отырып, ұлттық дүниетанымды қалыптастыруда қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің алатын орны ерекше екендігін, соның ішінде қазақ күресінің рухани тәрбиесіне арналған еңбектердің қазірге дейін жоқ екендігін атап өтеміз. Осы орайда Қазақстанда 2017 жылы жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының осы олқылықтарды жоюға арналғандығын көруге болады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Халықтың дәстүрлі мәдениетінің бірі қазақтың балуандық өнерінде қалыптасқан салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ырымдарды зерттеу арқылы қазақ күресінің атқаратын тәрбиелік ролін арттыру, халқымыздың мәдени-рухани байлығын арттыруда өзекті мәселе болып табылады.

Зерттеу мақсаты: Қазақ күресінде кездесетін ұлттық салт-дәстүрлерді зерттеу.

Зерттеу міндеттері:

Қазақтың балуандық өнерінде кездесетін салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптарды айқындау;

Салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптардың рухани тәрбиелік орнын көрсету.

Зерттеу әдістемелері:

1. Тарихи, педагогикалық ғылыми-зерттеу әдебиеттерін талдау;

2. Педагогикалық бақылау.

Зерттеу нәтижелері: Қазіргі кезеңдегі әлемдік даму барысында рухани тәрбиенің тұрақтылығы ғана ұлттың өзіндік ерекшелігін сақтап қала алатын үлкен күшке ие екендігін уақыт көрсетіп отыр. Қазақстанда 2017 жылы 12 сәуірінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы «Тәрбие және білім», «Атамекен», «Рухани Қазына», «Ақпарат толқыны» атты төрт бағыттан тұрады, соның ішінде біз қарастырып отырған «Рухани Қазына» – туған жердің дәстүрін, тарихын және мәдениетін құрметтеу, жетілдіру, сақтауға бағытталған [2].

Философия ғылымдарының докторы, профессор Н. Сәрсенбаев өзінің «Әдет-ғұрып, дәстүр және қоғамдық өмір» атты еңбегінде: «Дәстүрге, әдет-ғұрыптың өткен қоғамнан қалған озық түрлері мен тұрмыстық формалары, ырым-жоралары, рәсімдер жиынтығы кіреді» деп анықтама береді [3]. Бұл жерде біз халық арасында қалыптасқан салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптардың өмірге қажетті озық түрлерінің ғана ескеліп алынатындығын және оның мәдениет, шаруашылық, діни бағыттардан тұратындығын көруге болады.

Этикалық сөздікте: «әдет-ғұрып дегеніміз – белгілі бір қоғамда немесе коллективте

белгілі бір тарихи жағдайға байланысты адамдар арасында қалыптасқан қоғамдық тәртіптің түрі. Ол әлеуметтік өмірдің әртүрлілігіне және күрделілігіне қарамастан, белгілі ұқсастық жағдайда адамдардың біркелкі әрекет етуін қалайды. Ал дәстүр дегеніміз әдет-ғұрыптың өмірдегі өсіп жетілген әртүрлі формасы. Ол адамдардың белгілі бір бағыттағы тұрақты іс-әрекеті мен мінез-құлқының ұрпақтан-ұрпаққа белгілі бір формада ауысып берілетін түрі» деп қорытындылайды [4].

Біз бұл айқындаудан халық арасына сіңген әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің адам өміріндегі әсер етуші күшінің үлкен екендігін, тіпті адамдардың қажет болған жағдайда біркелкі әрекет етуіне де ықпал ете алатындығын көреміз және сонымен қатар адамның мінез-құлқына әсер етуші, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып берілетіндігімен ерекшеленетіндігін көруге болады. Осы жағдай әр елдің әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің тарихи ұзақ жылдар бойы сақталуына әсер етеді.

Сондықтан халық арасында қалыптасқан салт-дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға ұлттың ұлт болып қалыптасуымен бірге дамып келе жатқан тарихи құбылыс деп қарап, оны адамдар өмір сүретін ортадағы өзіндік ерекшеліктерді ескеретін, атадан балаға берілетін рухани мұра деп санау керек.

Елдің басынан өткен тарихи-қоғамдық формациялардың, олардың өмір сүрген табиғат ортасының, қалыптасқан діннің әсерінен салт-дәстүрлер уақыт өткен сайын кейбіреулерінің жылдам өзгеріске түсетіндігімен қатар, кейбіреулерінің өте ерте уақыттан бері өзгеріссіз келе жатқандығын байқауға болады. Сонымен қатар ХХ ғасырда Қазақстанның Кеңес Одағы құрамында 70 жылдан астам болуы кезеңінде Кеңестік идеологиялық саясаттың салдарынан ел арасында ғасырлар бойы сақталған көптеген ұлттық салт-дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарды орындауға тыйым салынды, соның ішінде балуандық өнердегі қалыптасқан салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар да бар, қазақ күресі ережелері үлкен өзгерістерге ұшырауы салдарынан ұлттық күрестің бастапқы мазмұны өзгерді, бұл өз кезегінде балуандық өнердің тәрбиелік рухани құндылығын төмендетті.

«Ұлттық тәрбие оның ішінде рухани жетілу саласында этнопедагогикалық құндылықтарды сақтау маңызды іс болып табылады. «Этнопедагогикалық құндылықтардың бастаулары болатын жағдайларға: отбасынан алатын өнеге, өскен орта ерекшелігі, ұлтта қалыптасқан салт-

дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, білім мен рухани тәрбие жатады» деп таратады зерттеуші Е. Алимханов. Бұл жерде этнопедагогикалық тәрбие адамның отбасынан басталатындығын, оған өскен ортаның шаруашылық, әлеуметтік-мәдени дәрежесі әсер ететіндігін, сонымен қатар ұлттың ұстанатын салт-дәстүрлермен қатар, білім мен рухани ділі қосылатындығын көрсетеді [5].

Елдің басынан өткен тарихи-қоғамдық формациялардың, қалыптасқан діннің, табиғат ортасы әсерінен салт-дәстүрлер уақыт өткен сайын кейбіреулерінің жылдам өзгеріске түсетіндігін, ал кейбіреулерінің ел арасында өте көнеден келе жатқандығын көруге болады.

Оған мысал ретінде Олжас Сүлейменов «Олим-пи» сөзі грек тілінен «Билеуші өлімі» деген мағынаны білдіретіндігін көрсете келіп, өлген билеушінің орнына басқа билеуші сайлау үшін арнайы жарыстар мен сайыстар ұйымдастырылып, оған үміткерлердің барлығы еркін қатыса алғандығын, сол сайыста жеңіп шыққан адамға бас билеуші белгісі ретінде түркілер шоқпар бергендігін, ал римдіктер болса оның басына қазіргі кездегідей ағаш жапырағынан «венюк» кигізгендігін дәлелге келтіреді [6]. Олжас Сүлейменовтің осы зерттеулері тарихи жазбаларда сақталған Греция жеріндегі олимпиадалық ойындар желісінде б.э.д. 708 жылдары жарыстар өткізіліп отырған, алғашқы олимпиада ойындарында бір стадиға жүгіру (192 метр 27см), ұзындыққа секіру, найза, табак лақтыру және күресу енгізілгендігімен сәйкес келеді.

Біздің айтарымыз, осы алғашқы олимпиадалық ойындардың өткізілуі себебі де жаңадан ел билеушісін сайлау үшін өткізілуі мүмкін. Оған дәлел ретінде көптеген елдерде және қазақ халқында адам қайтыс болғаннан кейін жылын беру дәстүрі сақталған және сол жылын беру кезінде ат жарыстырып, балуан күрестіру, т.б. сайыстар ұйымдастырылады, бұл жағдай ерте кезден орындалып келе жатқан дәстүр. Бұл қайтыс болған ел билеушінің орнына бір жыл өткеннен кейін жаңадан демократиялық нұсқада жаңадан басшы адамды сайлаудың үлгісі болып саналады.

Еліміздің дене тәрбиесінде балуандық өнер жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуде ерекше орын алып келеді, күреске баулу арқылы шыныққан адамды тәрбиелеумен қатар, балуандық өнер мазмұнында сақталған салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптардың тәрбиелік жағынан пайдалы екендігін және онда адамның рухани байлығын арттыруға әсер ететін жағдайлардың көп екендігін көруге болады. Мысалы онда үлкен адам-

ды сыйлау, күреске шығар алдында рұқсат сұрау, өзінің сыйлаған адамына күреспей-ақ өзінің жолын беру, өзінің тәрбиелік маңызы жағынан құнды болып келеді.

Халқымызда балуандық өнердің кең түрде дамуына қазақ халқы мекендеген үлкен байтақ жерінің болуы. Қазақстан жері арқылы шығыс пен батысты жалғаған «Жібек Жолының» өтуі де үлкен әсерін тигізді. Осы кезеңде бүкіл әлемдік өркениеттің дамуына әсер еткен мәдениет пен материалдық өркендеуге жол ашқан жаңалықтардың өзара алмасулары орын алды. Осы жағдайлар балуандық өнердің дамуына, оның мазмұнына да үлкен әсер етті. Балуандық жекпе-жек өнерлердің түрлері мен мазмұндары өзгерді, сонымен қатар балуандық өнер мазмұнына әртүрлі халықтар арасында қалыптасқан салт-дәстүрлердің өзара араласуына ықпал жасады.

Мысалы қазақ халқында қандай да бір жауапты істі бастамас бұрын жасы үлкен сыйлы адамға барып одан рұқсат сұрау, бата алу дәстүрі жалғасып келеді. Осы дәстүр көптеген халықтарда сақталған, бұл балуандық өнерде де бар. Балуандар күреске шығар алдында үлкен сыйлы кісілерге арнайы барып батасын алып, белдесуге шығу дәстүрі жалғасып келеді. Балуанның бата алу дәстүрін орындауы оны жігерлендіріп, ел алдындағы жауапкершілігін күшейтеді, белдесуге үлкен дайындықпен бару керектігін сезінуіне жол ашады.

Төменгі мысалдардан бата алу дәстүрі қазақ халқында бұрыннан қалыптасқандығын көреміз: - «...Балуан Шолақ: «Менің пірім – Аққошқарым», – дейді екен [7].

...Қажымұқан кілемге шығып бара жатып: «О, Құдай, Бәйдібек ата, Домалақ ана, сақтай гөр!» – деп дауыстай сыйынды [8].

– «...Иә, аруақ!» Итемген атамның аруағы қолдай гөр! – деп Өзаман Шолақ естірте айтты [9].

– «...Өзің аман-есен өскен соң, жауырыны жерге тимеген Ержан палуанға апарып, батасын алып, ұстаздық кеңесін әперемін», – деді Қажымұқанның шешесі [10].

Қазақтар балуандарын ел ішіндегі қадірлі адамдар қатарына санайды. Олардың күшіне танданып бас иеді, пір тұтады, үлгі алады, жеңісіне қарай сыйлықтар береді, киімдері мен заттарынан ырымдап тәбәрік етіп алады.

Қазақ күресінде күресті бастар алдында балуандардың бір-біріне «жол беру, кезек беру» дәстүрі де кеңінен тараған. Бұл жағдай өз күшіне сенімді балуанның қарсыласына бірінші кезекте

оның өз қалауы бойынша денесінен, киімінен алдымен ұстауына, дайындалуына ерік берген. «Жол беру» дәстүрі орындалғаннан кейін өзіне оңтайлы жағдайға ие болған балуан жеңіліп қалса, онда жеңген балуанның мерейі еселеп өсіп, халық оның шын күш иесі екендігіне риза болып мадақтаған. Кезек беру дәстүрі алдымен балуанның өз күшіне сенімді болуын көрсетеді, сонымен қатар жасы үлкенді сыйлауы, немесе сен алыстан келген бізге қонақсың деп «жол беру» дәстүрін сақтауы болып табылады. «Жол беру» дәстүрін орындау, өз кезегінде ұлттық тәрбиелік жолды сақтап, жалғастыруда үлкен маңызы бар.

«Бастан аттау» дәстүрі қазақ халқының көне ырымдарының біріне жатады. Негізгі мағынасы – бір адамның екінші адамның басынан аттауы арқылы жеңгендігін дәлелдеу болса, басынан аттап «күш» алуы бұл түсінік бойынша жеңілген адамның «күші» жеңген адамға өтуі қажет деп санауы және «күш менікі, жеңіліс сенікі» дегенді көрсетуі болып табылады.

Қазақтар арасында балуандыққа түсетін адамды атқа, түйеге мінгізіп ел аралатып мақтап, мадақтап күреске шығару дәстүрі болған. Балуандарды арқандап, шынжырлап, беттерін бояп, бетперде кигізіп те шығаратын жағдайлар да жиі болып тұрған. Күреске шығатын балуандарды «Бас балуан», «Түйе балуан», «Кеуде балуан» деп ат қойып олардың дәрежелері мен күштерінің мөлшерін көрсетіп отырған. Күреске шығамын деген балуан жерге отырып, қарсы жақтан өзімен күресетін балуан шығуын күтіп отырады, егер күресетін адам шықса, онымен міндетті түрде күреседі, ал ешкім шықпаса, онда ол өз сыйлығын алып жеңімпаз атанады.

Балуандарды күреске шығару дәстүрлері туралы мысалдар:

– «... Балуаны келіпті бәйге атымен,

Біздің жаққа белгілі айбатымен.

Балуанын шынжырлап әкеліпті,

Бар Қытайға белгілі қайратымен» деген өлең Көктұмада Сүлеймен болыстың атына берілген аста Қытай балуанын көргенде айтылған сөз [11].

Күреске шығу дәстүрі бойынша белдесуді күтіп отырған балуан өзімен күресемін деп шыққан адамның жасының үлкен-кішілігіне, салмағының ауыр-жеңілдігіне қарамай күресуге тиіс, ал күреспесе «жолын» береді, онда қарсы балуан жеңген болып саналып оның мықтылығын мойындағаны.

Бұрынғы қазақ күресінде «ер кезегі үшке дейін», «итжығыс», «жол беру» тәртіптері

қолданылған. Күресу барысында балуандар бір-бірімен күреспей «жол беру» дәстүрін де орындағаны жиі болған, бұл жағдайда қазақ халқында қалыптасқан жасы үлкенді сыйлау, өз күшіне сену, үлкеннің жағасынан алмау сияқты үлкен тәрбиелік дәстүрді сақтауы себепкер болған.

Қазақ халқында елге танылған сыйлы балуаннан бата алу, тәберік алу, олардың отырған жеріне балаларын аунату, баласын балуанның аяғы арасынан өткізу т.с.с. ырымдарды жасау кең тараған дәстүр, ырым. Ондағы сенім баласының болашақта осы балуан сияқты үлкен күшке ие болсын, осы кісіге қарап өссін, денсаулығы мықты болсын деген ата-ананың тілеуінен туындаған сенім болып табылады.

Мысалы, «...Қажымұқан өз қолынан «ырым» деп дастарқан басында отырғандардың біразына ет асатты...» деген деректен көретініміз, танымал балуанның өзіме тартсын, мен сияқты сыйлы болсын деген тілекті ұсынғандығын көрсетеді [12].

Қазіргі уақыттағы Қазақстанда қолға алынып отырған маңыздылығы жоғары «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырудың үлкен тәрбиелік маңызы бар екендігін көруге болады, соның ішінде балуандық өнерде кездесетін салт-дәстүрлерді қазіргі уақытта жастар арасында тәрбиелік мақсатта қолданудың пайдасы бар екендігін қазіргі жастардың осы

салт-дәстүрлерді орындауы көрсетіп отыр. Ұлттық мәдени-рухани байлықтарды балуандық өнер арқылы дамыту ұлттық дәстүрлер жалғастығын сақтауға, ұлттық күрестің танымдылығын арттыруға, балуандық өнерді дамытуда үлкен мүмкіндіктері бар екендігін көруге болады.

Қорытынды:

1. Елімізде кең көлемде қолға алынып отырған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» қазіргі уақытқа сай пайдалы бағдарлама екендігін атап өтеміз, соның ішінде тәрбиенің маңызды бір саласы болып табылатын балуандық өнер арқылы рухани тәрбиенің мол мүмкіндіктерін ашуға болатындығын айқындап отыр.

2. Қазақ халқында тарихи қалыптасқан салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ырымдар өз кезегінде маңызды этнопедагогикалық тәрбиеге ие болып отырғандығын, сонымен қатар оның аясын кеңітіп зерттеулер жүргізу қажеттігін көрсетеді.

3. Қазақ күресіндегі салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптардың жекелей балуанның мәдени-рухани бағытта өсуіне үлкен мүмкіндіктері бар екендігін, оны тәрбиелік пайдалы бағыттарда тиімді қолдану керектігі дәлелденіп отыр.

Ұсыныс:

– Дене тәрбиесі және спорт мамандықтарын оқыту барысында халық арасында кеңінен тараған этнопедагогикалық пайдалы құндылықтарды қолдану ұсынылады.

Әдебиеттер

- 1 Қазақтың дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 3 бб.
- 2 «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы // Егемен Қазақстан. 12 сәуір 2017 жыл №70 (29051)
- 3 Сәрсенбаев Н. Обычай, традиции и общественная жизнь. – Алма-Ата: Казахстан, 1974. – С. 23-27.
- 4 Кон А.К. Этнический словарь. – М.: Педагогика, 1983. – С. 425.
- 5 Алимханов Е. Ұлттық спорт пен ойындардың теориялық және педагогикалық негіздері: дисс... пед. ғыл. докторы. – Алматы, 2010. – 83 б.
- 6 Сулейменов О. Тюрки в доисторический. – Алматы: Атамұра, 2002. – С. 156-157.
- 7 Сәбит Мұқанов. Таңд. шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1977. – 11-т. – Б. 128-132.
- 8 Мұрат Керейбай. Қажы-Мұқан. – Астана: Фолиант, 2006. – Б. 88-89.
- 9 Мағауин М. Аласапыран. – Алматы: Жазушы, 1988. – Б. 98-101.
- 10 Әлімханов Е. Қазақтың балуандық өнері: оқу құралы. – Алматы: Атамұра, 2008. – 28 бб.
- 11 Аманжан Жакып. Хан батыр Қабанбай. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2001. – Б.45-47.
- 12 Әлімханов Е. Қазақтың балуандық өнері: оқу құралы. – Алматы: Атамұра, 2008. – 29 бб.

**¹Кудериев Ж.К., ¹Иргебаев М.И., ¹Зауренбеков Б.З., ¹Жунисбек Д.Н.,
²Карлыбаев М.С.**

¹Казахская академия спорта и туризма, г. Алматы, Казахстан

²Казахская академия искусств им. Жургенова, г. Алматы, Казахстан

СОЦИАЛЬНАЯ РОЛЬ КАЗАХСКИХ НАЦИОНАЛЬНЫХ ИГР В АСПЕКТЕ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Кудериев Жанибек Калбекович, Иргебаев Максат Ислямович, Зауренбеков Бауыржан Зауренбекович, Жунисбек Динара Нургалыккызы, Карлыбаев Мурат Сагынғалиевич

Социальная роль казахских национальных игр в аспекте физической культуры

Аннотация. В статье затрагиваются вечные вопросы теории физической культуры и спорта, отношения общества, представителей нации к казахским национальным играм как к части системы физической культуры и спорта, рассмотрены проблемы мониторинга молодежи своего физического здоровья. Основная цель – социальная роль казахских национальных игр в нашем обществе в срезе интереса и увлечения современной молодежью как представителей народа Казахстана. Авторы статьи, для определения степени подготовки системы физического воспитания с использованием казахских национальных игр, кроме анализа литературных источников, провели педагогический контроль и анкетный опрос. Для этой цели студенты ВУЗов города Алматы были распределены на группы по курсам обучения. В статье даны результаты анализа исследования по выявлению интереса современного общества, в лице современной студенческой молодежи к казахским национальным играм. Также даны результаты опросника по выявлению причин, создающих препятствия студентам для занятия физической культурой, в том числе казахскими национальными играми.

Ключевые слова: личность, генетика, наследственные качества, казахские национальные игры, культура личности, социальная жизнь, физическое воспитание, физическое здоровье.

Kuderiev Zhanibek, Irgebayev Maksat, Zaurenbekov Bauyrjan, Zhunisbek Dinara, Karlybayev Murat
There is a social role of the Kazakh national playing the aspect of physical culture

Abstract. The article touches on the eternal questions of the theory of physical culture and sports, the attitude of society, representatives of the nation, to the Kazakh national games, as a part of the system of physical culture and sports, discusses the problems of youth monitoring their physical health. The main goal considered in the article is the social role of the Kazakh national games in our society, in terms of the interest and enthusiasm of modern youth, as representatives of the people of Kazakhstan. The authors of the article, in order to determine the degree of preparation of the physical education system using Kazakh national games, in addition to analyzing literary sources, conducted pedagogical control and a questionnaire survey. For this purpose, students of higher educational institutions of the city of Almaty were divided into groups according to training courses. The article presents the results of the analysis of the study to identify the interest of modern society, in the face of modern student youth in the Kazakh national games. Also, the results of the questionnaire to identify the causes that create obstacles for students to engage in physical education, including Kazakh national games, are given.

Key words: personality, genetics, inherited qualities, Kazakh national games, culture of personality, social life, physical education, physical health.

Кудериев Жанибек Калбекович, Иргебаев Максат Ислямович, Зауренбеков Бауыржан Зауренбекович, Жунисбек Динара Нургалыккызы, Карлыбаев Мурат Сагынғалиевич

Дене тәрбиесі аспектісіндегі қазақтың ұлттық ойындарының әлеуметтік рөлі

Аңдатпа. Бұл мақалада дене шынықтыру және спорт теориясының мәңгі сұрақтары, қоғамның, ұлт өкілдерінің қазақтың ұлттық ойындарына деген көзқарасы, дене шынықтыру және спорт жүйесінің бір бөлігі ретінде жастардың физикалық денсаулығын бақылау мәселелері талқыланады. Мақалада қарастырылған негізгі мақсат – қазіргі қазақ жастарының Қазақстан халқының өкілдері ретінде қызығушылықтары мен ынта-жігері тұрғысындағы қазақ ұлттық ойындарының қоғамдағы әлеуметтік рөлі. Мақала авторлары қазақтың ұлттық ойындарын қолдану арқылы дене тәрбиесі жүйесінің дайындығын анықтау мақсатында әдеби дереккөздерін талдаумен қатар, педагогикалық бақылау мен сауалнама жүргізді. Осы мақсатта Алматы қаласының жоғары оқу орындарының студенттері оқу курстарына сәйкес топтарға бөлінді. Мақалада заманауи қоғамның, қазақ ұлттық ойындарына қазіргі студент жастардың қызығушылығын анықтау мақсатында жүргізілген зерттеу нәтижелері келтірілген. Сондай-ақ, оқушылардың дене шынықтырумен, оның ішінде қазақтың ұлттық ойындарымен айналысуға кедергі келтіретін себептерді анықтайтын сауалнаманың нәтижелері келтірілген.

Түйін сөздер: жеке тұлға, генетика, тұқым қуалау қасиеттері, қазақтың ұлттық ойындары, жеке тұлға мәдениеті, қоғамдық өмір, дене тәрбиесі, физикалық денсаулық.

Введение. Издавна известно утверждение о том, что человеком, а тем более личностью, не рождаются, а становятся в процессе индивидуального и общественного развития и самосовершенствования. Связь между поколениями осуществляется двумя путями: генетически и социально. Генетическим же путем передаются наследственные качества биологического характера, создающие непрерывную цепочку истории человеческого рода. А социальным путем передаются опыт человечества, сбор культурной и социальной информации, которые являются основой продолжения социального древа человеческого рода.

Социальный опыт можно разделить на три основные слагающие: информационную, мотивационную и операционную. Первая состоит из комплекса приобретенных человеком знаний. Вторая же включает страсть, увлечение, желания, стимулы, стремления, требования, цели, задачи, программы, суждения и мировоззрения человека. Третья, слагается из всех включающих в себя все возможные умения и навыки индивида – от приемов до методов и способов действия [1].

Основными путями передачи этих трех слагающих системы общественного опыта являются три процесса: образования – разработка путей получения комплекса знаний личности; обучения – процесс передачи установки человеку, подготовить к деятельности; воспитания – процесс подготовки программы действий человека, стимул к его готовности и деятельности.

По мнению ряда ученых, составляющими физической культуры являются некоторые параметры внутреннего мира и физического здоровья людей, сформированные и измененные под влиянием среды обитания, общественной культуры, которая при этом должна соответствовать некоторым идеалам, стандартам, нормам и традициям, достигнутым с помощью специально разработанных для этого требований, норм и средств, обобщенных знаний, чтобы смысловое содержание и значение соответствовали общественным нормам этики и эстетики, функциям [2].

Физическая культура охватывает и некоторые спектры социальной жизни человека (образование, социальные институты, бытовые потребности, общественные интересы, отношения), которые напрямую связаны с вышеуказанными основными спектрами, которые обеспечивают функцию его формирования и развития в необходимой мере, как и физическая культура личности.

В независимом, суверенном Казахстане проходит очередной этап национального возрождения. С каждым годом возрастает интерес населения к своей истории, к культуре нации, к истокам формирования этноса. Решение данной проблемы реализуется через народные подвижные игры – особый неисчерпаемый запас этнокультуры, содержащий элементы этики и эстетики, зрелища, которые отражают национальный, поэтический взгляд. Изучение и внесение традиционных казахских национальных игр в сферу образования играет важную социальную роль в реализации вопросов реабилитации и пропаганды их в противовес опасного развития индустрии развлечения и игры в современном обществе (телевизионные, компьютерные игры, смартфоны, киберспорт), когда несомненно возникает потребность ребенка в живом общении, в том числе – игровом [3, 4].

– материальный достаток и финансовые возможности как метод социальной адаптации и идентификации себя в социуме;

– жилье: его наличие или отсутствие, квартиранты, соседи, родители и весь быт, который ведет студент (или не ведет совсем, как это часто бывает у «местных»);

– уровень общения и его количество, а также качество вынесенного из этого общения чужого жизненного опыта, полезных советов и какой-либо информации;

– питание. О нем можно говорить бесконечно – здесь всего-то 3 проблемы: что есть, как есть и как это приготовлено? То есть в здоровый образ жизни студента изначально и принципиально входит отказ от быстрых перекусов, фаст-фуда и постоянного кофе на ночь;

– желание знать и придерживаться понятий о нормах жизни: о времени труда и отдыха, об организации собственного времени и, конечно, досуга.

Если говорить о проблеме более общими словами, то в неё можно вложить все, что делает студент и, ровно так же, все, что его окружает [1].

Собственно проблемы формирования здорового образа жизни студента формируют:

1. Наследственность и генная предрасположенность к вредным привычкам.

Очень пагубная основа, для которой сама мысль о здоровом образе достаточно чужда. Это такие категории студентов:

– выходцы из так называемых неблагополучных семей;

– сироты и дети из неполных семей, а также дети, воспитывающиеся вне дома;

– наркозависимые граждане и их дети.

2. Создание условий проживания. Сейчас с этим вопросом дела обстоят не очень хорошо. Снимать жилье крайне дорого, да и его еще найти надо, особенно иногородним парням. Общешитие, предоставляемое учебным заведением, чаще всего напоминает маленький Сталинград, восстановление которого ляжет на плечи всех проживающих (кроме каких-нибудь корейцев или вьетнамцев, которых нелегально впустила комендант).

3. Питание. Здесь каждый – кто во что горазд. Но есть определенные нормы, которые предписывают прием пищи несколько раз в день, в строго отведенные часы. Хотя стоит все же оговориться, что решение этой проблемы во многом зависит от качества исходных продуктов и студенческого умения готовить.

4. Проблема общения. Современные студенты в голос утверждают, что чувствуют одиночество, которое производит гнетущее впечатление. Естественно, что после школы, где все знакомые, в учебных заведениях студент нужен только сам себе и никому более.

Тренды ЗОЖ студенчества 2018-2020. Флекситарианство. Всё больше людей переходит именно на этот тип питания. Флекситарианство (от английского слова *flexible* – гибкий) – это рацион, в основе которого лежат растительные продукты (овощи, крупы, бобовые), но мясо периодически можно употреблять. Большинство диетологов сходятся в том, что мясо – продукт, который нельзя употреблять часто, но 2-3 раза в неделю здоровью не повредит.

Питьевые супы. На смену сокам и смузи могут прийти бутылки и стаканы с овощными супами. В супах больше клетчатки, они более сытные, и это отличный перекус для тех, кто привык спешить и есть на бегу. Чаще всего это супы-пюре, которые продаются в бумажных стаканках типа кофейных.

Специи. Куркума, имбирь и другие специи становятся заменой БАДов. Их польза давно доказана, но в активное употребление для здоровья и долголетия они входят только сейчас. Специи используются для профилактики многих болезней, для уменьшения воспалительных процессов в организме, для сохранения молодости и красоты. Уточните у гастроэнтеролога, нет ли у вас проблем с желудком, и активно включайте специи в свою жизнь. Кстати, многие из них продаются в виде капсул. Это для тех, кто не любит пряную пищу, а пользу от специй получить хочет.

Лепестки, грибы, вершки и корешки. В ближайшее время наше питание может обогатиться необычными ингредиентами. Цветочные лепестки всё чаще используются при приготовлении салатов, закусок и коктейлей. Китайские грибы типа рейши и других активно входят в рацион тех, кто следит за здоровьем и намеревается продлить свою жизнь. И ещё одна интересная тенденция – употреблять растение по максимуму. В Америке уже можно найти маринованные арбузные хвостики или тушёные кочерыжки брокколи.

Волшебные порошки. Речь не о запрещённых препаратах! Порошки суперфудов активно входят в нашу повседневную жизнь, обогащая блюда и напитки витаминами, минералами, антиоксидантами и прочими полезными микроэлементами. Порошок маки, спирулины, конопля-

ный протеин – всё это будет на кухне у каждой ЗОЖной домохозяйки.

Стоячая работа. Компании, производящие спортивные тренажёры, в последнее время активно занимаются разработкой и продажей велотренажёров, эллипсоидов и беговых дорожек, совмещённых с креплением для ноутбуков или даже небольшим рабочим столиком. Сидение становится «новым курением» и начинает считаться вредной привычкой. Поэтому в моду входят рабочие столы с регулируемой высотой, чтобы можно было работать стоя.

Прокачка мозга. Видели фильм «Области тьмы»? В нём герой Брэдли Купера получает доступ к новейшей разработке – таблеткам, резко улучшающим работу мозга. Фильм, конечно, фантастический, но в общем-то не очень далёк от реальности. В ближайшее время всё больше людей будут заниматься прокачкой своего мозга с помощью различных препаратов. Это L-теанин, фенилэтиламин, пироцетам, экстракт гинкго билоба, омега-3 жирные кислоты и даже жевательный кофе. С ноотропными средствами нужно быть аккуратным, ведь некоторые из них имеют побочные эффекты, а какие-то могут вызвать привыкание. Тем не менее в ближайшее время нас ждёт бум увеличения работоспособности мозга. Безопасными способами улучшения мозговой деятельности можно назвать медитацию, спорт и здоровое питание [3].

Лунные циклы. Этот тренд больше касается женщин. Сейчас становится модным подстраивать свою жизнь под луну. Тысячелетия назад люди заметили, что женский организм отзывается на лунные циклы. У большинства женщин, ведущих здоровый образ жизни, со временем менструальный цикл подстраивается под луну – месячные начинаются в полнолуние, а овуляция приходится на новолуние. В последнее время многие психологи, астрологи и даже диетологи снова обратили свой взор в небо и призывают женщин сделать то же самое. В период от полнолуния до новолуния – завершать дела, выкидывать лишнее, а после новолуния – начинать новые проекты, совершать большие покупки и т.д. Астрология сейчас на подъёме, главное – найти специалиста, которому доверяете [4].

Гаджеты для сна. ЗОЖ-эксперты регулярно напоминают, что гаджетам в спальне не место, особенно перед сном, но для некоторых технологий рядом с кроватью всё-таки найдётся место. Это касается гаджетов, улучшающих или контролирующих качество сна. Термостаты, регулирующие температуру в спальне, увлажнители

и очистители воздуха, звуковые приспособления со звуками природы и белым шумом, браслеты, считывающие биоритмы, фазы сна, пульс и даже дыхание. Особенно популярными становятся будильники, плавно выводящие из сна. Например, световые будильники, имитирующие рассвет [5].

Wabi-sabi. Это японское понятие, которое можно перевести примерно, как «красота в несовершенстве». Перфекционизм остаётся в прошлом. Погоня за идеальностью больше не в моде. Наслаждаться моментом, радоваться простым вещам, быть благодарным – новый тренд в осознанной и здоровой жизни. Уменьшение стресса – невероятно актуальная в последнее время тема. Всё меньше людей выбирают погоню за успехом ценой здоровья и счастья. Здоровое питание тоже не должно быть источником стресса. Если вы изредка позволяете себе расслабиться и побаловаться чем-то не очень полезным, не нужно позволять внутреннему критику взять верх [6].

Наряду с общеизвестными правилами и принципами формирования здорового образа жизни студента важную роль играет психология. Очень тонкий внутренний мир с привычным внутренним «я» – благодатная почва для работы психолога, который должен направить студента на принятие решения в пользу ведения здорового образа жизни. Так же, как на студента, как на отдельную личность, влияет и общественность (семья, друзья, одноклассники и одногруппники), так или иначе накладывают собственный отпечаток в модели поведения [7].

Для предупреждения преждевременного утомления студентов, желательно проводить почти на каждой лекции физкультминутки, включающие упражнения для утомлённых глаз, кистей рук, опорно-двигательного аппарата.

Цель проведения релаксации – снять напряжение, дать студентам небольшой отдых, вызвать положительные эмоции, хорошее настроение, что ведёт к улучшению усвоения материала [3].

В течение занятия рекомендовано использовать разнообразные виды деятельности, применять различные формы работы (например, при выполнении физических упражнений): групповую, парную, индивидуальную.

Педагогические компоненты в развитии интереса к здоровому образу жизни – это педагогические приёмы, методы, технологии, которые не наносят вреда здоровью учащихся и педагогов, обеспечивают им безопасные условия пребывания, обучения и работы в образовательном процессе здоровьесберегающие технологии вопло-

щаются на основе личностно-ориентированного подхода [4].

Центром образовательной системы должна быть личность студента, обеспечиваются комфортные условия её развития и реализации ее индивидуальных возможностей.

Для сохранения здоровьесбережения и развития интереса к здоровому образу жизни необходимо использовать и педагогику сотрудничества. Например, один из способов работы по данной технологии – групповая работа, когда группу делят на подгруппы с учетом физической подготовленности студентов и по состоянию здоровья.

Для каждой группы разрабатываются задания разной сложности, различающиеся по объему и приемам выполнения.

В составе группы обучающиеся сами выбирают задания, оценивая свою физическую подготовленность и состояние здоровья на данное время.

У преподавателя появляется возможность помочь студентам, которые справляются с предложенными упражнениями медленнее.

Одна из ключевых проблем любого обучения – проблема удержания внимания студента [8].

И здесь могут помочь информационно-коммуникативные технологии (ЦОР) и технические средства обучения (ТСО).

Использование ТСО дает возможность изменять темп лекции, форму подачи материала, осуществлять дифференцированный подход к студенту.

Одним из основополагающих принципов развития интереса к здоровому образу жизни является творческий характер данного образовательного процесса и обеспечение мотивации образовательной деятельности.

Возможность для реализации творческих задач достигается за счет использования на занятиях и во внеурочной работе активных методов и форм обучения, чтобы овладеть средствами и методами укрепления индивидуального здоровья, физического самосовершенствования, навыками физических упражнений, физической

выносливости, подготовленности организма к серьезным физическим нагрузкам в экстремальных ситуациях [9].

Таким образом, формирование осознанного отношения к собственному здоровью и обучение основам развивающим интерес к здоровому образу жизни студентов – это цель, которая оправдывает все затраченные на ее осуществление средства.

Спортивное движение в молодежных кругах означает продолжение поиска эффективных спортивных и оздоровительных технологий для вовлечения как можно большее число студентов в занятия физической культурой и развитию у них интереса к здоровому образу жизни [3].

Заключение. Педагогические компоненты в развитии интереса к здоровому образу жизни человека представляют собой определенные педагогические методы, способы и технологии. Они не наносят негативных последствий на здоровье не только педагогического состава образовательного учреждения, но и самих обучающихся. Такие компоненты способны обеспечить людям безопасные условия нахождения в ВУЗе, при этом, не прерывая образовательный процесс.

Главное, утверждают авторы данной статьи, центром образовательной системы должна быть личность и комфортные условия для развития и реализации ее индивидуальных возможностей.

Соблюдение правил ведения здорового образа жизни учащимися подтверждено определенными тенденциями и некими традициями образовательного учреждения. При этом забота о привлечении к спорту и правильному питанию, отказу от вредных привычек возлагается не только на родителей студентов, но и на руководящий состав ВУЗа.

Итак, здоровый образ жизни – это «палка о двух концах». С одной стороны, замечательно, что всё больше людей хотят вести осознанную жизнь, следить за своим здоровьем и культурой питания. Но, с другой стороны, вокруг темы ЗОЖ очень много лишнего – мода, маркетинг, неосознанные крайности.

Литература

- 1 Барабаш А.А. Формирование здорового образа жизни студентов // Научное сообщество студентов XXI столетия. Гуманитарные науки: сб. ст. по мат. LXIV междунар. студ. науч.-практ. конф. № 4(64). URL: [https://sibac.info/archive/guman/4\(64\).pdf](https://sibac.info/archive/guman/4(64).pdf)
- 2 Байер К. Здоровый образ жизни / К. Байер, Л. Шейнберг. – М.: Мир, 2016. – 368 с.
- 3 Рассел Дж. Здоровый образ жизни / Джесси Рассел. – М.: Книга по Требованию, 2015. – 732 с.

- 4 Инновационные подходы в решении проблем современного общества: монография / Под общ. ред. Г.Ю. Гуляева. – Пенза: МЦНС «Наука и Просвещение». 2018. – 160 с.
- 5 Дубровский В.И. Валеология. Здоровый образ жизни / В.И. Дубровский. – М.: Флинта, 2016. – 560 с.
- 6 Трча С. Искусство вести здоровый образ жизни / Станислав Трча. – М.: Медицина, 2016. – 232 с.
- 7 Талызов С. Н. Основы здорового образа жизни студента / С.Н. Талызов // Физическая культура. Спорт. Туризм. Двигательная рекреация. – 2016. – Т. 1, № 3. – С. 16-21.
- 8 Сипаков Д.А. Концепция формирования здорового образа жизни студента [Электронный ресурс] / Д.А. Сипаков, М.А. Старлычанова // Здоровьесберегающая деятельность образовательного учреждения: эффективные приемы и методы – Чебоксары: ЦНС «Интерактив плюс». Режим доступа: https://interactive-plus.ru/ru/article/471959/discussion_platform
- 9 Семенченко В.В., Пономарева Е.В., Луценко Е.Ю. Формирование здорового образа жизни студентов ДонГАУ посредством занятий физкультурой и спортом // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2016. – Т. 15. – С. 61–65. – URL: <http://e-koncept.ru/2016/86912.htm>.

ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА
СПОРТИВНОЙ ТРЕНИРОВКИ



FTAMP 77.29.61

Доскараев Б.М., Алтынбек Е.Т., Хайдаров Х.С., Игибаев Ж.О., Орынбай Н.Қ.

Қазақ спорт және туризм академиясының Спорт ғылыми-зерттеу институты, Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН ФУТБОЛЫН ДАМУТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН БАСҚАРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Доскараев Бауыржан Мелдебекұлы, Алтынбек Ербол Тұрғанбекұлы, Хайдаров Хайрболат Саламатұлы, Игибаев Жасұлан Орманұлы, Орынбай Нұржан Қайратұлы

Қазақстан футболын дамытуды ұйымдастыру мен басқарудың кейбір мәселелері

Аңдатпа. Өткен ғасырдың бас кезінен бастап футбол ойыны дүниежүзіндегі бүкіл халықтардың сүйіп қарайтын спорт ойындарының ішіндегі ең біріншісіне айналған деп айтсақ қателеспейміз. ХХІ ғасырдың басынан бастап футбол ойынының құрылымы, ережелері мен заңдылықтары, сондай-ақ ұйымдастыру мен басқару үдерістері әлемдегі барлық дерлік мамандарды, оқымыстылар мен ізденушілерді барынша қызықтырып келеді. Осыған байланысты, осы мақаладағы зерттеуде жалпы футболдағы балалар, жасөспірімдер, жастар, әуесқойлар мен кәсіпқойларды қоса алғанда, бүгінгі Қазақстандағы футбол спортын дамытуды дұрыс ұйымдастыру мен тиімді басқару, оның жүйелері мен іске асырылуы тиіс бірқатар өзекті шаралар жөнінде мәселелер қарастырылып отыр. Өйткені, қандай да спорт түрі болмасын, оны дамытудың өзіне тән ұйымдастыру тетіктері мен жеке ерекшеліктері, заңдылықтары мен тиімді басқару жүйелері болатыны анық.

Түйін сөздер: футбол, Қазақстан, УЕФА, дамыту, ұйымдастыру, басқару, ереже.

Doskarayev Baurjan Meldebekovich, Altynbek Yerbol Turganbekuly, Haidarov Hairbolat Salamatovich, Igibayev Jasulan Ormanovich, Orynbai Nurjan Kairatovich

Some issues of organization and management of football development in Kazakhstan

Abstract. It is safe to say that since the beginning of the last century, football has become the first sports game beloved by all the peoples of the world. Since the beginning of the 21st century, the structure, rules and laws of football, as well as organizational and managerial processes, have attracted almost all specialists, scientists and applicants around the world. In this regard, the study in this article addresses issues related to the proper organization and effective management of football development in Kazakhstan, including all its areas, such as children's, teenage, youth, amateur and professional football, its system and a number of relevant measures, which necessary to implement. Obviously, any sport has its own specific organizational mechanisms, individual characteristics and patterns, as well as effective management systems.

Key words: football, Kazakhstan, UEFA, development, organization, management, rules.

Доскараев Бауржан Мелдебекович, Алтынбек Ербол Тұрғанбекұлы, Хайдаров Хайрболат Саламатович, Игибаев Жасулан Орманович, Орынбай Нұржан Қайратович

Некоторые вопросы организации и управления развитием футбола в Казахстане

Аннотация. Можно с уверенностью сказать, что с начала прошлого века футбол стал первой спортивной игрой, любимой всеми народами мира. С начала ХХІ века структура, правила и законы футбола, а также организационные и управленческие процессы привлекают практически всех специалистов, ученых и соискателей во всем мире. В связи с этим, исследование в этой статье затрагивает вопросы, связанные с правильной организацией и эффективным управлением развитием футбола в Казахстане, включая все его направления, такие как детский, подростковый, молодежный, любительский и профессиональный футбол, его системой и ряд соответствующих мер, которые необходимо осуществить. Очевидно, что любой вид спорта имеет свои специфические организационные механизмы, индивидуальные особенности и закономерности, а также эффективные системы управления.

Ключевые слова: футбол, Казахстан, УЕФА, развитие, организация, управление, правила.

Кіріспе. XIX ғасырдың өзінде қазақтың дара ойшылы, ақын Абай Құнанбаев өзінің қара сөздерінің бірінде былай деп атап өткен: «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі кінәлі. Мен егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім. Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды? Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсін? Қары қалың, қатты қыстың артынан көгі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?» [1]. Осы даналық сөздің негізінде болар бүгінгі біздің Қазақстан қай салада болмасын өзінің барлық бастамаларында жақсылыққа ниет етіп, тек алға қарай талпынуды өзіне мақсат етіп қойған.

XX ғасыр басындағы еуропалық философия классиктерінің бірі, неміс ғалымы Макс Шелердің спорт жөнінде керемет айтылған бір сөзі бар, оның қазақша нұсқасы былай болып келеді: «Әлемде бірде-бір феномен дәл спорт тәрізді әлеуметтік-философиялық әрі психологиялық тұрғыда терең зерттеуді қажет етпейді. Өйткені спорт өзінің түсінік кеңістігі бойынша әлдеқайда ауқымды, алайда, оның мәнісін зерттеуге толыққанды көңіл бөлінбей келеді». Ал осы ғасырдың 80-жылдарында белгілі америкалық спорт әлеуметтанушысы Аллен Гуттман өзінің «Салт-дәстүрден рекордқа қарай. Заманауи спорт табиғаты» атты кітабында, М. Шелердің сөздерін негізге ала отырып, былай деп тұжырымдайды: «Елу жылдық оқиғалардан кейіннің өзінде спорт әлі де болса ең көп пікірталасқа толы және аз түсінік берілген әлеуметтік құбылыс болып қалып отыр».

Міне, осындай жоғарыда айтылғандар негізінде, біз бүкіл әлемдік қауымдастық болып осы жұмбақтың шешімін ізденуіміз қажет. Өйткені спорт пен оның ішінде әсіресе футбол ойыны XX және XXI ғасырлардың феномендері бола тұра түсініксіз құбылыс ретінде қалып отыр, бірақ олар біздің заманымыз бен қоғам үшін айырықша пайдалы болып табылады. Мәселен, қазіргі Олимпиада ойындары беделді әрі кең ауқымды халықаралық іс-шара болып табылатындықтан, оны өткізуші елдің экономикасын дамытуға өзінің үлкен септігін тигізеді. Мұндай ірі іс-шаралар макроэкономикалық процестерді белсендендіру арқылы экономика мен әлеуметтік саланың дамуына үлкен серпін

береді. Дәл осылайша футболдан өткізілетін Әлем чемпионатының тигізер ықпалы мен маңызы жоғары. Сондықтан бүгінгідей жаһандану заманында көптеген дәстүрлі институттарды жойып немесе артта қалдырып келе жатқан, спорт, оның ішінде футбол жоғары маңыздылыққа ие болып келеді. Әрине, мұндай жағдайда футбол мен оны дамытудағы ұйымдастыру мен басқару мәселелері өздігінен алдыңғы орынға шығары сөзсіз.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан футболын дамыту мен ұйымдастыру, сондай-ақ ондағы негізгі мәселелер, оның жүйелерінің мазмұны мен ерекшеліктерін анықтау, осы бағытта спорттық менеджмент қызметінің қажеттілігін негіздеу болып табылады.

Зерттеу әдістері: ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, ғылыми және көпшілік материалдарды, сала мамандарының жұмыстары мен пікірлерін жинақтап қорыту.

Зерттеудің негізгі нәтижелерін талқылау. Жалпы спорттың әлеуметтік институт ретінде пайда болуы, құрылымы мен қызметі – философия, мәдениеттану, социология, басқару теориясы сияқты ғылыми білімдер салалары мамандарының үлкен қызығушылығын тудырып келеді.

2017 жылы қаңтарда Қазақстан халқына арнаған жолдауында Тұңғыш Елбасы Н.Ә. Назарбаев ғаламдық бәсекелестіктегі Қазақстанның үшінші модернизациясымен байланысты мәселеде, алға қойылған мақсаттарға жетудің бағыттары мен жолдарын анықтап берді. Ондағы «мақсат» деген сөздің астарында болашақ және алға ұмтылу деген түсініктер жатқанын байқауға болады [2].

Спорт бағытындағы көптеген қанатты сөздерге мән берсек, мынадай сөздерді кездестіруге болады: «Өнерде шекара жоқ, ал спорт бұл бейбітшіліктің елшісі іспеттес!». Шынында алып қарайтын болсақ, футбол мемлекеттік шекара дегенді білмейді, ол саясат пен идеологиядан да жоғары, өйткені ол халықтарды біріктіреді. Әрине, мұның барлығы ең алдымен өз өмірін футболға арнаған және футболды дамытумен тікелей айналысқан тұлғалардың арқасы деп білеміз.

Егер айтатын болсақ, футбол бұл XXI ғасырдағы өз алдына құрылған бір дін тәрізді, олай дейтін себебіміз, көптеген әлем елдерінде діни шіркеулерге дәл футбол стадионына барғандай ешкім бара бермейді екен. Осының өзі түсінген адамға терең ой салғандай. Футбол – өзінің жанкүйерлерінің бірегейлігі мен саны,

қызықтыру мен қолдау ауқымы, үлкен эмоциялар тудыра алу қабілеттілігі бойынша өз алдына бір индустрия болып саналады.

Спорттың қазіргі заман тарихының беттерін ашар болсақ, 2002 жылы Стокгольмде Қазақстан Еуропалық футбол ассоциациясы одағы тарапынан ресми түрде УЕФА құрамына қабылданды. Өкінішке орай, бүгінгі күнге дейін Қазақстан футболының бағытында неше түрлі пікірлер мен сындар айтылып келеді. Өйткені, УЕФА құрамына өткенге дейін қазақстандық футболда көптеген өзекті мәселелер қордаланып қалған болатын. Соның нәтижесінде Қазақстан Футбол федерациясының еншісіне сол проблемалық мәселелерді шешу жазылды. Еуропалық елдердің көпшілігімен салыстырғанда елдегі футболдық инфрақұрылым әлдеқайда артта қалған еді. Онан кейінгі 10-15 жылдың көлемінде мемлекеттің жәрдемімен және УЕФА-ның қолдауымен қазақстандық футбол ортасының басқарушылары біршама оңды жұмыстарды жүзеге асырды. Алайда, сан қырлы футбол мен оған шын берілген жанкүйерлер үшін бұл аса үлкен жетістік деп есептелмеді. Жалпы, кез келген тоқырау мен алдағы өткен жетістіктерге ғана арқа сүйеген күйі бір орында қала беру, әсіресе, спорт саласында басты нәтижелердің төмендеуіне және бәсекелестерден қалып қоюға алып келеді. Кез келген үдерістердің дамуында басқару жүйесі және ағымдағы мәселелер мен міндеттерді перспективті түрде орынды қоя білу үлкен маңызға ие.

Басқару құрылымы немесе басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы – жалпы басқару жүйесіндегі, оның ішінде арнайы алар болсақ кәсіпқой футболды басқарудағы ең маңызды түсінік болып табылады. Мұндай түсінік басқарудың мақсаты, функциясы және процесімен, персоналды басқару және олардың арасында өкілеттіліктерді бөлумен тығыз байланысты. Дәл осындай құрылым шеңберінде, ақпарат ағымының қоғалыстары мен басқарушылық шешімдерді қабылдау сияқты бүкіл басқарушылық процесс жүре бастайды. Ал оған өз кезегінде барлық деңгейдегі және салалардағы басқарушылар қатысты болып табылады [3].

Осы айтылғандарға байланысты спорт саласына оралар болсақ, онда сала ретінде футболдағы басқару негіздері келесідей болады:

- қазақстандық және шетелдік футболда қалыптасып отырған жалпы ахуалға жүйелі түрде талдау жасау;

- футбол дамуының бүгінгі таңдағы заманауи тенденциялары мен бағыттарын ұғыну;

- мақсаттар мен міндеттерді анықтау, даму стратегияларын қалыптастыру, түрлі кезеңдерге арналған бағдарламалар мен жоспарлар жасау;

- жоспарлар мен жобаларды жүзеге асыруда қаржыландыру көздерін айқындау;

- даму үдерісін бақылау және жоспарларды қайта қарап отыру.

Соңғы 20 жыл көлемінде Қазақстандағы футболдың дамуын жүйелі түрде талдау, төмендегідей сараптамалық қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

Қазақстан аумағындағы футболды басқарудың ұйымдастырушылық құрылымдарының әлемдік футболдың Ұлттық Ассоциацияларға қойған заманауи талаптарына жауап бере алмауы;

Қазақстанда футбол шараларын ұйымдастырудағы өзгерістердің (жаңа лигалардың пайда болуы т.б.) бірінші кезекте саяси сипатқа ие болуы және бүкіл жүйенің қызмет тиімділігін жоғарылата алмауы;

- қазіргі уақытта материалдық-техникалық базаның дамуы (алаңдар, манеждер, стадиондар, спорт базаларын және т.б. салу) жүйеліліктен тыс өз бетінше күрт өсу тенденцияларына ие болуы;

- келесі факторлардың әсерінен халықтың түрлі топтары арасында футболға деген қызығушылықтың төмендеуі, яғни:

- футболмен айналысу үшін тиісті деңгейдегі қалыпты жағдайдың болмауы;

- футболдағы сыбайлас жемқорлық көріністерінің орын алуы;

- түрлі халықаралық жарыстарда көп жылдар бойы тұрақты жоғарғы көрсеткіштердің болмауы (жасөспірімдерден бастап ересектер футболына дейін);

Қазақстан Футбол федерациясының бағдарламалық мақсатты алғышарттары көп жағдайда мемлекеттік саясатпен өзара байланыспай, басым түрде декларативті сипатта болуы.

Мұнымен қоса, айта кетерлік нәрсе, еліміздегі футболды дамыту үшін 2015 жылғы УЕФА Конвенциясы, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі №228-V «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңының, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы №68 «Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы» аясында, Қазақстан футбол федерациясының 2016 жылғы 18 тамыздағы №13 кезекті Конференциясының хаттамасымен 2016-2026 жылдарға арналған Қазақстан футболын дамыту стратегиясы бекітілді. Бұл страте-

гияда футболды дамытудың нақты мақсаттары мен міндеттері белгіленіп, оның басымдықтары, жетілдіру жолдары мен механизмдері айқындалған. Ол негізгі үш міндетке негізделген, яғни: 1) Балалар мен жасөспірімдер және көпшілік футболының озық дамуы, жарыстар жүйесін жетілдіру; 2) Инфрақұрылымды дамытуда сапалы түрде ілгерілей отырып, алаңдар мен манеждер салу; 3) Білікті бапкерлерді дайындау.

Өкінішке орай, әзірге жоспарланған жұмыстардың көпшілігі нақты істе жүзеге аса қойған жоқ. Алайда, сәтті түрде іске асып келе жатқан кейбір жобалар да жоқ емес. Мәселен, 35 мың баланы қамтыған «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер лигасы, 400 мың баланы жинап отырған «Кока-Кола – Былғары Доп» турнирі, сондай-ақ, «Футбол Жолы» пилоттық жобасын айтуға болады [4].

Егер біз ұлттық құрамамыздың әлемдік деңгейде жетістікке жетуін қалайтын болсақ, онда жасөспірімдер құрамасына көңіл бөліп, балалар мен жасөспірімдер футболын дамытуға аса назар аударуымыз қажет. Өйткені бала үшін футбол жарыстарының сауықтырушылық үлкен маңызы бар. Жастардың футболмен айналысуға деген қызығушылықтарын, оның елдегі бұқаралығын арттырумен жоғарылатуға болады. Олар жаттығу жұмыстарының жүйелілігіне дем беріп, оның сапасы мен бағыттылығын тексерудің құралы қызметін атқарады, футболшылардың физикалық, техника-тактикалық, моральдық-еріктік деңгейін аңғаруға және спорттық шеберлігінің өсуіне мүмкіндік береді [5].

Әлемдік футбол статистикасы көрсетіп отырғандай, ұлттық құрамаларға келетін ойыншылардың 80%-ын құрама команданың сатыларынан өткен жасөспірімдер құрайды екен. Әрине, мұнда ұлттық жасөспірімдер командалары бапкерлерінің жалақы жағдайы да мәселеден тыс қалмауы керек. Басқарушылықтың ондай стимулынсыз, ойыншылар сабақтастығы мәселесіне қол жеткізу қиынға соғады.

Сонымен қатар, осы танымал ойын түрінде балаларды неғұрлым көбірек қамту туралы айтар болсақ, онда қайтадан инфрақұрылым мәселесіне ораламыз. Мәселен, бізде футбол алаңдары жеткілікті болса, онда түрлі жастағы балалар мектеп сабақтарынан қалмастан жаттығып, жаттығудан соң, уақтылы үйлеріне қайтып, үй жұмыстарымен айналысар еді. Бірақ бұл әзірге шешілуі күрделі үлкен мәселелер қатарында тұр. Ал басқа жағынан алып қарасақ, футбол алаңдарын көбейту арқылы, балалар қылмысы мен қараусыздығы, наркомания мен

алкоголизм сияқты мемлекеттік қатысты проблемаларды шешуге оңтайлы жағдай туар еді [6].

Осы орайда, егер футбол дамуының болашағы өскелең ұрпақтың жетілуімен байланысты дейтін болсақ, онда сол болашақ футболшыларымызды дайындайтын еліміздегі футбол бапкерлерін даярлау орталығының және оның болашақ әрі тиімді қызметін жетілдіру бағыттары туралы айта кеткенді жөн деп санаймыз. Ол үшін бірінші кезекте басқару мен жетілдірудің келесідей бірқатар перспективті бағыттарын ұсынуға болады, яғни бірінші кезекте: бұқаралық және балалар мен жасөспірімдер футболы бапкерлерінің қызығушылығын арттыру және орталыққа тыңдаушылар контингентін тарту, ал мұны іске асыру үшін балалар мен жасөспірімдер футболы бапкерлерінің біліктілік санаттарын унификациялау (біріктіру) және Қазақстан Футбол федерациясының бастамасымен балалар мен жасөспірімдердің жүйелі футбол мектебін жасау қажет.

Жалпы футболдың жағдайы туралы сөз қозғағанда, біздің көзқарасымыз бойынша бүгінгі таңда, Қазақстандағы футболдың әрі қарайғы дамуына алға қарай секіріс беретін, келесідей жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға аса көңіл бөлген жөн:

- футбол саласындағы мамандарға үздіксіз білім беру жүйесін жетілдіру;
- заманауи футбол талаптарына сәйкес келетін, футболшыларды даярлау және дамыту орталықтарын құру;
- балалар мен жасөспірімдер және жастар футболында жарыстар құрылымын жетілдіру;
- футболдағы қызметтерді ақпараттық қамтамасыз ету;
- оқу-жаттығу процестері мен жарыстық қызметтерді ғылыми-әдістемелік тұрғыда алып жүру;
- мемлекеттік және бюджеттен тыс көздер арқылы жоспарлы әрі жеткілікті түрде қаржылық қамтамасыз ету.

Жалпы алғанда, бүгінгі таңда Қазақстан Футбол федерациясы тарапынан футбол ісіндегі тиісті жұмыстарды атқаруға арналған түрлі ережелер баршылық. Алайда, бұл құжаттардан басқа, одан жоғары болып табылатын республика органының нормативтік-құқықтық актісін қабылдаған дұрыс деп есептейміз. Біздің пайымдауымызша, ел футболын әрі қарай дамытудағы негізгі құжат Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаулысы болмақ, ал футбол әлемдегі нөмірі бірінші спорт ретінде оған толық сай келеді деп санаймыз. Ал жарқын

болашақта өз кезегінде Қазақстан футболының заңнамалық базасын толыққанды әзірлеуге жол ашылары сөзсіз.

Қорытынды. Мақала бойынша жүргізілген зерттеуде, басқарушылық пен ұйымдастырушылық мәселесі қазіргі заманның әмбебап сипаттамасы ретінде қарастырылды. Өйткені, басқарушылық феномені кез келген ұйымдағы тәрізді футболға да тиесілі әрі аса маңызды. Ал бір жағынан басқарушылық – бұл футбол мен оның бөлімшелерінің, бапкерлердің, спортшылардың және басқару аппаратының қызметтерінде көрініс табатын құбылыс болып саналады.

Біздің еліміздің алдында, жоғарыда аталған мәселелер мен міндеттерді дұрыс әрі тиімді түрде іске асыру барысында, жоғарғы деңгейде өнер

көрсететін жоғары білікті болашақ Қазақстан футбол құрамасының резервін жетілдіру жөнінде үлкен әрі нақты міндеттер тұр. Ол үшін ең басты мәселенің бірі, бүгінгідей спорттық ғылым мен технологияның дамыған заманында ғылымдық зерттеу, оның ішінде медико-биологиялық және генетикалық сараптамаларға баса назар аударған жөн. Оның ішінде, әсіресе спорттық іріктеуге арналған генетикалық әдістерді қолдану арқылы ел футболшыларының физиологиялық көрсеткіштері мен генералық байланыстарын зерттеудің маңызы аса жоғары. Осы айтылғандармен қоса, мақала мазмұнында айтылып кеткендей, қазіргі таңда орын алып отырған ұйымдастыру-басқарушылық бағытындағы мәселелерді шешпейінше, ауқымды түрде тиімді нәтижелерге қол жеткізу мүмкін емес.

Әдебиеттер

- 1 www.kk.wikibooks.org // А. Құнанбаев. Қара сөздер жинағы. 37-ші сөз.
- 2 www.akorda.kz // «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар.
- 3 Управление профессиональными футбольными клубами: автореферата по ВАК РФ 22.00.08, кандидат социологических наук Митрофанов, Максим Львович, 2011 г., Санкт-Петербург.
- 4 www.kff.kz // Қазақстан Футбол федерациясының ресми сайты.
- 5 Доскараев Б.М., Байсеитов Б.Д., Алтынбек Е.Т. Бұқаралық және балалар мен жасөспірімдер футболының жалпы әдістемесі: әдістемелік оқу құралы. – Алматы: ҚазСТА, 2018. – 330 б.
- 6 Жмарев Н.В. Управленческая и организаторская деятельность тренера. – Киев: «Здоров'я», 1980. – 144 с.

¹Дошыбеков А.Б., ¹Мұхтар А.М., ²Естемесов У.О., ¹Келдіқұлов Ғ.Қ.¹Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан²М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Қазақстан**СПОРТШЫЛАРДЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН
ДАМУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**Дошыбеков Айдын Бағдатович, Мұхтар Аружан Мұхтарқызы,
Естемесов Улан Омиржанович, Келдіқұлов Ғани Құдайбергенұлы**Спортшылардың көшбасшылық әлеуетін дамытудың кейбір мәселелері**

Аңдатпа. Мақалада спорт саласындағы өзекті мәселелердің бірі қарастырылады, яғни еліміздің дамуына, әлемнің дамыған мемлекеттерінің бірі болуына атсалыса алатын, өз сөзінде тұра алатын, жауапты, қойылған жүктемелер мен міндеттерді орындай алатын нағыз көшбасшылар елімізге қажеттігі анықталған. Спортшы жарыс алаңына шыққанда, оның ішкі жан-дүниесі, рухтық күші мен табандылығы, ойлау қабілеті қатар жүруі керек. Ал оның бәрін бірге алып жүріп, батыл да жауапты болу үшін оның көшбасшылық әлеуеті жоғары болуы тиіс. Авторлар алдымен адам бойындағы көшбасшылық қасиетті қалай дамыту керек, қандай қабілеттерге ие болу керек мәселелерін көтерген ғалымдардың зерттеуіне, жұмыстарына талдау жасап, «көшбасшы», «көшбасшылық», «көшбасшылық әлеует» деген терминдердің не екені, спортта неге қажет екеніне түйін жасаған.

Түйін сөздер: көшбасшы, көшбасшылық, көшбасшылық әлеует, спортшы, әлеует.Doshybekov Aydin Bagdatovich, Mukhtar Aruzhan Mukhtarkyzy,
Estemesov Ulan Amirzhanovich, Keldikulov Gani Kudalibergenuly**Some problems of developing the leadership potential of athletes**

Abstract. The article deals with one of the most pressing problems in the field of sports, that is, the country's need for real leaders who can participate in the development of the country, become one of the developed countries of the world, defend in their speech, responsibly, perform the tasks and tasks set. When an athlete goes to the start, it must accompany his inner soul, spiritual strength and perseverance, thinking. And his leadership potential must be high to be bold and responsible for all of this together. The authors first analyzed the research, the work of scientists who touched on the issues of how to develop leadership qualities in a person, what abilities should have, what are the terms "leader", "leadership", "leadership potential", why it is necessary in sports.

Key words: leader, leadership, leadership qualities, sport, potential.Айдын Бағдатович Дошыбеков, Мұхтар Аружан Мұхтарқызы, Естемесов Улан Омиржанович,
Кельдиқұлов Ғани Құдайбергенұлы**Некоторые проблемы развития лидерского потенциала спортсменов**

Аннотация. В статье рассматривается одна из актуальных проблем в области спорта, то есть определена потребность страны в настоящих лидерах, способных участвовать в развитии страны, стать одним из развитых государств мира, отстаивать в своем выступлении, ответственно выполнять поставленные нагрузки и задачи. Когда спортсмен выходит на старт, он должен сопровождать его внутреннюю душу, духовную силу и настойчивость, мышление. А его лидерский потенциал должен быть высоким, чтобы быть смелым и ответственным за все это вместе. Авторы сначала проанализировали исследования, работы ученых, затронувших вопросы, как развивать лидерские качества в человеке, какими способностями должны обладать, что означают термины «лидер», «лидерство», «лидерский потенциал», почему это необходимо в спорте.

Ключевые слова: лидер, лидерство, лидерский потенциал, спортсмен, потенциал.

Кіріспе. Қазіргі заманда адамның тұла бойындағы көшбасшылық қасиет өте маңызды. Біздің еліміздің жастарының көпшілігінің білімі мен ақыл-ойы мықты, дарынды болғанымен, оны көрсете, жеткізе алатындай көшбасшылық әлеуеті төмен, сол себепті бұл қабілетті жастарға сіңдіру маңызды рөл атқарады.

Ғылыми әдебиеттер талдауы көрсеткендей, спорт – ол өмір салты, күштерін ұйымдасқан түрде салыстырудан тұратын, мүмкіндіктері мен дене қабілеттерінің жеңіске жету үшін таласу жолы. Спортпен шұғылданатын студент үшін спорт – оның кәсіби таңдаған жолы, болашақ жұмысы. Спортшыға әрқашан көп

жүктемелер қойылады, қиын, жауапты сәтте оның нақты, дұрыс шешім қабылдауы керек, ал ол үшін де көшбасшылық қасиеттің болуы өте маңызды. Сол себепті спортпен айналысатын студенттердің бойына осы қасиетті дамыта отырып, еліміздің абыройын басқа елдерде асқақтата алатын, көшбасшы бола алатын жастарды дайындауымыз қажет.

Зерттеу мақсаты: ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде көшбасшылық әлеуетті зерттеген ғалымдардың еңбектерін талдап, түйін жасау.

Зерттеу міндеттері:

– көшбасшылық әлеуетке байланысты ғылыми әдебиеттерді талдау;

– «көшбасшылық әлеует» ұғымына контент-талдау жасау.

Зерттеу әдістері: ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау, контент-талдау, салыстыру, жинақтау.

Зерттеу нәтижелері:

Ғылыми-педагогикалық зерттеулердегі талдау көрсеткендей, аталмыш мәселемен шетел және отандық ғалымдар айналысқан, атап айтсақ, А.А. Дроздов өз еңбегінде: «көшбасшы – барлық топтың әрекеттерін біріктіретін, бағыттайтын және қолдайтын адам», ал «көшбасшылық – бұл адамдарға әсер ету өнері, олардың ізгі ерік-жігері бойынша қандай да бір мақсаттарға қол жеткізуге ұмтылуы үшін шабыттану» деп айтады [1].

Ғалым Л.В. Мардахаев: «көшбасшылық – сипаттамалық ерекшелік ретінде адамға өзін әлеуметтік-мәдени ортада барынша толық көрсетуге мүмкіндік беретін, басқаларды өзімен жетелейтін, мақсатқа жету барысында оларды белгілі бір өзін-өзі анықтауға итермелейтін қасиет» деген анықтама береді [2].

Отандас ғалым Қ.Қ. Шалғынбаева: «көшбасшы – саяси партияның немесе қоғамдық ұйымның және т.б. басшысы, жетекшісі; қандай

да бір топта ықпал етуімен үлкен беделге ие тұлға; көш бастаушы; бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыруда және топтағы қолайлы өзара қарым-қатынасты құруда негізгі рөл атқаратын ең беделді тұлға – деп тұжырымдауға болады» ал «көшбасшылық – топтың, қауымның, қоғамның бір мүшесі (көшбасшы) нақты жалпы мақсатқа қол жеткізу үшін басқаларды ұйымдастырып, бағыттайтын әлеуметтік-психологиялық үдеріс» деп анықтама береді [3].

Ғалымдардың еңбектеріндегі ортақ ойларын айта кетсек: көшбасшының міндетті түрде алдыға қойған мақсаты, соған ұмтылатын күш жігері болуы тиіс, мақсатсыз көшбасшы болу мүмкін емес екендігін білу.

Спортшылардың лидерлігін зерттеген Н.Х. Каримов және Н.В. Данилова «спорт көшбасшысы айқын қасиеттері бар, мақсатқа айқын бағдарлары бар қоғам субъектісі ретінде, сондай-ақ команда тұрғысынан беделі мен пайдалы болуға ұмтылысының иесі ретінде түсініледі» деп анықтама береді және зерттеулері бойынша көшбасшының төрт түрі бар екенін айтады. Олар: «Өзі үшін көшбасшы», яғни ол өзінің спорттық жетістіктерін арттыра алатын, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыратын спортшыны қамтиды. «Командалық көшбасшы», өзінің жеке қасиеттері арқасында тобын алдыға шығара алатын спортшыны айтады. «Корпоративтік көшбасшы», бұл тек спорттық іс-шараларда ғана емес, оқу немесе жұмыс алдында да кейбір беделге ие спортшыны айтады. «Суперлидер» бұл спортшыға басқа тұлғалардың еліктегісі келетіні, айрықша қасиеттерге ие, өз қызметінің шебері екенін айтады [4].

Сонымен қатар, ғылыми-педагогикалық зерттеулерді талдау үстінде «Көшбасшылық», «Әлеует», «Көшбасшылық әлеует» ұғымдарының контент-талдауын жасауға тырыстық. Төменде (1-кесте) көрсетілген.

1-кесте – «Көшбасшылық», «Әлеует», «Лидерлік әлеует» ұғымдарының контент-талдауы (1907-2016)

№	Авторлар	Анықтамасы	Әдебиеттер
1	Попов М.	Көшбасшылық – бұл тиімді басқарудың маңызды компоненті. Ол адамдардың тұрақты бірлестігі бар жерлердің барлығында да кездеседі. «Лидер» сөзі «көсем», «жүргізуші» деген мағынаны береді. Бұл түсінік қарапайым болып көрінгенмен, қазіргі ғылымда түрлі ғалымдардың бастапқы позициясы ортақ болса, лидерлік біркелкі емес сипатталады.	Орыс тіліне қолданысқа енген шет тілдері сөздерінің толық сөздігі. – Попов М., 1907 ж., 158 б.
2	Ушаков Д.Н.	Әлеует – қандай да бір дүниені жүргізуге, сүйемелдеуге, сақтауға қажетті құралдар, шарттар жиынтығы.	Түсіндірме сөздік «Орыс тілі» бас., Мәскеу, 1935-1940 жж. 362-б.

3	Ершов А.А.	Көшбасшы ретінде қажетті ұйымдастырушылық қабілеттерге ие, тұлғааралық құрылымда орталық орынды алатын және өзінің үлгісі, топты ұйымдастыруы мен басқаруы арқылы топтық мақсаттарды ең озық түрде қол жеткізуге көмектесетін топ мүшесі түсініледі.	«Автоматты бағдарламалау, заманауи ахуал, негізгі проблемалар», Баку, 1958 ж.
4	Румянцева В.И.	Спорттық командалар мен ұжымдардағы көшбасшылық – қызметтің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты өзін-өзі басқарудың әлеуметтік қажетті, табиғи процесі және спортшылар арасындағы өзара іс-қимыл мен өзара қарым-қатынасты үйлестіру реті.	Зерттеу жұмыстары «Көшбасшы психологиясы», 1996 ж.
5	Вишнякова С.М.	Көшбасшылық – бұл әлеуметтік ұйымдастыру және басқару үрдісі.	Кәсіби білім беру. Сөздік. Кілтті сөздер, түсініктер, терминдер, өзекті лексика. – М., 1999 ж. 119 б.
6	Жеребов Н.С.	Көшбасшы – өзінің нормалары мен құндылық бағдарларының топтікімен сәйкес келген жағдайда топ мүшелерінің өзара әрекеттестігі нәтижесінде алға шығатын немесе оларды өзінің айналасында ұйымдастыратын және топтық мақсаттарға қол жеткізуде осы топты ұйымдастыру мен басқаруға көмектесетін топ мүшесі.	«Дағдарыстық психологияның өзекті проблемалары» мақаласы. Мәскеу, 1999 ж. – 22-27 б.
7	Әлімбаев А.А.	Әлеует – қандай да бір қызметтің шекті мүмкіндіктері немесе қабілеттерін, қандай да бір әрекеттерді жүзеге асыруды білдіретін термин.	Өңір дамуының экономикалық проблемалары: оқу құралы. Қарағанды, 2005 ж. 213-б.
8	Ушаков Д.Н.	Көшбасшылық – белгілі қоғамдастықтың мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған ортақ істе біріктіру мақсатында басқаларға ықпал ете алатын тұлға.	Түсіндірме сөздік. Д.Н. Ушакова. Мәскеу, 2007 ж. – 319-320 б.
9	Гуничева Е.Л.	Көшбасшылық әлеует – бұл интеллектуалды, мотивациялық, эмоциялық-ерік және кәсіби-құндылық қасиеттерінің жиынтығы болып табылатын жүйелі, интегративті жеке білім.	«Формирование лидерского потенциала студенческого актива» // «Известия РГПУ им. А.И. Герцена» журналы, 2007 ж. – 295 б.
10	Павлова А.Н.	Көшбасшы ұжымдық құндылықтардың негізгі иелері және кәсіпорын стратегиясын әзірлеушілер.	«Ұйымдық мәдениет және көшбасшылық» // Астрахан мемлекеттік техникалық университеті хабаршысы, № 4 / 2008
11	Федорова О.В., Фоминова Е.Н.	Көшбасшылық – адамдарға әсер ету өнері, олардың ізгі ниетпен қандай да бір мақсаттарға қол жеткізуге ұмтылу.	«Спорттағы көшбасшылық» мақаласы / Мемлекеттік доценттік басқару университеті. 24.09.2009 ж.
12	Федорова О.В., Фоминова Е.Н.	Көшбасшы – бұл барлық топтың іс-әрекетін қабылдайтын және ұстайтын әрекеттерін біріктіретін адам.	«Спорттағы көшбасшылық» мақаласы / Мемлекеттік доценттік басқару университеті. 24.09.2009 ж.
13	Хобочева Н.П.	Спорт ұжымында көшбасшы теңдердің арасында бірінші болып табылады, олардың әрқайсысы қажет болса, көшбасшы рөлінде өнер көрсете алады. Бұл жағдай спорттық шағын топтар үшін өте маңызды.	Психология, әлеуметтану және әлеуметтік қатынастар институты: курстық жұмыс «Спортшылардың көшбасшылық ойлауын қалыптастыру» 29 б., 2010 ж.
14	Сафина Д.М.	Көшбасшы – жоғары жеке мәртебеге ие, оны қоршайтын адамдар, қандай да бір бірлестік, ұйым мүшелерінің пікірі мен мінез-құлықтарына қатты әсер ететін және функциялар кешенін орындайтын ұйым мүшесі.	«Лидерліктің ұйымдық мәдениетті қалыптастыруға әсері» // «Экономика мен құқықтың өзекті проблемалары» № 4 (20) / 2011
15	Топышев О.П.	Көшбасшы – барлық топтың әрекеттерін біріктіретін, бағыттайтын және қолдайтын адам. Бұл адам адамдар тобының шешім қабылдау құқығын мойындайды. Ол үшін маңызды жағдайлар, яғни ең беделді – орталық рөлді ойнайтын жеке тұлға бірлескен қызметті ұйымдастыру және осы топтағы өзара қарым-қатынастарды реттеуші.	Топышев О.П. Теория и практика лидерства в спортивной команде / О.П. Топышев // Сборник трудов ученых РГАФК. – М., 2000. – С.144-149.

16	Чамкаева Е.П.	Көшбасшылық негізінен адамдарды ортақ күшке жұмылдыра алу, бұл міндетті ұзақ уақыт бойы ортақ мақсатқа бағыныңқы тапсырмаларды шеше отырып жүзеге асыру.	«Жас қауымдастықтарды тәрбиелеу потенциалы» түсінігінің неміс педагогикасындағы мәні / Е. П. Чамкаева // Жас ғалым. 2012. №5. Б. 536-539.
17	Вьюнова Д.С.	Көшбасшылық әлеует – бұл алынған коммуникативті-ұйымдастырушылық тәжірибені қалыптан тыс педагогикалық жағдаяттарды шешуде кәсібилікпен орындай алу мүмкіндігі және оқушы ұжымының барлық мүшелерінің үздіксіз тұлғалық өсуін қамтамасыз етуші режим.	Педагогикалық жоғары оқу орнының тәрбие кеңістігінде студенттердің көшбасшылық әлеуетін дамыту... дисс.п. ғ. к., М., 2012 ж.
18	Оразалиев З.Ж.	Көшбасшылық – бұл мақсатқа жету жолында жұмыс істеуге түрткі болу үшін жеке адамдар мен адамдар тобына әсер ете алу қабілеті.	«Жаңа мектеп» 2014 ж. Ю.16-19. «Оқушылармен рухани-адамгершілік жұмыс проблемалары мен әдістері».
19	Ермухамедова Ж.Е.	Көшбасшылық белгілі бір әлеуметтік жағдайда адамдар арасында болатын байланыс және бір жағдайда лидер болған адам басқа жағдайларда да лидер болуы міндетті емес.	«Бастауыш мектеп», 2014 ж., б. 154., «Қазақ тілі, Қазақстан тарихы және орыс әдебиетінің біріктірілген сабағы».
20	Талалаев Т.А.	Әлеует – бұл адамның тұтынған азық-түлігіндегі энергияны пайдалану үлесі.	Эксперименттік білім бойынша халықаралық журнал. – 2015 ж., 729-729-б. «Өріс теориясының элементтері. Векторлық талдау»
21	Ушатов М.Ә.	Көшбасшылық әлеует – бұл жүйелі, интегративті тұлғалық құрылым, ол интеллектуалды, мотивациялық, эмоционалды-еріктік, кәсіби-құндылықты сапалар жиынтығын көрсетеді.	«Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамыту». Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы: 2016 ж., 69 б.

Жоғарыдағы кестені талдайтын болсақ, көшбасшылық әлеует бір адамның ғана алып жүруі емес, бір топ, ұжым болып алдыға ұмтылу, өзімен бірге алып кете алатын тұлғаның тұлға аралық қабілеті. Алдыға қойған мақсатқа берік, ұжыммен жұмыс істей алатын, психологиялық тұрғыдан тұрақты, батыл болуы қажет. Спортта – спортшылардың алдыға қойған мақсатын, бойындағы дарындылықты жеткізуге көмек пен рух бере алатын, өзінің бойындағы күшті басқа спортшыларға жеткізе алатын адамды спорттағы көшбасшы деуге болады.

Қорытынды. Көшбасшылық мәселесін зерттеген жұмыстар көп болғанымен спорттағы

көшбасшылық әлі де өзекті мәселелердің бірі болып тұрғаны рас.

Көшбасшы – бұл әрдайым басшы емес, бірақ ұжым үшін пікірі құнды және соңғы сөз кімдерге қалады, әрине – көшбасшыға. Бұл мәселеге заманауи көзқарас көшбасшылық жағдайдың жаңа көрінісін жасау және спортшыларды жоғары нәтижелерге қол жеткізуге, шабыттандыру қабілетіне назар аударады. Осы тақырыпты ала отырып, спортпен шұғылданатын студенттердің көшбасшылық әлеуетін жетілдіру Қазақстан Республикасының жастарына өте қажет, маңызды мәнін құрайтынын айтуға болады.

Әдебиеттер

- 1 <https://multiurok.ru/files/liderskie-kachestva-proiavliaemye-na-urokakh-fizic.html>
- 2 Мардахаев Л.В. Лидер и лидерство в социально-педагогической деятельности // «Көшбасшылық және менеджмент: теория мен практиканың қазіргі даму тенденциялары»: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары / Абай атындағы ҚазҰПУ. – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2019. – Б. 10-11.
- 3 Шалғынбаева Қ.Қ. ««Лидерлік» және «Көшбасшылық» ұғымдарының мәні мен мазмұндық ерекшеліктері», Көшбасшылық және менеджмент: теория мен практиканың қазіргі даму тенденциялары»: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2019. – Б. 22-23.
